

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№6 (153),
ТАМЫЗ
2017 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Аяған, Х.Әбжанов, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ш.Таңмамбетова – озат ұс-
таздар.

Басуға 31.07.2017 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1650.
Индекс – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Дала-принтте" басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Досалы Салқынбек. Жаңа бағдарлама, жаңа міндет.....	2
Ханкелді Әбжанов. Қазақстан тарихы: жеңіс пен жеңіліс.....	3
Бақдәулет Берлібаев. Мемлекеттік бағдарламаға да үлес қосар едік...	4
Болат Қабдөшев. Тарихи сабақтастықты ұмытпайық!.....	4
А.Өтеғалиева. Жаңа пәннің қиындықтары бар.....	5
Г.Сармурзина, К.Чатыбекова. Формирования исторического сознания...	5
Өткір Әлиев. Отан тарихын оқытудың кейбір мәселелері.....	7
Арман Әубәкір. Сібір халықтары мен қазақтар.....	9
Маржан Қасымбекова. Қазақ хандығы және Шығыс Дешті Қыпшақ....	11
Өтеген Исенов. Есет тарханға қатысты мұрағат деректері.....	14
Е.Берлібаев, С.Сарқұлова. Алаштықтардың ұлттық идеясы.....	16
Керімсал Жубатканов. Алашское движение и современность.....	17
Ж.Ахметова, А.Байгөбекова. Мұстафа Шоқай.....	20
Ғ.Рсалдина, Н.Дүйсенова, Г.Сүлейменова.	
Санжар Асфендияров.....	22
Л.Рсымбетова, Д.Орынбаева, М.Ниязбекова.	
Түркістандағы саяси күрес.....	26
З.Шахаман, Р.Бекмағамбетов. Әлеуметтік-демографиялық үдерістер...	28
Динара Хамидуллина. Жер аударылған ингуш-шешендер.....	30
Әлия Болатхан. Айтылған тарих әдісін қолдану.....	32
Құралай Құрманбаева. Эпистолярлық құжаттар тарихи дерек ретінде...	34
Әлия Айтбекова. Оңтүстік өңірдегі аграрлық реформа.....	35

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Ж.Қалиев, А.Сымағұлова. Таңдау курстарын ұйымдастыру.....	38
Гүлмира Көктеубаева. Диалогтік оқыту тәсілі.....	40
Р.Дәрменова, Б.Нұрболатова. Студенттерді	
педагогикалық мамандыққа даярлау.....	43
Мерген Әбдіров. Қазақ даласынан шыққан даналар.....	45
Жәмила Көлбаева. Андрон мәдениеті.....	46
Зина Атабаева. Ақ орда.....	47
Светлана Әбенова. Керей мен Жәнібек.....	48
Жеңісбай Серікбаев. Тәуекел хан.....	49
Ақзила Дәкешева. Қазақтардың Е.Пугачев бастаған	
шаруалар соғысына қатысуы.....	50
Ақылқан Хамитқожаева. Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс....	51
Ләззат Жұмабекова. Қазақтың дәстүрлі заттық мәдениеті.....	52
Айымкүл Қасымбекова. Елдің жаңа орталығы – Астана.....	53
Гүлмира Бекенова. Саяси мәдениет.....	55
Салтанат Тұрғанбекова. Көпұлтты қоғамдағы қарым-қатынас.....	56

«Қазақстан тарихы» пәнін орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі «Қазақ тарихы» журналында тұрақты түрде көтеріліп келе жатқаны баршаға мәлім. Журналдың 2000 (№1.2000.59-бет), 2003 (№6.2003. 1-2-бб.), 2006 (№6, 2006. 81-бет), 2016 (№5, 2006. 2-8-бб.) жылғы сандарын парақтасаңыз, бұған Сіздің де көзіңіз жетеді. Осынау киелі пәннің тағдырына қауіп төнгенде журналдың ақылдастар алқасы мен белсенді авторларының қатысуымен бірнеше рет Ашық хаттар жарияланып, орта мектептер мен жоғары оқу орындарында бұл пәннің оқытылудан алынуы мен міндетті түрде тапсыратын пәндер қатарынан шығарылуына қарсылық көрсетіліп, мәселенің оң шешілуіне ықпал жасалып еді.

Осыншама зор еңбекті науқанишылдыққа, реформаға әуес шенеуніктер бір-ақ сәтте тәрк етіп, былтырғы оқу жылынан бастап «Қазақстан тарихы» пәнін тарихшылар даярламайтын жоғары оқу орындарынан түгел алып тастады. Орнына «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәні енгізіліп, төл тарих ХХ ғасырдың бас кезінен бастап оқытылатын болып, жаңа типтік бағдарлама бекітілді. Соған сәйкес, 2016-2017 оқу жылында барлық жоғары оқу орындарында осы пәнге бағдарлама жасалып, сабақ беруге кірісті.

Аталған мәселеге байланысты Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы пәнін жоғары оқу орындарында оқытудың тәжірибелері мен болашағы» атты дөңгелек үстел өткен еді. Оған Алматыдағы бірнеше ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындарынан тарихшы ғалымдар шақырылып, істің ақ-қарасын айыруға ұмтылған болатын. Төменде осы дөңгелек үстелге қатысқан бір топ тарихшының пікірі оқырман назарына ұсынылып отыр.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА, ЖАҢА МІНДЕТ

Досалы САЛҚЫНБЕК,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың
қауымдастырылған профессоры,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері

Құрметті әріптестер! Қазақ халқының ғұлама ғалымы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің шаңырағына уақыт бөліп келгендеріңізге «Қоғамдық пәндер» кафедрасының атынан алғыс айтамын. Өткен жылдың сәуір айында «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде (Егемен Қазақстан 2016 ж. 13 сәуір) Республикамызға белгілі ғалымдардың «Ұлт қорғаны – ұлттық тарих» деп аталатын өзекжарды мақаласы жарық көрген еді. Осыдан соң бірсыпыра тарихшы ғалымдар дабыл көтеріп, Елбасына дейін хат жазды, республикалық баспасөз бетінде Отан тарихын жоғары оқу орындарында оқытудың жайына байланысты өз ой-пікірлерімен бөлісті. Осы ой-пікірлер жинақталып, республикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақ тарихы» журналында (Қазақ тарихы. 2016.№5) да жарияланды. Барға қанағат

қылып, «аузымызды қу шөппен сүрте бермейік» десек, нәтиже жаман емес. Пән бойынша болатын мемлекеттік емтихан қалдырылды, 3 кредит сақталып қалды. Қазақстан тарихы қай кезеңнен оқытылу керек деген мәселеде Білім және ғылым министрілігі келісімге келді...

Қай жаңа бастаманың болсын, алып-қосары болатыны секілді **біздің ендігі міндетіміз** – жоғары оқу орындарында оқытылып жатқан жаңа пәннің алдында тұрған міндеттерді саралау, оқыту сапасын арттырудың жолдарын қарастыру, оқу бағдарламаларын біріздендіру, жастарымыздың осы пәнді оқуға деген ынтасын арттыру, кемшілік тұстарын түзеу, озық жетістіктер мен бастамалар жөнінде ой бөлісіп, жастарымыздың бойында отаншылдық, патриоттық сезімді қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын «Қазіргі заманғы Қазақстан

тарихы» пәнінің абыройын арттыру жолында жұмыла еңбек ету.

Өткен жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі бекіткен «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәнінің типтік оқу бағдарламасын жасаған (тарихшы ғалымдар Т.О.Омарбеков, М.Қ.Қойгелдиев, Г.Б.Хабижанова, А.М.Уразаева) ғалымдарға үлкен алғыс айтамыз. Үлкен жұмыс атқарылған. Типтік бағдарламаның хронологиялық мерзімі ХХ ғасырдың басынан басталғанымен де онда халқымыздың орта ғасырлардағы тарихы тыс қалмаған. Авторлар қазіргі кезеңдегі тарихи оқиғаларды қарастыра отырып, оны ерте, орта ғасырлардағы халқымыздың айтулы тарихи оқиғаларымен байланыстырады. Яғни тарихи сабақтастық жалғасын тауып жатыр. **Тек бір өкініштісі – бөлінген кредиттің (3 кредит қана) аздық ететіні.**

Отан тарихына қатысты оқулықтардағы қателіктер жөнінде және оны оқытудың жолдары жөнінде пікірталастың үздіксіз жүріп келе жатқаны белгілі. Және ол орынды да. Азат ойлы, тәуелсіз елдің отан қорғаушыларын, жаңа буын ұрпағын қалыптастыруда, тәрбиелеуде отан тарихының алатын орны орасан. Ол атылатын отты қарудан да күшті. Сондықтан да, оған деген ықылас, ынта-жігер, көз тігу әрдайым болады. Осыған орай, Елбасының Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында айтылған: «Ең алдымен,

білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деген пікірін басшылыққа алып, отан тарихын оқытуда да жаңа бастамаларды қолдап, қолымыздан келгенше оның одан әрі күшеюіне атсалысқанымыз абзал.

Ойымызды қорыта келе, мынандай ұсыныстарды айта кетпекпіз: 1. «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәні өзінің хронологиялық мерзімі бойынша ХХ ғасырдың бас кезінен басталса да, кіріспе сабақ ретінде пәнді Қазақ мемлекеттілігінен бастаған жөн.

2. Қазіргі таңда елімізде қолданылып отырған Білім заңына сәйкес 2019 жылдан бастап, барлық орта мектептерде (қай тілде оқытылатынына қарамастан) Қазақ тарихы пәні мемлекеттік тілде оқытылатын болды. Осының жалғасы ретінде және мемлекеттік тілді, мемлекетшілдікті дамыту үшін жоғары оқу орындарында да «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәні тек мемлекеттік тілде оқытылуы тиіс.

3. Қазақстан Республикасының азаматтығын алғысы келген азаматтарға қазақ тілімен қатар, Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы пәні бойынша емтихан тапсыру міндеттелсе, олардың азаматтық жауапкершілігі артады және ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұдан да кеңейіп, мәртебесі бұдан да биіктер еді.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ: ЖЕҢІС ПЕН ЖЕҢІЛІС

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі

Тәуелсіздікке қол жеткеннен Қазақстан тарихының маңдайы ашылғаны рас. Басқасын айтпағанда, жоғары оқу орындарында негізгі пәндердің біріне айналғаны неге тұрады?! Бұл – тарихи жеңіс.

Ал жеңілісі неде? Ол – 2016/17 оқу жылынан ЖОО студенттері ұлттық тарихымызды келте нұсқада оқитын болғаны. Бұрынғыдай Адам ата мен Хауа анадан емес, 1905 жылғы оқиғалардан бергі тарих қана оқытылып жатыр.

Отан тарихы қысқартылып оқытылатыны 2016 жылдың сәуірінде белгілі болғаннан қазақ зиялылары мен тарихшылары екі топқа жіктелді. Бір топты негізінен ректорлар мен проректорлар құрады. Олар келте тарихты жақтады. Сондағы уәждері: мектепте оқыған материалдар ЖОО-да қайталануда. Осы топтың көшбасшысы мәселені тарихшылар өздері шешсін деп көлгірсіді. Шынтуайтында мемлекеттік биліктің қолдауынсыз тарихшылар түк те шеше алмайтыны бесенеден белгілі ақиқат еді.

Қысқасы, билікке жақын топтың дегені жүзеге асты. Ұлттық тарих жеңілді. Тарихты қысқартусыз оқытуды жақтаған екінші топтың жеңісі – Қазақстан тарихына берілген 3 кредиттің және мемлекеттік емтиханның сақталып қалғаны.

Енді «келте» тарихқа көшудің қисынсыз зардаптарына тоқталайық:

1. Студенттер қайталағаннан дұрыс білім алмайды десе, мектепте оқылған басқа пәндерді де – химия, физика, математика, география, тіл, әдебиет – келте нұсқада оқытуға көшейік. Жалғыз Қазақстан тарихы ғана неге жапа шегуге тиіс?

2. Жаратылыстану мен техникалық пәндерді оқыған оқушылардың 99%-ы мектеп қабырғасынан шыққан соң ол пәндерден алыстап кетеді. Есесіне 99%-ы тарихқа қызығушылығын өмір бойы сақтап өтеді. Мәселен, 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланғанда, Қазақстан азаматтарын айтпағанда әлем қазақтары елең ете қалған жоқ па? Осыны көре тұра, біле тұра, Қазақстан тарихын ХХ ғасырдан бастап қана оқыту берісі – адасқандық, әрісі – қиянат.

3. «Қайталау – оқу анасы» деген қанатты сөз бар. Жыл сайын студенттерден Қазақстан тарихы бойынша мемлекеттік емтихан қабылдаймыз. Қайталағанның өзінде бұл пәннен көбінің білім деңгейі төмен екеніне көзіміз жетуде. Әрі-беріден кейін, білгеннің еш зияны жоқ қой. Ұлтының тарихын неғұрлым терең білген жан нағыз патриот бола түсетініне күмән-күдігім жоқ.

Түйіп айтсақ, Қазақстанда Қазақстан тарихы пәні қыспақта қалуда. Таң қаламын әрі жаным шошиды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАҒА ДА ҮЛЕС ҚОСАР ЕДІК

Бакдәулет БЕРЛІБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, Алматы Энергетика
және байланыс университетінің профессоры

Қазақстан тарихы барлық қоғамдық ғылымдар аясында басымдық дәрежеге ие болып, орталық буынға айналу керектігі біздің бәрімізге белгілі. Ұлтымызды жоғалтпай, оны сақтап қалудың да бірден-бір жолы – осы.

Биылғы оқу жылының басынан республиканың барлық ЖОО-ның тарих емес мамандықтары үшін «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» оқытыла бастады. Біз енді бұл үрдістен қашып құтыла алмаймыз. **Дегенмен, біз, үмітімізді үзбей, қалыптасқан жағдайға сәйкес,** сапалық жаңа деңгейдегі **Қазақстан тарихын оқытудың жаңа тұжырымдамасын** жасауға кірісуіміз керек. Естеріңізде болса, 1995 жылы «*Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы*» жарияланған еді. Одан бері 22 жыл өтті. Ел ішінде тарихи сана қалыптасты. Ал қазір оны оқыту мәселесі шын мәнінде жүйеленбей отыр...

Егер біз «Қазақстан – 2050» стратегиясына үңілсек, «*Бүкіл Қазақстандық бірегейлік*» мәселесі болашақта біз жасамақ болып отырған әдістемелік-тұжырымдаманың өзегіне айналуы керек. Өйткені Қазақстанға көшіп келген басқа да этностарды ескергенде, Қазақстан тарихы бәрімізге ортақ болып тұр. Дегенмен, бұл арада, этнос тарихын ескереміз деп, қазақ ұлттық тарихи білімінің қалыптасу ерекшелігі мен оның алғышарттарын назардан тыс қалдырмағанымыз жөн. Атап айтқанда, тарихи білім мазмұнын екшеудегі ұлттық деректердің

рөлі, дәстүрлі тарихи білімнің қалыптасу кезеңдері; жауынгерлік дәстүрдің тарихи білімдік мәні XIX-XX ғ. басындағы қазақ ағартушы-ойшылдары мен алаш зиялыларының ұлттық тарихи білімді дамытуға қосқан үлестері сияқты мәселелер ұмыт болмау керек. Бұған қосымша 1920-1924 жж. Қазақстан тарихының ғылым ретінде қалыптасуы мен оның пән ретінде қалыптасуы бүгінгі қолданыстағы «Қазақстанның қазіргі заман тарихының» жаңа бағдарламасынан түсіп қалған.

Бұл мәселелерді жаңа бағдарламаға өз кезеңдеріне сәйкес ендіргеніміз дұрыс. Бұның өзі заманның талабы болып тұр. «*Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік*» деп аталатын Елбасының биылғы Жолдауында: «*оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет*», – делінсе, осы Жолдаудың төртінші және бесінші басымдықтарында ұлтжандылыққа көңіл бөлумен терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу, әсіресе, интернет пен әлеуметтік желіде оның жолын кесу, діни қарым-қатынас саласындағы радикалды көзқарасқа байланысты кез келген әрекетке «мүлде төзбеушілікті» қалыптастыру керектігі айтылған. Олай болса, «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнін оқытуға байланысты типтік бағдарламаға осы мәселелерді де кіргізе алсақ, біз, тарихшылар мемлекеттік бағдарламаға да өз үлесімізді қосар едік.

ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚТЫ ҰМЫТПАЙЫҚ!

Болат ҚАБДӨШЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы Энергетика
және байланыс университеті Қазақстан тарихы
және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі

Биыл біздің Энергетика және байланыс университетінде мынадай оң өзгерістер болды. Біріншіден, университет басшылығы акционерлік кеңестің мақұлдауымен өз алдына жеке Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасын құру жөнінде (26.02.2017) шешім қабылдады. Екіншіден, басшылықтың ұсынысы бойынша **қазақ тарихы қазақша оқытылуы тиіс** деген тапсырма алдық. Биылғы 2016-2017 оқу жылында біздің университетіміздің студенттерін қазақша оқытуға көшеміз деп отырмыз. **Басты мақсат** – патриоттық сезімді нығайту, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы еліміздің білікті, маман азаматтарын тәрбиелеп өсіру.

Тәуелсіз қазақ мемлекетін қалпына келтіру жолындағы күреске толы кезеңнің бірі – **XX ғасырдың оқиғалары**. Бұл аралықта халқымыздың қоғамдық-саяси сана-сезімінің оянуымен қатар, саяси буырқануы мен әлеуметтік жарылыстары айрықша көрініс берді. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы, 1917 жылдың дүркін-дүркін сілкіністері Ресей империясының езгісінде болған қазақ елінің азаттық пен бостандықты баянды ету мақсатындағы ұзақ-сонар күресіне ұласты.

Осынау кезеңдегі күрестің көш басында халқының көзі, құлағы, үні болған **ұлтымыздың таңдаулы серкелері тұрды**. Егер төңкеріске дейін-ақ езілген жүр-

тының санасына сәуле түсіріп, азаттыққа бағыттаған А.Байтұрсынов, Ө.Бөкейхановтар деп білсек, ізінше ұлт-азаттық күресте, төңкерістердің аласапыранында қалыптасып, шынығып, айқындалып, саяси сахнаға көтерілген Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов секілді қылшылдаған қайратты жастарды көреміз. Алдыңғылар негізінен ағартушылық, саяси-идеялық қызметімен еліміздің бостандық даму жолын саралап берсе, кейінгілер кеңес билігі шеңберінде ұлттық мұраттарды жүзеге асыруда бар күш-жігерін, өмірін сарп етті. Олар жоғалтып алған мемлекеттік белгілерімізді қалпына келтіріп, Қазақстанның тәуелсіздігінің негізін қалауға орасан зор күш жұмсады. Бөлшектелген қазақ жерін біріктірді, шекарасын анықтады, шаруасын түзеп, мәдени дамуына жағдай жасады.

Қысқасы, қазақ мемлекетінің пайда болуы, даму кезеңдерін ажыратып алғанымыз жөн. Қазақ атауымен **тұңғыш** мемлекет құрған – **XV ғасырдағы Қазақ хандығы** болды. **Екінші белес** – Ресей Федерациясының құрамындағы **Қазақ АССР-і**. Ал **үшінші шешуші кезең** – **Тәуелсіз Қазақстан Республикасы**. Осы күрделі үш кезең бір-біріне жүзеге асуы мүмкін емес еді. Біздің студенттеріміздің санасында Тәуелсіз Қазақстанға дейін мемлекет болған емес деген ұғым болмауы керек.

ЖАҢА ПӘННІҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ БАР

А.ӨТЕҒАЛИЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы
Энергетика және байланыс университетінің доценти

2016 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстанның Жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәнінің орнына жаңа «Қазіргі заманның Қазақстан тарихы» атты пән енгізілгені мәлім.

Бұл жаңа өзгеріс өзіне тән қиындықтар туғызуда: студенттерге қысқа мерзім ішінде жаңа пәннің оқу-әдістемелік кешендерін дайындау, жұмыстың оқу бағдарламасын құру, силлабус, дәріс сабақтарға материалдар жинау, семинар сабақтары мен СӨЖ-ге, СОӨЖ-ге, өзекті тақырыптар таңдау және оны өткізу формалары, т.б.

«Қазіргі заманның Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда алғашқы ағымдық жылдың қорытындысы бойынша, мынаған назар аударған жөн:

1. Бұл пән мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес бізге 1-курстың тек 1-семестріне негізделген,

бұл пәнді 1-інші және 2-семестрге оқытқан дұрыс болар еді. Сонда мұғалімдерге түсетін ауыртпалықтар азайып, тепе-теңдік орнар еді.

2. Тарихты жүйелілік, құрылымдық жаңа өзгерістер құру, оқыту барысында «Қазақ хандығының» кезеңін 1-блокта басымырақ қарастыру керек.

Қазақ хандығының құрылу және қалыптасу кезеңдерінің қысқаша талдау ретінде қарастырып, бүгінгі Қазақстан Республикасы мемлекетінің негіздері ретінде көрсетіп, жастарды рухтандыру, мемлекет құрылуына маңызды рөл атқарғанын білдіру.

3. Тарих ғылымында әр кезеңде ерекше саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жетістіктер, белгілі тұлғалар болады. «Қазіргі заманның Қазақстан тарихы» жоспардың 3,4-блоктарға сондай көптеген белгілі жетістіктер енгізілсе, біздің тарихымыздың мазмұнын байытар еді.

ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

и о проблемах преподавания Современной истории Казахстана

Галия САРМУРЗИНА,
доктор исторических наук, профессор
Камила ЧАТЫБЕКОВА,
доктор исторических наук, профессор

«Наша необъятная страна изобилует общими ценностями, способными объединить всех нас. Это древняя богатая история, связавшая воедино наши судьбы. Это необозримое культурное наследие и высокоразвитый государственный язык.»

Назарбаев Н.А. Времена и думы.
- Алматы, 2013, с.100.

В независимом Казахстане возрос интерес к изучению национальной истории. Особое значение приобретает знание, понимание Отечественной истории. История дает возможность осмыслить и оценить преобразования, которые происходят в настоящее время. Изучение истории Казахстана занимает важное место в формировании исторического сознания молодежи.

Внимательное обращение к Отечественной истории было начато в современный период после выхода книги Н.А. Назарбаева «В потоке истории». По инициативе Президента страны проведён целый ряд научных исследований по программе «Культурное наследие». В данном случае государство обратило серьёзное внимание на духовную культуру народа, носителями и хранителями которой будет молодежь, будущее поколение страны. Впервые в рамках общей национальной программы были проведены масштабные мероприятия по всем направлениям исследования, изучения и пропаганды историко-культурного наследия Казахстана.

Вопросы осмысления истории, изучения нашего исторического прошлого были подняты на расширенном заседании историков республики,

проходившем в Астане в июне 2013 года. По предложению Президента Республики Казахстан была разработана специальная программа исторических исследований «Народ в потоке истории». В результате реализации исследовательских работ в научный оборот введены тысячи новых документов и источников из разных стран.

В настоящее время появились разные точки зрения о целесообразности изучения курса «Современная история Казахстана», о том, сколько нужно часов на изучение данного предмета. Но каждый, кто разберётся глубже в этой проблеме, понимает, что освоение истории Казахстана периода Независимости немыслимо без опоры на такой фундамент, как сформированное историческое мышление и критическое отношение к историческим источникам.

По своему опыту мы видим, что средняя школа, в силу возрастных особенностей учащихся и разбросанностью курса Истории Казахстана по всему периоду средней школы, еще не может сформировать ни исторического мышления, ни критического отношения к источникам, тем более, что это становится всё труднее и труднее из-за увеличивающегося потока информации, который буквально обрушивается на головы наших детей.

События современности, даже сама терминология, требуют постоянного обращения к прошлому нашей Республики, причем здесь требуются знания, соответствующие высшей школе, комплекс и группировка тем и понятий, современные гипотезы и дискуссии, что признана давать высшая школа.

Вот только несколько примеров взаимосвязи современной терминологии, которой пользуется курс «Современной истории Казахстана»: «древняя казахская земля», «мәңгілік ел» – Гипотезы и легенды о древних ариях, раскопки «страны-городов», гипотеза об Аркаиме городе-обсерватории; «национальная идентификация»-: тема «Образование казахской народности»; «эпоха колониализма» - в вузе: «Присоединение Казахстана к России и превращение его в колонию Российской империи»; «свободолюбивый казахский народ» -в вузе: тема «Национально-освободительная борьба казахов за независимость в XVIII-XIX, начале XX вв.»; «тоталитарное государство»- тема: «Экономическая и общественно-политическая жизнь в 20-30 годах» и «Казахстан в начале 50-х годов»; «период застоя»- тема: «Казахстан в 70-е 80-е годы»; «распад СССР» - «Казахстан в период перестройки, распада СССР и образования СНГ»; «реформирование промышленности и сельского хозяйства» - «Народное хозяйство Казахстана после Октябрьской революции, в СССР, транзитный период»; «многонациональный народ Казахстана» - история Казахстана, начиная с колонизации, переселения уйгуров и дунган, сталинских депортаций, освоения целины и многое другое.

Вузовский курс «Современной истории Казахстана» дает целостную картину и преемственность прошлого и настоящего. Он преподается (в отличие от средней школы) на новом возрастном и качественном уровне высококвалифицированным преподавателями-учеными-педагогами, согласно задачам и целям высшей школы. И это не часть школьной дисциплины «История Казахстана», а самостоятельный предмет. Он изучает историю развития освободительного духа, борьбу идей, историю становления молодого государства – Республики Казахстан.

При этом в наши задачи входит формирование исторического мышления, гражданственности и патриотизма молодого специалиста, умение самостоятельно разбираться в потоке информации критического отношения к источникам, любви к много-

национальному Казахстану.

Не отрицая необходимости более подробного изучения Истории Казахстана в школах, **мы считаем необходимым выделить на изучение «Современной истории Казахстана» (90 часов + ГЭК) на I курсе высшей школы и начать изучение, либо с периода образования Казахского ханства, либо с периода присоединения Казахстана к России.**

И все же, даже если начинать с начала XX века – появление национальной интеллигенции, зарождение освободительных идей, переход от чисто просветительской деятельности к политической борьбе, то количество часов необходимо все равно увеличивать с 60 до 90 (+ГЭК), т.к. только одна тема о Февральской революции (1917 г.) и острой политической борьбе, требует разъяснения студентам о партиях не только в Казахском крае, но и общероссийских: кадетов, эсеров, трудовиков, меньшевиков и большевиков. Существует еще множество тем, требующих более широкого освещения.

«Современная история Казахстана» является продолжением Отечественной истории. Эта дисциплина соответствует таким задачам высшей школы, как гуманизация и гуманитаризация высшего образования. Она составит общекультурный компонент в содержании образования и технологии обучения, будучи ориентированной на совершенствование личности, что помимо приобретения специальных знаний, является главной задачей высшей школы.

Что же касается гуманитаризации образования, то данная историческая дисциплина (в силу разнообразия вопросов, которые она поднимает, тем и затрагиваемых проблем), может служить хорошей основой для связывания самых различных отраслей научных знаний, касающихся технических и естественных дисциплин.

А тот, кто серьезно относится к изучению различных аспектов истории в вузе, комплексу исторических знаний, тот сохраняет интерес и любовь к истории, культуре, политике, экономике своей Родины на всю жизнь.



Дөңгелек үстел материалдарын жинақтаған — Досалы САЛҚЫНБЕК,
Дайындаған — Әбділдабек САЛЫҚБАЙ.

ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өткір ӘЛИЕВ (Уткур Алиев),
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
«Қазақстан тарихы және құқық» кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Елбасы өзінің жыл басындағы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады. Елбасы Н.Назарбаев өзінің “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” мақаласында кезектегі негізгі міндет халқымыздың санасын дамыту деп белгіледі. Қоғам санасының қалыптасуында тарихтың әсері зор екені анық. Бұл жағдай осы мақаланың жазылуына түрткі болды.

Қазақтың ұлттық тарихы алдымен жалпы түріктік контекстте, мұсылман өркениеті мен көшпенділер өркениеті, Еуразия, Орталық және Орта Азия елдерінің тарихымен ұштасып, жаңаша көзқарастармен зерттелуі тиіс. *«Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі»*,– деп толғанды Елбасы өзінің Ұлытаудағы сұқбатында [1]. Бұл Отан тарихын зерттеушілер үшін методологиялық негіздеме сияқты.

Ал, қазіргі кезде біз жоғары оқу орындарында оқытып жүрген Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы пәні осы талапқа сәй келе ме!? Меніңше, біз оқытатын еліміздің тарихы – қазақ халқының төл тарихы ғана емес, жалпы әлем тарихының құрамдас бөлігі. Ол халық өз атымен аталатын Қазақстан мемлекетінің негізі болғандықтан, Қазақстан тарихын ұлт тарихы ретінде зерттеу қажет деп ойлаймын, ол біздің, яғни ұлттың мүддесін көрсететін деректермен құрастырылуы және ұлттық мүддемен талқылануы қажет.

Дұрыс, республикада тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ еліміздегі барлық буындағы білім мазмұны халқымызға Қазақстан тарихының ғылыми негіздерін меңгеруді басты міндет деп санайды. Республикамызда білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім беру міндеттерінің бірі: *«Азаматтыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға, елжандылыққа, Өз Отанын сүйуге тәрбиелеу»*,– деп белгіленген, яғни ұлттық мүдде жоғары қойылған. Ал, бұл міндеттерді орындау үшін ұлттық тарихымыздағы рухани құндылықтарды жастардың талқылауына жеткізуіміз қажет болады.

Сондықтан да, еліміздегі жоғары оқу орындарында Отан тарихы пәнін оқыту мәселесі зиялылардың қазіргі таңдағы өзекті көзқарастарын айтуды күтіп тұр. Бұл мәселеде біз де өз ойларымызды айтуды жөн көрдік.

XX ғасырдың соңында еліміз халықтарының ұлы жетістігі Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігінің орнатылуы болды. Бірақ қолға алған ұлттық мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап қалу, оның саяси, экономикалық, әлеуметтік өркендеуін және келешекте дамыған 30 елдің қатарына

қосыла алатын мемлекет дәрежесіне жеткізу үшін өте қажетті бір міндет бар. Ол, республика азаматтарының қоғамдық-саяси дәрежесі, ұлттық тәуелсіздік идеясының олардың санасында қай дәрежеде қалыптасуы, олардың өмірлік көзқарастарына айналуымен байланысты.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында 2016-2017 оқу жылынан бастап міндетті пән ретінде бұрынғы «Қазақстан тарихы» пәнінің орнына «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінің еңгізілуі осы мақсаттарды орындай ала ма?!

Меніңше, бұл пәннің мазмұны жоғары талапқа сай емес. Себептері. Біріншіден, пән ретінде типтік бағдарламасы жоқ; екіншіден, оқулықтары жоқтың қасы, бар болған бірлі-жарым оқулықтар сапасыз; үшіншіден, «халық өз атымен аталатын Қазақстан мемлекетінің негізі болғандықтан» оның қалыптасуы мен даму тарихы барлық деңгейдегі оқу орындарында баспалдақты оқытылуы тиіс; төртіншіден, тарих халықтың рухани мұрасы, Отанымыздың өткені, ұрпақтарымыздың аялап үйреніп, өрнек пен сабақ алатын өмірлік мектебі саналуы қажет, ал бұл пән оны қамти алмайды...

Өз тарихын, ата-бабалары мен әулеттерінің басып өткен жолын жақсы білген халық тарихтан тәлім алып, тек өркениетке жетуге әрекет жасайды. Ұлттық рухы жоқ халық тәуелсіздіктің қадіріне жетпейді, бұндай халықтың санасында ұлттық мақтаныш, Отанның өркениеті жолындағы жанашырлық сезімдері жанбайды, ұлттың бірлігі, отан сүйгіштік пен жалпы адамгершілік сезімдері қалыптаспайды. Ондай халық барлық кезде басқалардың әсеріне түсу қаупінде өмір сүреді, қорланады, кемсітіледі, оның ұлттық және адамгершілік құқықтары тапталады. Бұл өмірлік ащы ақиқатты халқымыз өз тарихында бірнеше рет татып көрді.

Тарихта халқымыздың ұлттық бірлігі мықты болған замандар да болды. Табиғатынан кеңпейіл халқымыз тарихи кезеңдерде жеріміз бен жұртымызды жаудан қорғады, оның азаттығы үшін жанын пид а еткен ұлы перзенттерін тәрбиеледі. Кейінірек ынтымаққа жарықшақ түскенде гүлденген өлкеміз солып, ішкі қақтығыстар нәтижесінде бірлік, біртұтастық жойылды. Бірлігі жойылған ел сыртқы дұшпандарға жем болды. Бұл тарихи ащы ақиқатты білмеген, тарихи жағдайлар мен құбылыстарды талқыламай, олар туралы жас ұрпаққа тарихи білім мен тәрбие бермей халық санасында ұлттық сезім мен сананы, отан сүйгіштікті қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан да, біздіңше, тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінде Отан тарихын тереңдете оқыту заман талабы деп білеміз.

Сонымен, Отан тарихын оқытудағы жаңа

міндеттерді белгілеуіміз қажет. «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан болашақта сол деңгейде болады» деген Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың сөздері біздерге, яғни ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр /2/. Бұл міндетті орындау үшін ЖОО-да заман талабына сай қазіргі технологиямен қаруланған, қоғамның даму заңдылықтарын объективтік және субъективтік талқылай алатын азаматтарды дайындауымыз қажет.

Ал, оқу орындарында сапалы білім беру үшін ең қажетті екі жағдай болуы шарт:

- **біріншісі**, сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету;

- **екіншісі**, педагогикалық инновация.

Бұл екі шарттың орындалуына негіз болатын бағдарлама болуы қажет. Ал бізде әлі күнге дейін Қазақстан тарихы пәні бағдарламасының мақсаты мен міндеттері нақтыланбаған сияқты. Осы міндеттердің орындалуы үшін қазір оқытылатын амалдағы оқу жоспары мақсатқа сай емес деп санаймын. Меніңше, **тарих жас ұрпақ санасында саяси-идеялық көзқарастарды қалыптастыру үшін ғылыми-теориялық және әдістемелік негізделуі қажет. Олар:**

- **біріншіден**, Отан* тарихы бағдарламасын қалыптастыру, оқыту процесінде ғылымилық, қалыстық, тарихилық, хронологиялық, анықтылық және т.б. негізгі ұстанымдардың болуы;

- **екіншіден**, Отан тарихын оқыту және үйрену барысында жастарда тарихи білім, түсінік, ғылыми-теориялық талқылау қалыптасуы;

- **үшіншіден**, Отан тарихының басынан аяғына дейін жалпы адамгершілік ұстанымы мен ұлттық құндылықтарымызға құрмет, жалпы тарихқа құрмет рухымен сусындаған болуы;

- **төртіншіден**, Отан тарихының бағдарламасында ең негізгі идея – отансүйгіштік, интернационализм, Республикамыздағы ішкі татулық пен сыртқы байланыстардағы жалпы адамгершілік ұстанымдары болуы;

- **бесіншіден**, Отан тарихы тәуелсіз еліміздің даму жолына қызмет етуі үшін заман талабымен бірдей, артта қалмай дамытылуы;

- **алтыншыдан**, Отан тарихы пәнінің бағдарламасын, оқулығын құрастырған кезде жастардың білім және жас деңгейі, көзқарастары мен ойларымен санасуы;

- **жетіншіден**, Отан тарихы пәнінің бағдарламасы, оқулығы алғашында қазақ тілінде жазылып, содан кейін барып басқа тілдерге аударылуы қажет. Басқа тілде жазылған Қазақстан тарихында қазақилық рухы жойылады.

Осы мәселелерді орындағанда ғана біз: **тарих – халықтың өткені туралы ұжымдық естелігі, қазіргі заман талабына сай қайта сұрыпталған мұрасы, қазіргі адамдардың өміріндегі қорытынды идеалы және қымбатты жол сілтеушісі** деген мақсатымызға жетеміз.

Қазіргі уақытта жалпы халқымыздың рухани мәдениеті еуроцентристік көзқарастармен тарихымызға жасалған талдаулардан құтылған емес. Себебі, біз әлде де болса өз тарихымызды орыс тілінде жазып, сосын қазақ тіліне аударып жүрген бірден-бір халықпыз. Сондықтан да, онда қазақилық рухы кемшін... Ұлттық мүдде көлеңкеде қалады. Осы және басқа да себептермен бұл мәселе қазіргі кезде жаңа талқылауды талап

етіп отыр. Біз, тарихшылар, жалпы қазақтың өзін оқымыстымын деп санайтын зиялылары, заманның осы талаптарынан артта қалып отырмыз.

Қазір Елбасы «Мәңгілік ел» ұғымын жұрттың санасына сіңіруді қоғамның алдына міндеттеп отырған кезде бұл мәселені талқылау қажеттілігінің рөлі ерекше арта түсуде. Өз ұлтының сана-сезімін қалыптастырған тарихи білімдермен сусындамай тұрып, тек қана «жаттанды» тарихпен таныс болған ұрпақ өзін ұлт ретінде сезіне алмайды. Бұл – тарихтан мәлім. Қазіргі оқулықтардың сапасы А.Байтұрсыновтың «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» дегеніне сай ма? Біз өз сабақтарымызда дәл солай, тарихты сөйлете аламыз ба? Осы мәселе төңірегінде ойлау дәуірдің талабы болып тұр. Неге студенттер менің Қазақстаным деп талпынбайды? Полиэтностық халқымыз – Конституцияда белгіленген Қазақстанның негізгі байлығы. Неге олар «Қазақстан – менің Отаным» деудің орнына «Қазақстан – екінші Отанымыз» дейді? Олар осы елде туылды, өсті...

Осы жерде ойланатын және бір мәселе Карл Маркстің: «*Тұрмысты сана билемейді, керісінше, тұрмыс сананы билейді*» деген сөзінің дәлелі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы экономикалық дамуды бірінші қойған еді. Ал, қазір сол экономикалық жетістіктер арқасында Қазақстан өзінің әлемдегі орнын өрлетті. Енді қазіргі қоғамдағы кезектегі міндет азаматтарымызды рухани дамыту өзекті мәселе болып тұр.

Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жетістіктері арқасында Елбасы алдымызға міндет етіп қойған «Мәңгілік ел» қоғамына жету үшін ұлттық ұстанымдарымыз ұлттық идеологияның негізі болуы қажет. Ал, «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні ұлттың тарихын терең зерттемей осы талаптарға сай келе ме?!

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые методологические вопросы преподавания истории Казахстана в высших учебных заведениях республики, о подготовке программы и учебников по истории Отечества.

This article considers some methodological aspects in teaching history of Kazakhstan in the Higher Educational institutions of the Republic of Kazakhstan and preparation of the program and coursebooks on the history of motherland.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». //“Егемен Қазақстан” газеті. 12 сәуір 2017 жыл.
2. Назарбаев Н. Елбасының Ұлытауда берген сұқбатынан.
3. Назарбаев Н. “Бәсекеге қабілеттіліктің кілті – білімде”. Абай атындағы ҰПУ-інде Алматыдағы ЖОО ректорларымен кездесудегі сөзі. //“Егемен Қазақстан”, 2005, 8 қыркүйек.
4. Алиев У.А. Қазақстан тарихын оқытудың кейбір мәселелері. //“Қазақстан тарихы”, 2006, №6
5. Алиев У.А. Отан тарихын оқытудың методологиялық мәселелері // “Қазақ тарихы” ғылыми-әдістемелік журнал, 2008. №7-8.

СІБІР ХАЛЫҚТАРЫ МЕН ҚАЗАҚТАР:

олардың кейбір өзара жақын рәсімдері

Арман ӘУБӘКІР,
Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану
институтының PhD докторанты

Түрік халықтары ең ерте дәуірлерден бастап табиғат сырларын жете түсініп, оның заңдылықтарын бұзбастан, өз өмір сүру қағидаларын, дәстүрлерін қалыптастырған. Көшпелілер өз тыныс-тіршіліктерін, көші-қон шаруашылықтарын, рәсімдерін қоршаған ортаның құбылыстарына, ерекшеліктеріне сәйкестендіре білген. Осынау рәсімдердің негізін құрайтын төңірлік дүниетаным табиғат ана, рухтар мен адамдар арасында оң қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Бұл туралы: *«Привлечение некоторых конкретных сведений, даже в ограниченном количестве, дает возможность показать, что алтайский шаманизм возник и формировался именно естественным путем, в рамках общих закономерностей материальной жизни и коллективного сознания, свойственных человеческому обществу на ранних ступенях его социально-экономического развития»* [1, 25-б.], – дейді Л.П.Потапов.

Ертеде қазақтар киіз үйлерін тек күн шығыс тарапқа қаратып қойған [2, 339-б.]. Сібір халықтарында да шығыс жақты құрметтейтін дәстүр бар. Хақастарда шығыс тарап алдыңғы жақ ретінде қарастырылады. Мәселен, «Оңтүстік Сібір түріктерінің дәстүрлі дүниетанымы. Кеңістік пен уақыт» атты кітапта толығырақ былай делінеді: *«Для тюрков Южной Сибири, как и для их предшественников, основной и преобладающей была ориентация в сторону восходящего солнца: главная позиция наблюдателя – лицом на восток. По представлениям хакасов, например, восток – это перед, запад – зад, юг – верх, север – низ»* [3, 42-б.]. Көне түрік дәуіріндегі бәдіз тастар мен ғұрыптық кешендер күн шығыс тарапқа қаратылады. Соған орай, балбал тастар (бағана тастар) барықтың шығыс жағына қарай тізбектеле созылады. Мұның бәрі де тіршіліктің бастауы көзі Күнге деген ілтипат-құрмет белгісін көрсетеді. Осыған қарап, Күн шығыс тарап көне түріктердің ғұрыптық рәсімдерінде маңызды орын алғаны аңғарылады.

Сәйкесінше, киіз үй ішінде адам басы күн батысқа қаратылып жатады. Хәл үстінде жатқан жан ең соңғы ақтық демі біткенше тіршіліктен күдерін үзбей күннің шығуын күтеді. Күн керегеден кіріп, келесі кезекте шаңырақтан көрінеді. Адам баласы өмірден озғаннан кейін де денесі жер астындағы мәңгілік мекенінде басы батысқа қарай жатқызылып, назары шығысқа қаратылады. Сібір халықтарында да бұл дәстүр сақталған. *«Как известно, умерших погребали головой на запад или северо-запад (реже – на север»* [3, 45-б.], – делінген жоғарыда аталған еңбекте. Алматы маңындағы Есік қорғанынан табылған әйгілі Алтын адам сүйегінің басы батысқа қаратылып жерленгені осыдан болар. *«Покойник лежал головой на запад вдоль северной стены камеры»* [4, 3-б.], – дейді Ә.Ақышев.

Аруақтардың денесі жатқан молаларды қорғау, оларды ас беретін, түрлі ру-тайпа аралық, саяси-әлеуметтік келіссөздер жүргізетін, ұлыстардың маусымдық және рәсімдік мерекелерін өткізетін қасиетті орынға айналдыру көшпелілерде сонау қола дәуірінен бастап көрініс тапқан. Алтай халқында аруақтарға құрбандықтар шалып, табиғат ананың ел-жұртқа, малға жайлы болуын тілейтін «ызых» деп аталатын мейрам бар. Бұл мейрам жылына екі рет, көктем мен күзде өткізіледі. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деп есептейтін қазақтың ең үлкен тойы – **ас беру дәстүрі**. Тарихта Абылай ханның асы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың асы ел аузында жиі айтылады. Керей Сағынайдың асында Үндістандағы Тәж-Махал кесенесін салуға кеткен шығынмен парашығын жұмсалды деседі халық. Мұндай аста-төк дәулет жұмсалатын ас беру шаралары қазақта әлі күнге жалғасып келеді.

Оңтүстік Сібірдегі түрік халықтарында өте қызық дәстүр сақталған екен. Марқұмның қырқы өткен түнде туыстары ұйықтамай қайтыс болған адамның рухын күтеді екен. Қырық күн ішінде марқұмның рухы өзі тірі кезінде болған жерлерді тұтас аралап шығып, өз үйіне қайта оралады деп сенген. Бұл жайында *«Оңтүстік Сібір түріктерінің дәстүрлі дүниетанымы. Кеңістік пен уақыт»* атты еңбекте сөзбе-сөз былай делінеді: *«В сороковины родственники всю ночь не спят и ждут покойного (вернее, его тень), возвращающегося из дальнего пути. За сорок дней он должен обойти все места, где бывал при жизни. При этом информаторы подчеркивают, что если человек много путешествовал, был на войне, то его тень успевает «возвратиться» только к утру»* [3, 74-б.].

Мұндай дәстүрдің ертедегі сақтарда да болғанын дәлелдейтін мына дерекке назар аударайық: *«...после смерти царя шествие по стране длилось в течение сорока дней. За это время тело его успевали обвезти по землям всех подвластных племен, которые устраивали пир для провожающих и совершали жертвоприношения в честь покойного. Эти племена затем присоединялись к процессии и приходили к месту погребения. Колесница останавливалась около свежeverытой могилы. Это было сложное подземные сооружение, состоящее из нескольких соединенных между собой камер»* [5, 19-21-бб.]. Байқап отырғанымыздай, сақ патшасы қайтыс болғаннан кейін қырық күн бойы өз патшалығын аралайды, осы аралықта бүкіл елі жоқтау айтып, қоштасады. Сосын барып қана оны жер қойнына береді.

Қазақтарда да қырық күн бойы марқұмның рухы өз үйінде, отбасынан алысқа ұзай алмай жүреді деген наным бар. Қырық күндігі шарасы атқарылғаннан кейін ғана аруақтың жаны жай тауып,

көкке ұшып кетеді деседі халық сенімі. Қазақта қайтыс болған кісінің үйінде, дәл сол адам жатқан бөлмеге қырық күнге дейін шырақ жағу дәстүрі бар. Сондай-ақ, ұлтымызда аруақтың көлеңкесі, сәулесі түсіп, елді шошылтпасын деп түнде айна-терезелерді тұмшалап жауып қою қырық күнге дейін ұласады. Жаңа туған нәрестенің қырық күндігін өткізу де оның адам санатына, қатарға қосу рәсімі ретінде тойланады.

Оңтүстік Сібір түріктеріндегі тауды қастерлеп, тау баурайларына табыну, оны жерлеу орындарына айналдыру көне түрік дәуірлерінен бастау алғанын аңғару қиын емес. Мәселен, «...практика скальных групповых захоронений на территории Саяно-Алтая была известна с эпохи средневековья. В Усть-Канском районе Горно-Алтайской АО еще в конце XIX - начале XX в. практиковалось захоронение членов одного рода в осыпях одного из отрогов горы» [6, 22-24-бб.], – делінеді «Оңтүстік Сібір түріктерінің дәстүрлі дүниетанымы. Адам мен қоғам» атты ұжымдық зерттеу еңбекте. Қазақ жерінде де қасиетті орын ретінде тау басы мен баурайларын белгілеп, кісі жерленгені тарихи-археологиялық деректерде жетерлік. Соның бір ғана мысалы – Ұлытаудағы Едіге шыңы. Тау басында Едіге хан мен Тоқтамыс хан жерленген деп саналады. Тура солай Ұлытау өңіріндегі Домбауыл, Алаша хан мен Жошы хан мазарлары бұл өлкенің ежелден қасиетті орынға айналғанын білдіреді.

Тау тәрізді түріктер дүниетанымында маңызды орын алатын культтің бірі – ағаш. «Образ березы-матери (каин-эне), фигурирующий в родильной, свадебной и календарной обрядности, а также в шаманской практике алтайцев, был важным фактом их общественного сознания. С этим деревом связывали жизнь предков как отдельных сеоков, так и всего народа» [6, 26-27-бб.], – делінеді жоғарыда аталған ғылыми еңбекте. Оңтүстік Сібір түріктерінде әр рудың қолдайтын, күш-қуат беретін ағаш түрлері бар. Тіпті кейбір рулардың аңыздары өздерінің тегін қандай да бір ағаш түрінен бастайды. Әр түрлі ұлыс мерекелерінде әрбір рулар мен этностар ағаштарға шалма байлап, құрмет тұту рәсімдерін өткізеді. Қазақта да әулие жерлердегі ағаштарға шүберек байлап, тілек тілеу дәстүрі сақталған. Қазақстандағы ежелгі ағаш культінің жарқын көрінісі – Жаркент қаласындағы әулие ағаш. Ел аузында бұл әулие ағаштың жасы – VII ғасыр. Алты адамның құшағы әрең жететін атаулы ағашқа бала сұрап баратындар өте көп көрінеді. Алтай халықтары аңызында кейбір рулардың алғашқы атасы сәби қалпында ағаш діңгегінен пайда болды деген сенім қалыптасқан. Соған орай, құрсағына бала бітпеген әйелдер ағаш түбінде түнеп, перзент тілейді. Әруақтарға арнап ақ шашып, рәсім жасайды.

Құрбандық шалу рәсімі – түрік халықтарында кеңінен тараған ежелгі дәстүрдің бірі. Алтай аймағында ру-тайпалардың маусымдық мейрамы (әсіресе, көктемде) сипатында құрбандық шалу рәсімі жиі көрініс табады.

«В данном случае в ходе родового жертвоприношения общество доступными ему средствами пытается восстановить первородное единство человека и природы. Возвышение грешной и несовершенной человеческой жизни до сакрального уровня, слияние человека с божеством – вот, вероятно, высшая цель ритуала. Можно только гадать, определялось ли содержание праздника неким

мифологическим сценарием, или, наоборот, миф приурочивался к ритуалу. Для нас важнее тот факт, что общественное сознание допускало возможность и даже необходимость получения плодородия от Природы. Как и сама природа, человеческий коллектив во время весеннего жертвоприношения «рождается» вновь» [6, 36-37-бб.]. Байқап отырғанымыздай, алтайлықтарда құрбандық шалу рәсімі табиғат анамен қарым-қатынасты қалыпқа келтіруге бағытталады. Ал қазақтар негізінен құрбандық шалу рәсімін ата-баба рухтарына тағзым жасау сипатында өткізеді.

Ғұрыптық рәсімдердің басы-қасында жүретін маңызды тұлғаның бірі – бақсы. Олардың қолдаушы пірлері, рухтары болатыны қазақ фольклорынан да белгілі. Сібір түріктерінің бақсылық дәстүрін зерттеген Н.А.Алексеев сақалардың бақсыларының қолдаушылары туралы бұй дейді: «Якутские шаманы призывали своих покровителей для совершения камлания. Они, по словам шамана, являлись на место проведения обряда в различных образах, но их обычные люди якобы не могли видеть. К «великим» шаманам их духи «приходили», превратившись в быка-пороза, жеребца, орла, лося, черного медведя и волка. Покровители к слабым шаманам являлись в образе собаки, дятла, кукушки и т.п.» [7, 79-80-бб.]. Қазақ дүниетанымында да әр бақсының, ірі тарихи тұлғалардың өз қолдаушылары бар. Және олар әр түрлі жан-жануар кейпінде көрініп, қолдау көрсетеді. Мысалы, Абылай ханның ақ бурасы, Кемпірбай ақынның көк ала үйрегі, ақын-композитор, әнші Балуан Шолақтың ақ бурасы тәрізді қолдаушы рухтар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің сарқылмас азығы болып келеді. Байырғы сақ дәуіріндегі зооморфты суреттер мен көленер, Оғыз қағанға жол көрсететін көк бөрі бейнесі тәрізді мысалдар көне түріктік дүниетаным сырларын аша түседі.

Н.А.Алексеевтің мына пікірі де назар аудартады: «Помимо сверхъестественного покровителя южно-алтайские шаманы якобы имели духов-помощников. В их число входили все умершие шаманы рода, к которому принадлежал главный дух-покровитель» [7, 81-б.]. Көне түрік дүниетанымында осы өмірде үлкен рухани кемелдікке жеткен адам о дүниеде де рухының күші кемел болады деген наным бар. Әйгілі тұлғалардың, бақсылардың қайтыс болғаннан кейінгі рухтары өз ұрпақтарына, өзге де сыйынып медет сұраушыларға, бақсыларға қолдау көрсете алатын деңгейде болса, қатардағы ата-бабаларымыздың рухтары желеп-жебеуші, жақсылыққа септесуші деңгейде қарастырылады. Мұндай сөздік қолданыстар қазақта да кездеседі. Ірі тұлғалардың рухтарына «қолдай көр» деп жалбарынса, жалпы ата-баба рухтарына қарата «желеп-жебесін» деп тілек тілеу, бата беру сөздік қолданысы сақталған.

Байырғы түріктерден басталатын аруақтарға ас беру, ескерткіш қойып тәу ету, ата-баба зираттарына зиярат жасау барлық түрік тектес және түрік тілдес халықтарда көрініс тапқан. Егер ұрпағы өз ата-бабасының өсиетін ұмытса, еске алып, құрбандық шалмаса, аруақренжиді, өз ұрпағынан теріс бұрылып, желеп-жебеуін тоқтатады, тіпті қастасып, кектесіп кетуі де мүмкін деген наным-сенім қазақтарда да сақталған. «Қазақтар аруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын шала береді. Мінежат етіп, аруақтардың басына (моласына) барып түнейді, сол жерде құрбандық шалады, өзінің

қолы жетпей жүрген көкейкесті арманын өтеуді тілейді, мысалы, баласы жоқтар бала сұрайды. Аруаққа арнап құрбандық шалғанда, «аруақтың батасы тие берсін немесе аруаққа бағыштадым» деп айтады» [8, 13-б.], – дейді Шоқан Уәлиханов өзінің «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты әйгілі мақаласында. Қазақтар мен алтайлардың бақсылық дәстүрінің ұқсастығын Н.А.Алексеевтің мына жазбасы айқындай түседі: «В прошлом это были шаманы, выдающиеся какими-нибудь своими качествами или проявившие себя после смерти недоброжелательно к оставшимся в живых родственникам. Предки шаман требовали к себе почтения и жертвоприношений. Действительно, южные алтайцы почитали умерших шаманов, якобы становившихся духами, как и божеств-творцов мира, и духов-хозяев окружающего их мира. Но «характерной чертой» духов умерших шаманов была их «способность» придавать живому шаману сверхъестественные способности для воздействия на духов и божеств всех трех миров. Духи умерших шаманов становились главными персонажами, определяющими характер сосуществования людей со сверхъестественными обитателями трех миров. В аилах верующих имелись изображения почитаемых шаманов-предков – чалу» [7, 81-82-бб.].

Қазақ жерінде шынайы бақсылықтың әлсіреуі туралы Ш.Уәлихановтың пікірі құнды. Ол Ресейден келген татар молдалары мен орысша оқығандар бақсылардың ойыны мен зікір салу рәсімдеріне тыйым сала бастағанын айтады. Бірақ, діни атаулар мен терминдер араб тіліне ауысқанымен, шамандықтың негізі сақталды деп есептейді Шоқан Уәлиханов [8, 9-б.].

Сібір түріктері, Алтай халықтары мен қазақтар арасындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып жақындығы ұшан-теңіз. Шағын мақалада оның бәрін қамту мүмкін емес. Сібір түріктерінің дәстүрлі дүниетанымы мен қазақтардың этнографиялық болмысы сараланатын арнайы оқу бағдарламасы енгізілсе, түрік тектес халықтардың этномәдени сырлары ашылып қана қой-

майды, туыстас елдермен рухани-мәдени қарым-қатынасымыз да арта түсері анық.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются общие черты в поминальной ритуальной практике у тюрко-монгольских народов Южной Сибири. Это открывает перед нами большие возможности для реконструкции древних поминальных особенностей, ритуальных традиции.

Despite the religious, geographic, political, social and other factors separating them remains a lot to do in the outlook and ethnography. This helps reconstruction ancient Turkic traditional rituals. Our article aims ethnography and rituals Turkic peoples of Siberia and the Kazakhs.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Потапов Л.П.** Алтайский шаманизм. – Ленинград, «Наука», 1991. – 321 стр.
2. **Сейдімбек А.** Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 464 б.
3. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир. /Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сағалиев А.М., Усманова М.С. – Новосибирск: Наука. Сиб. Отд-ние, 1988. – 225 стр.
4. **Акишев А.** Искусство и мифология саков. – «Наука» Казахской ССР, Алматы, 1984. – 147 стр.
5. **Галанина Л.К., Засецкая И.П.** Скифы. – Л. «Аврора», 1970. – 96 стр.
6. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Человек. Общество / Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сағалаев А.М., Усманова М.С. – Новосибирск: Наука. Сиб. Отд-ние, 1989. – 243 стр.
7. **Алексеев Н.А.** Шаманизм тюркоязычных народов Сибири (опыт ареального сравнительного исследования). – «Наука», Новосибирск, 1984. – 223 стр.
8. Қазақ бақсы-балгерлері. Құрастырғандар: Дәуренбеков Ж., Тұрсынов Е. /Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Ш.Уәлиханов. – Алматы, «Ана тілі», 1993. – 222 б.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚ: қазақ хандары билігінің нығайуы

Маржан ҚАСЫМБЕКОВА,
ҚазмемҚызПУ-дың тарих кафедрасының аға оқытушысы

Сан ғасырлар бойы отарлық езгіде болып келген қазақ елінің егемендікке қол жеткізуі өзінің өткен тарихын объективтілік шындық тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік туғызды. Әсіресе, қазақ халқының құрамын, төл тарихын жүйелі түрде зерттеп, Еуразия кеңістігіндегі көшпенділердің ежелден келе жатқан бай мемлекеттілік дәстүрі және дәстүрлі заңды-құқық ескерткіші болғандығын, сол негізде олардың дүниежүзілік өркениетке қосқан өзіндік үлесін анықтау отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналды.

Қазақ хандығының негізгі жер аумағы болып саналатын Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу жеріне қарағанда, Сыр өңірі (XIV-XVI ғасырларда Түркістан аймағы деп аталған) XIII ғасырдың басында моңғолдардың жаулап алуы кезінде ауыр зардапты бастан

өткерді. Ал, осы аталған өңірлердің ішінде Сыр өзені бойы немесе Түркістан аймағы XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап бұрынғы деңгейіне жетіп, тіпті өз беделін арттыра түседі. Өйткені, Ұлы Жібек жолының XIII-XIV ғасырларда Түркістан аймағы арқылы өтуінің өзі бұл өлкенің гүлденуіне ықпал етті. Ал Сығанақ қаласының Ақ Орданың саяси орталығы болуы және тағы басқа жағдайлар, Сыр өңірін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтағы тіршіліктің негізгі өзегі, тұтқасы етті. Аймақтың мұндай рөлі Қазақ хандығы құрылғаннан кейін де өзгерген жоқ. XV ғасыр ортасында «қазақ» деген атауға ие болған Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелі тайпаларының этникалық аймақтарын біріктіру – Қазақ хандығын бір жарым ғасыр бойы нақ сол мақсаты үшін күресуге мәжбүр етті.

Қазақ хандығы шеңберінде XV ғасырдың екінші

жартысы – XVI ғасырдың басында Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның (Жетісу), Шығыс Дешті Қыпшақтың ұзақ уақыт бойы саяси жағынан бөлшектеліп келген халқы, жалпы мемлекеттік дамуға мүмкіндік алды. Алғашқы қазақ билеушілері Жәнібек пен Керей хандар мен олардың мирасқорлары Бұрындық пен Қасым хандардың іс-қимылдарындағы негізгі бағыт, жаңадан пайда болған мемлекетті нығайту және шекарасын кеңейту, сонымен қатар территориясын қорғау міндеттері тұрды. Аталған мәселелерді шешуде, **әсіресе, Қасым хан үлкен қажырлылық танытты.**

Алты ірі қала орналасқан (Сығанақ, Созақ, Сауран, Яссы, Отырар, Сайрам), нақ сол Түркістан аймағына жататын жерлер мыналар – солтүстігінде Шығыс Дешті Қыпшаққа шығар «солтүстік қақпасы» атанған Сығанақ қаласы, оңтүстік шекарасы Сайрам, шығысында Қаратау жотасы, ал батысында Қызылқұм шөлімен шекараласып жатты. Міне, аталған осы ірі қалалар орналасқан территория, жоғарыда айтып өткеніміздей екі үлкен шаруашылық аймақ – көшпелі мәдениет Дешті Қыпшақ пен отырықшы мәдениет Мауереннахрды дәнекерлеуші еркін сауда аймағы ретінде маңызы зор болды. Сондай-ақ бұл қалаларға иелік ету, күшті бекініске ие болу деген сөз. Сондықтан олардың саяси-әкімшілік және әскери-стратегиялық ерекшелігі бұрынғыдан да арта түседі. Сонымен қатар бүкіл түркі әлемінің «екінші Меккесі» атанған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі орналасқан Яссы қаласының да маңызы ерекше.

Міне, осындай тарихи маңызы зор Сыр өңірі үшін қазақ хандарының шайбанилықтармен жүргізген соғысы XV ғасыр соңында басталып, бір жарым ғасырға созылды. Нәтижесі белгілі, XVI ғасырдың аяғында Тәуекел, Есім хандардың тұсында бұл аймақтар және ондағы қалалар түпкілікті Қазақ хандығының құрамына өтті. Соның нәтижесінде Түркістан аймағында Қазақ хандығы өзінің бірлігі мен тірлігін орнатты.

XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының және Мұхаммед Шайбани ханның Сыр бойы үшін жүргізген соғысы – Дешті Қыпшақ билеушілерінің Сырдария өзенінің орта ағысы болып саналатын аймақтар үшін, Мауереннахр аумағындағы мемлекеттермен XI-XII ғасырлардан бергі уақытта жүргізіліп келе жатқан күресінің жалғасы еді. Ал XIV ғасырдың соңынан XV ғасырдың ортасына дейін Тоқтамыс, Барақ және Әбілхайыр хандардың Мауереннахрдағы Ақсақ Темір және оның ұрпақтарының жүргізген саяси қатынастары негізінде, ең бастысы Сыр өңіріндегі қалалар мен аймақтарды иелену әрекеті жатты. Бұл саяси қарым-қатынас Қазақ хандығы тұсында да жалғасын тапты және қазақтардың этникалық территориясын қалыптастыруда айрықша маңызға ие болды.

Алғашқы қазақ билеушілері Керей мен Жәнібектен бастап, одан кейінгі тақ мұрагерлерінің алдында олар мемлекет болып бөлініп шыққан бойдан-ақ жаңадан пайда болған хандықты нығайту, мемлекет құрамына қазақтар мекендейтін аумақтарды қосып алу мақсатымен оның шекарасын кеңейту, сондай-ақ хандықты көрші мемлекеттердің жер жөніндегі талаптарынан қорғау міндеттері тұрды. Яғни, нақ сол міндеттерді XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың басында қазақ хандарының Шайбанид Әбілхайыр ханның ұрпақтарымен және Моғолстан билеушілерімен өзара қатынастары анықтады. Осы оқиғалардың бел ортасында *«Дешті Қыпшақта Жошыдан кейінгі құдіретті билеуші болған нәм билік жүргізген Қасым*

хан жүрді».

Сыр өңірі Қазақ хандығы үшін экономикалық, саяси-әкімшілік, діни-мәдени және әскери-стратегиялық тұрғыдан зор рөл атқарды. Бұл жерде мынадай мәселенің бетін ашып алу керек. Ол – Сыр өзенінің орта ағысы деп аталатын аймақ XIV-XVI ғасырларда қалай аталды деген мәселе. Бұл аймақ нақ осы кезеңде Түркістан деген атаумен белгілі болды. Оны шығыстанушы ғалым М.Қ. Әбусейітова: *«... Бүкіл Түркістан, яғни ... Сырдарияның орта ағысының екі жағасындағы отырықшы-егіншілік аудандар»* – деп, нақтылай түседі. Түркістан аталатын Сырдарияның орта ағысы кейбір ғылыми әдебиеттерде «Отырар жазирасы (оазисі)» деп те аталады.

Түркістан аймағының алты ірі қаласының бірі – Шығыс Дешті Қыпшаққа шығар «солтүстік қақпасы» атанған Сығанақ қаласы. Бұл қала сонау XI-XIII ғасырлардың өзінде-ақ қыпшақ хандарының назарына ілігіп, олар оны Қыпшақ хандығының астанасы етті. Ал оңтүстік шекарасы Сайрам қаласымен шектесті. Қазіргі оңтүстік Қазақстанның ең қиыр оңтүстігі болып аталған қала, Мауереннахрға шығар «қақпа» іспеттес болды. Түркістан аймағының шығысында қасиетті Қаратау жотасы, ал батысында Қызылқұм шөлімен шекараласып жатты. Аталған осы ірі қалалар орналасқан территория, жоғарыда айтып өткеніміздей екі үлкен шаруашылық аймақ – көшпелі мәдениет Шығыс Дешті Қыпшақ пен отырықшы мәдениет Мауереннахрды дәнекерлеуші еркін сауда аймағы ретінде маңызы зор болды. Сондай-ақ бұл қалаларға иелік ету, күшті бекініске ие болу деген сөз. Сондықтан олардың саяси-әкімшілік және әскери-стратегиялық маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Сонымен қатар бұл аймақ қазақтар үшін рухани және үлкен мәдени орталық ретінде де маңызы зор болды. Өйткені, бұл аймақта бүкіл түркі әлемінің «екінші Меккесі» атанған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі орналасқан Яссы қаласы орналасқан болатын.

Осындай тарихи маңызы зор Сыр өңірі үшін қазақ хандарының шайбанилықтармен жүргізген соғысы XV ғасыр соңында басталып, бір жарым ғасырға созылды. Нәтижесінде XVI ғасырдың аяғында Тәуекел, Есім хандардың тұсында бұл аймақтар және ондағы қалалар түпкілікті Қазақ хандығының құрамына өтті. Алайда Оңтүстік Қазақстан өңірі XVI ғасырдың басында-ақ қазақтардың иелігіне айнала бастаған болатын. Орын алған осы талас-тартыстың ең ауыр жүгі, әлбетте, Қасым ханның да арқасына түсті және қазақтар үшін маңызы зор осы аймаққа ие болу жолында Қасым ханның сіңірген еңбегі орасан зор.

Қазақ хандарын хандықтың құрылған кезінен бастап-ақ, Сыр өңірінің қалалары үшін күрес жүргізуге итермелеген жоғарыда аталған себептерді толығымен оның қарсыласы Мұхаммед Шайбани ханға да теңеуге болады. Сол кезде ол Сыр өңірін тартып алумен қатар, Шығыс Дешті Қыпшақта Шайбани ұрпақтарының билігін қалпына келтіруге ұмтылып, Ақ Орда билеушілерінің мұрагерлері ретіндегі қазақ хандарының осы билікке құқығына дауласты. Өйткені, кезінде Ақ Орда билігінен тақты Шайбани ұрпағы Әбілхайыр тартып алса, енді Әбілхайыр ұрпағынан билікті Ақ Орда билеушілерінің ұрпақтары – қазақ хандары Керей мен Жәнібек, олардың ұлдары Бұрындық пен Қасым тартып алған еді.

Қазақ хандарының, әсіресе, Бұрындық пен Қасым хандар тұсында Түркістан аймағындағы (Сыр өңірі) қалалар Сығанақ, Созақ, Сауран, Яссы, Отырар, Сайрам және тағы басқалары үшін әуелі Темір ұр-

пақтарына, содан соң Мұхаммед Шайбани хан мен оның мирасқорларына қарсы күресі қазақ хандары тарапынан да, Мауереннахр билеушілері тарапынан да зор табандылығымен, қатігездігімен және қаталдығымен ерекше болды. Екі ғасырға созылған осы талас-тартыс барысында, Сыр өңірі қалалары қолдан-қолға көшіп отырды. Қазақ хандарына бұл қалалар Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өз билігін нығайту үшін тірек пункттері ретінде керек болса, ал өз жауларынан жеңілгенде олар сол бекіністерге паналайтын. Бұның өзі аталған аймақтың, біріншіден, әскери-стратегиялық маңызының ерекше болғанын көрсетеді. XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы жиырма жылы қазақ билеушілері мен Мауереннахрдағы шайбанилер мемлекеті арасында екі жақтан да табанды күрес жүруімен, сондай-ақ Қазақ хандығы тарихының ең бір жарқын, ең бір күшейген кезеңі ретінде, этникалық территориясының қалыптасуымен сипатталды немесе тарихта қалды. **Әлбетте, осының барлығы Қасым ханның атымен тікелей байланысты болғандығында ешбір**

дау тудырмасы хақ. Сондықтан халқы үшін орасан зор еңбек сіңірген осындай көрнекті тарихи тұлғалардың өмір-дерегін білу, бүгінгі жас ұрпақ үшін үлкен мақтаныш және қасиетті парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Мирза Мухаммад Хайдар.** Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П.Джалиловой, Л.М.Епифановой. – Ташкент, 1996.
2. **Мұхаммед Хайдар Дулати.** Тарих-и Рашиди. Қазақша аударылымы. – Алматы: Тұран, 2003.
3. **Әбусейітова М.Қ.** XVI-XVII ғғ. қарым-қатынастар және Тәуекел ханның тұсындағы кезеңдер // Егемен. Қазақстан. – 1998.
4. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 1998. – 2 том.
5. **Ғизатов Ж.** Қасым хан // Қазақ тарихы. – 2005. – № 4.
6. **Кәрібаев Б.Б.** Аты аңызға айналған хан // Қазақ тарихы. – 1996.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ!

АЛАШ НЕГЕ ТАНЫЛМАЙ ЖАТЫР?

Алаш бүгін елімізде неге кең көлемде дәріптелмей, танылмай жатыр? Алашты қалың жұртшылық неге білмейді деген сауалдың кейбір сыры мынада деп есептейміз.

Біріншіден, Алашты – ұлтшылдық, тек қазақ мәселесі деп түсінуден. Әділіне келгенде бұл – жалған пікір. Мысалы, Алашорда ұлт кеңесіндегі (үкіметіндегі) 25 орынның 10-ын Алаш қайраткерлері қазақ арасында мекен ететін өзге халық өкілдеріне қалдырды. Алаш қалам қайраткерлерінің еңбектерінде ұлттың мүддесі, елдің тағдыры көп көтерілсе де, онда ешуақытта қазақты дара қою, өзге халықтан жоғары санау, жағымсыз мағынадағы ұлтшылдық сипаты кездеспейді.

Екіншіден, бүгінгі билік оның ішінде заң шығарушы, атқарушы, сот саласындағы қызметкерлер Алашты тиянақты оқымағандықтан, білмегендіктен. Оның себебі қазіргі биліктегі қызметкердің көбіне Алаш мұрасын, Алаш құндылығын орта мектепте, жоғары оқу орнында, өмір жолында терең тануға мүмкіндік болмады. Алашты олар саналы өмірінде жалпы естіп қана қойды. Соның салдарынан Алаш мектеп бағдарламасынан бастап қалың елге кең насихатталмауда.

Үшіншіден, Алаш – Ресей империясына қарсы күрескен саяси күш болғандықтан. Төл тарихымызды зерттеу ісінде империяның бүгінгі таңдағы мұрагері – Ресей елінен әлі күнге дейін жалтақтау сезімі барынан. Біздіңше, бұл да – қате түсінік. Осы орайда үшінші мәселеге кеңірек тоқталсақ дейміз.

Қазақ елі шекарасының үштен бір бөлігі яғни жеті мыңнан астам шақырым жер Ресей мемлекетімен шектесетінін ескерсек, ұлттық мәселеде соның ішінде Алаш тақырыбын қозғағанда әр пікірімізге, пайымдауларымызға абай болғанымыз абзал. Ресеймен көрші тұрғанымыз – тағдырымыз. Бүгінгі Ресей Федерациясы патшалық Ресейдің елтаңбасы мен туын, Кеңес Одағының әнұраны мен саяси тәртібін ресми сақтаса, белгілі дәрежеде ол – өзіне дейін салтанат құрған сол мемлекеттердің мұрагері. Біз болсақ, сол мемлекеттердің қазақ халқына жасаған зұлматын

ұмытпаймыз. Патшалық Ресейдің қазаққа қарсы қанды саясатынан бастап, Кеңес Одағының аштығы мен қуғын-сүргініне дейін – ұлт санасындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын жазылмас жара деп есептейміз.

Сонда да бүгін біз Алаш қайраткерлерінің мәдениетті орыс оқығандарымен бір болғандығын мейлінше дәріптегеніміз абзал. Орыс халқының көрнекті ақын-жазушыларының, озық ойлы оқымыстыларының еңбегін Алаш қалам қайраткерлері қазақ тіліне аударғандығын, сол арқылы екі ел арасында көршіге тән сыйластықтың, достық сезімінің артуына қызмет істегенін насихаттауымыз керек. Мысалы, Алаш қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхан орыс халқының озық ойлы зиялы қауымымен тығыз араласты. Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Д.М.Мамин-Сибиряк сынды қаламгерлерін қазақша сөйлетті.

Алаш қайраткерлерінің Ресей империясына қарсы бағытталған саяси күресін тарихи қажеттілік, заман сұранысы, табиғи дүние екендігін өзіміз мойындап, өзгеге дәлелдеп, оның эволюциясынан бастап себепсалдарына дейін тыңғылықты зерттеуіміз керек. Алаш қайраткерлері орыс елін тануға қатысқанын, оның мәдени, саяси, ғылыми дамуына үлес қосқанын, оның жөелі көрсете алуымыз қажет. Алаш қайраткерінің көбі Ресейдегі ғылыми экспедицияларға қатысты, халық санағын жүргізуге тартылды, әскерінде қызмет етті, оқу-ағарту жұмысында болды, дәрігерлік көмекке жұмылдырылды. Алаш көсемдерінің барлығы дерлік Ресей қалаларында білім алды, сол орталықтарда газет-журналдары мен кітаптарын жарыққа шығарды. Яғни, сол кезеңдегі оқыған қазақ пен мәдениетті орыс халқы, қазақ даласы мен империя арасындағы байланыс, қарым-қатынас екі жақты болғандығын ескереміз. Империя мен қазақ оқығандары арасындағы саяси тартыста бірінің екіншіні құртқанын айта беру дәл бүгін бізге Алашты елдік және халықаралық деңгейде танытуға кедергі келтіреді.

Қайырбек КЕМЕНГЕР.\
<http://abai.kz/>

Құрметті редакция! Ақтөбеліктер биыл күзге қарай Есет батырдың 350 жылдығын атап өтпекші және ғылыми конференция өткізбекші екен. Ақтөбе облыстық мұражайының қызметкерлеріне телефон шалып, мұражай басшысына «Қазақ тарихы» журналының 2017 жылғы №2 санын алып көрсетуін өтіндім. Онда батырдың туған жылы 1667 жыл емес, соны деректер бойынша 1669 жыл екендігі анықталған болатын. Ендеше, Алла қаласа, Есет батырдың мерейтойы 2019 жылы атап өтілер деп сенеміз. Сондай-ақ Есет тархан Көкіұлының кесенесінің жанынан Мұражай кешені ашылды. Батырдың тарихына қатысты жарияланған материалдар мұражай сөресінен орын алмақшы. Республикамыздағы беделді басылым «Қазақ тарихы» журналына жарияланған мақалалар мұражай сөресіне лайықты деп ойлағандықтан, осы журналға Есет батыр туралы 2-мақаламды жолдап отырмын. Сіздерге сәттілік тілейміз!

Автор.

ЕСЕТ ТАРХАНҒА ҚАТЫСТЫ МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІ

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қостанай
мемлекеттік педагогикалық институтының доценті

Есет тархан Көкіұлының (1669-1757) өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің тарихына қатысты деректер мұрағат қорларында сақталған.

1. Ресей Федерациясы Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағатында (РФ ОрОММ) №1 Орынбор экспедициясының мұрағат деректері бар. Онда 1734 жылдың 24 желтоқсанында Алдар Есенгелдинге (Башқұрт халқының батыры – Ә.И.) – біріншіден, Азов-Курск соғысына қатысқаны үшін, екіншіден, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр ұлысымен Ресей империясының құрамына ену жөніндегі келіссөзге Тевкелевпен бірге барған еңбегі үшін балалары мен немерелеріне, аға-інісінің балалары мен үрім бұтағына мұраға кететін тархан атағы беріліп, жаңа тархандар кітабына ресми тіркегендігі туралы құжат сақталған [1].

Сонымен қатар Байымбет батырдың қайтыс болуына байланысты берілген аста Есет тархан, Бақтыбай батыр мен Нұралы хан және оның екі інісі және т.б. батырлар бірге болғандығы туралы [2], қырғыз-қайсақтармен қарым-қатынас туралы, хандар, батырлар тұрмысы жайында, соның ішінде Есет батырдың қайнағасы, әрі үзеңгілес серігі табын Бөкенбай батырға қатысты деректер, № 19, 21, 32, қазақ даласындағы толқулар турасындағы құжаттар; «Орынбор комиссиясы» деректері жинақталған [2], № 2 қордан; Орынбор губерниясы кеңсесінің, Ор қалашығына келген Әбілмәмбет ханға, Жәнібек тарханға, Есет тарханның баласы Қалдыбайға патша әкімшілігі тарапынан құнды сыйлықтар берілгені жөніндегі құжат бар [3], №3 Орынбор губерниясы канцеляриясының, 1749 жылғы 1 шілдеде қазақ-орыс шекара барымтасына байланысты келіссөз жүргізу нәтижесінде Ресей жағының Есет тарханға 103 жылқы мен 25 адам тұтқын қазақтарды елге қайтарғандығы туралы құжат тіркелген [4]. 1749 жылы

Нұралы ханның Қотыр батыр арқылы 3 шілдеде И.Неплюевке жолдаған хаты сақталған. Хатта: «Сіздің сұрауыңыз бойынша, сізбен бірге Уфаға барып сөздерін жеткізе білетін, әр рудан сегіз адамның тізімін беріп отырмын. Олар – Байсал би, Есет тархан, Қыдыр батыр, Алтай батыр, Хасан батыр, Жаңаберген, Өтетілеу, Төлебайларды башқұрттарға И.Неплюевпен бірге елшілікке баруға әзір», – деп хабарлаған [5].

2. Қазақтар Ресей үкіметіне қосылғанға дейін Жайық өзенінің бойындағы қыстақтарды иеленуге мүдделі болды. XVIII ғасырдың 40-жылдарының соңында Жайық өзенінің маңына қоныстануға ұмтылуы күшейе түсті. Жайық бойындағы жерлерге қатысты Әбілқайыр ханның: «Доколь река Як не высохнет, так и киргизский народ до представления света от Яика неотлучится, понже кроме оного, удобного места им другого не отискать», – деп айтқаны профессор А.Сабырханов ғылыми айналысқа енгізген мұрағат деректерінде жазылған [6, 119 п.].

1748 жылғы желтоқсан айында Есет тархан Неплюевтен Жайықтың төменгі жағында қыстауға рұқсат сұраған. Сонымен бірге белгілі би-батырлар – Әжібай би, Алтай батыр және Арал мырзалар патша үкіметінен Жайықтың сол жақ жағалауында мал қыстатуға қолайлы тебіндік жер қалмағандықтан, Жайықтың оң жағалауын жайлауға рұқсат берулерін өтінген [7, 196-197-пп.]. Жұт жылдары Нұралы хан, Есет тархан, Әжібай би бастаған би-батырлардың патша үкіметіне қойған табанды талаптарының арқасында Жайықтың оң жақ жағалауын жайлауға рұқсат алып отырғаны туралы құжаттар бар. Осыған орай Орынбор әкімшілігінің Нарынға тек қана малдарды және малшыларды ғана өткізуге арнайы рұқсат беретіндіктері туралы да деректер кездеседі.

Сонымен қатар, Жайықтың оң жақ жағалауын жайлауға рұқсат он екі ата Байұлы және Жетіру бірлестіктерінің рубасыларымен оларға қарасты ауылдарға берілгені туралы мәліметтер сақталған [7, 196-197 пп.]. Сондай-ақ, Нұралы хан бастаған Орынбор бекінісіне елге танымал Тама Есет тархан, Жағалбайлы Сәрке батыр, Шақшақ Жәнібек тархан, Қанжығалы Бөгенбай сынды елдің 72 игі жақсысының тізімі тіркелген. Бұл тізімде Әлімұлдарынан – шекті төртқара, қаракесек, шөмекей, кете; 12 ата байұлынан – шеркеш, адай алаша, байбақты, масқар, ысық; жетірудан – табын, тама, жағалбайлы, Орта жүзден – арғын, қыпшақ, керей, уақ рулары аталады. Сонымен қатар, рулары аталмаған 11 би, батырлардың есімдері жазылған [8, 102-106 пп.].

2. Осы қорда 1749 жылдың 16 шілдесінде Есет тарханның замандасы **Жаппас руының биі Өтегілеу Қошқаұлына тархандық грамота берілгенін растайтын құжат тіркелген** [9]. №4 Симбирск және Уфа генерал-губернаторының кеңсесі, №5 Орынбор шекаралық істер экспедициясының, №6 Орынбор генерал-губернатор кеңсесі, №166 Г.Ф.Генс қолжазбаларының қорларында қазақ тархандарының қызметтеріне қатысты «*Жәнібек тархан хаты*», «*Есет тархан хаты*» (3-қорда), «*Қырғыз-қайсақтар туралы 1756-1776 жж. қысқаша мазмұндама*» тарихи деректер қорында сақталған. 1755-1756 жылғы башқұрт ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі 1755 жылы башқұрттың Бурзян болысының атақты Жұмағазы тарханның баласы Бердіғұл тарханның өзіне қарасты 100 қосын отбасымен Кіші жүз жеріне келгені және 1756 жылы патша үкіметінің Бердіғұл тарханды қолға түсіріп, Орынборда жүргізген «тергеу» нәтижесіндегі қатты азаптан қаза болғанын мәлімдейтін құжат бар [10]. Қырғыз (қазақ) елшілік қатынастары туралы (3-қорда), «Орынбор қырғыздарын облыстық басқару» генерал-губернаторының кеңсесі (4-қорда), 1756 жылдың тамыз айының ортасында Кіші жүздің Елек (Илецк. – Ә.И.) бекінісінде белгілі қазақ құрылғылары мен тархандарының басқосқан мәжілісі өткен. Мәжіліске: Алланазар, Төлебай, Есет тархан, Күшқара, Жархан (орысша деректе Яркан деп берілген, – Ә.И.) хан Нұралы бауырлары екі сұлтан да қатысқан. Старшын Сәрке батыр, Есет тархан, Алданазар ауылдарын паналаған башқұрттарды бермеу үшін қарсыласқан қан төгіс болғандығы туралы деректер бар [11].

3. Қазақстан тарихына қатысты бұрын жарияланбаған Ресей империясының сыртқы саясатының мұрағат қорларының, Ресей мемлекетінің ежелгі актілер, Ресей мемлекетінің әскери-тарихи мұрағаты, (Москва қ.), Ресей мемлекетінің тарихи (СПб қаласы), т.б. мұрағаттардың қорларының XVIII-XIX ғғ. деректері жарияланған «История Казахстана в документах и материалах» аталатын альманахта [12, 65 с.], **Есет тархан Көкіұлының 1669 жылы туылғанын дәлелдейтін дерек бар**. В.Татищевтің 1738 жылдың 13 тамызы мен 2 қыркүйек аралығында жүргізген жазба күнделігінде 14 тамыздағы Әбілқайыр хан атынан бірнеше нөкерлерімен Орынбор бекінісіне Тама Есет батыр Көкіұлының барғаны және онда: «*Есет Көкіұлының өзінің 69 жасқа шыққандығы туралы айтқаны*» [13] жазылған.

4. Ресей Федерациясы Башқұрстан Республикасы Ресей Ғылым академиясының Уфа ғылыми орталығының ғылыми мұрағаты – (РФ БР РФА УФО ФМ)

«Башқұрт АКСОР тарихының материалдары» 2-бөлім 3-ші қорында, 1755-1756 жылғы башқұрт ұлт-азаттық көтерілісіне дайындықтары туралы және Башқұрт ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушыларының бірі Бурзян болыстығының старшыны – Бекболат Арқаевтың Кіші жүздегі қазақ тарханы – Тама Есет бастаған жетірулықтар ауылдарының және қазақ-башқұрт бауырлас халықтар бірлесіп, патша үкіметіне қарсы көтеріліске шығуға өзара құпия келіссөздер жүргізгендігін дәлелдейтін құжаттармен қатар қазақ-башқұрт қатынасына қатысы бар деректер сақталған [14].

Қорыта келе айтпағымыз, **біріншіден, 2019 жылы тарихи тұлға Есет батыр Көкіұлының туылғанына 350 жыл толатындығын ескеруіміз қажет. Екіншіден**, РФ мемлекеттік мұрағатының қорларында Есет батырдың тарихына қатысты ғылыми айналысқа түспеген тың деректер әлі де бар. **Үшіншіден**, мұрағаттық деректер батыр бабамыздың қоғамдық-саяси қызметімен ғұмырнамалық тарихын зерттеушілерге тұлға тарихын танытуда сүйенер құнды дерек көздері болып табылады.

РЕЗЮМЕ

В статье автор представляет обзор архивных документов связанных с жизнью и общественно-политической деятельностью Есет тархана Кокиулы. Основываясь на архивный материал, автор достоверно устанавливает год рождения Есет батыра как 1669 г.

In the article the author presents an overview of the archival documents connected with the life and public-political activity of the Eset tarkhan Cockily. Based on archival material, the author reliably establishes the birth year of Eset Batyr as 1669 year.

ДЕРЕКТЕР

1. Ресей Федерациясы Орынбор облыстық Мемлекеттік Мұрағаты (РФ ОрОММ) – №1-қор, 1-тізбе, 1-іс.
2. РФ ОрОММ – № 1-қор, 1-тізбе, 72-іс.
3. РФ ОрОММ – № 2-1-тізбе, 15-іс.
4. РФ ОрОММ – 3-қор, 1-тізбе, 21-іс.
5. РФ ОрОММ – 3-қор, 1-тізбе, 43-іс.
6. РФ Архив Внешней политики России (РССМ), Кыргыз-қайсақтар ісі. – 122-қор, 1761-тізбе, 4-іс.; **А.Сабырханов** К истории земельных отношений Казахстана в XVIII веке (На материалах Младшего жуза). // Казахстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Сборник статей. Отв. ред. докт. ист. наук Б.С. Сулейменов. – Алма-Ата, Наука, 1969, (С. 156). – 198 с.
7. РФ ОрОММ – 3-қор, 1-тізбе, 38-іс.
8. РФ ОрОММ – 3-қор, 1-тізбе, 22-іс.
9. РФ ОрОММ – 3-қор, 1-тізбе, 21-іс.
10. РФ ОрОММ – 3-қор, 12-тізбе, 49-іс.
11. РФ ОрОММ – 6-қор, 1-тізбе, 63-іс.
12. История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып.2 Астана: ТОО «Общество инвалидов - Чернобылец», 2012. – 438 с.
13. **Өтеген Исенов**. Есет тархан Көкіұлы (1669-1757). // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журнал. №2 (149), 2017. – (9-10 б.).
14. РФ Башқұрстан Республикасы Ресей Ғылым Академиясының Уфа ғылыми орталығының ғылыми мұрағаты – (РФ БР РФА УФО ФМ) – 3-қор, 2-тізбе, 139-іс.

АЛАШТЫҚТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ:

тарихи бастаулары мен сабақтастығы

Ердаулет БЕРЛІБАЕВ,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Светлана САРҚҰЛОВА (Саркулова), Phd доктор,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Бүкіл түркі халықтарының мақтанышы әл-Фараби, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи және т.б. ең биік адами және рухани көркем біліктері мен қабілеттерін бүкіл адамзаттың рухани-мәдени игілігіне жаратты. Осы тұста өмір сүрген абыз жырау, ойшыл-философ Асан Қайғы өз заманының нағыз көшбасшысы болды. Оның «Жерұйық» идеясы – тұтас бір стратегиялық бағдарлама, әділетті заң үстемдік құрған кемел елдің бейнесі. Асан Қайғы бүкіл Қазақ ордасының зиялыларын **бір мүдде** төңірегіне топтастыруға ұмтылды.

Қазақ халқының тарихи даму кезеңдеріне сәйкес және қалыптасқан жағдайға қарай өзінің ұлттық көшбасшылары қалыптасты. Әр түрлі кезеңдерде ақсүйектер, хан тұқымы, діни көсемдер, байлар осындай міндет атқарды. Өз заманында Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлар қазақтың жойылып кету қаупі төнген кезде көптің ішінен суырылып шығып, қол бастады. Осындай батырлар – жаугершілік заманның көшбасшылары қызметін атқарды. Олардың миссиясы – қалың әскерді жұмылдырып, жауына тойтарыс беру арқылы елі мен жерін сақтап қалу болды. Қазақ халқы ұлт, мемлекет, ел ретінде осы күнге дейін келіп жеткені үшін өзінің ел бастаған ардагерлеріне, қол бастаған батырларына, сөз ұстаған би-шешендеріне, бүкіл көшбасшы қайраткерлеріне қарыздар.

Жаңа заманда Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, Абай, Шәкәрім гуманитарлық интеллигенцияның көшбасшылары ретінде ұлттық жаңғыруға үлкен үлес қосты. Кезінде Шоқанмен бірге оқыған замандастарының бірі: «... *Шоқан өз кезеңінің жан-жақты аса терең білімді адамы болды. Әсіресе, оның тарихи білімі зор болды және ғылым мен әдебиет саласында да зор білімділігімен ерекшеленетін...*» /1/, – деп баға берген екен. Аталған тұлғалардың ғалымдық, зерттеушілік, ағартушылық, демократтық, қазақ халқы үшін аз уақытта жасап кеткен басқа да ізгі қасиеттері ұшан теңіз.

XX ғасыр басында орыс отаршылдығының озбырлығы барған сайын арта түскен шақта ұлтшыл азаматтар арғы тегіміздегі **Алаш атымен бірігіп, ұлттық идеяны ту өтіп** бас көтерді. Олар зиялы деген атына лайық ұлт алдындағы парызы мен жауапкершілігін терең түсініп өз істеріне адал болды. Осы зиялы топтың көшбасшысы Әлихан Бөкейханов: «*Біз, хан тұқымы, қазақтың үмітін ақтап, елдігін, тәуелсіздігін сақтап қала алмадық, қарызымызды ақтау үшін көшін бастай алмасақ та, қосшысы боламыз*», – деген пікірлері осы тұстағы бар биліктен айырылуға себепкер болғандардың атынан қазақ халқынан кешірім сұрағандай көрінеді. Дегенмен, Тәуелсіздікке ширек ғасыр толған бүгінгі жағдайымызда алаш қайраткерлеріне «*демократияшыл қазақ зиялыларының көшбасшылары*» деп баға берілген. **Алаштықтарға ар, намыс, әділет, адами қадір-**

қасиет, өз ұстанымына адалдық, тұрақтылық, тектілік сияқты басты қасиеттер тән. XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлтқа қызмет етті. Осы кезеңде демократияшыл қазақ зиялылары бүкіл азаттық жолындағы қозғалысының ерекше қорытындысы болатын «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Ғасырдың ұлттық газеті атанған басты туындының жетекшілік бағытын белгілеуде біртұтас болып біріккен үштік – А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ө.Бөкейханұлы басты рөл атқарды /2/. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне қазақ демократиялық зиялыларының көрнекті өкілдерін топтастырды. Дегенмен, негізгі идеялық салмақты Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Бөкейханұлы атқарды.

Деректанушы ғалым Атабаев бүгінгі күні қолда бар «Қазақ» газеті материалдарының жартысынан астамын осы үштіктің жазғанын атап көрсеткен. Ахмет Байтұрсынұлының бір өзі 200-дей мақала жазған /3/. Бұл зиялылардың арасында абақтыға отырмағаны кем де кем. М.Дулатовтың айтуына қарағанда, А.Байтұрсынұлының шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында... патшалық полицейлік режимнің ауыр жағдайларында тіршілік еткен газеттің жабылар алдында өз баспаханасы, қағаздың үлкен қоры, шағын кітапханасы болды, осы тұста таралымы 8000 данадан асқан /4/. Патша тыңшыларының күшейтілген жұмыс режиміне қарамастан, газет Орынбор, Уфа, Қазан, Петербург, Мәскеу, Томск, Түркия мен Қытай оқырмандарына таралған /5/. Жағдайдың ауырлығына қарамастан, ұлттық демократиялық интеллигенция өкілдері астыртын жұмыстарын тоқтатпай, нәтижесінде ұлт көсемдері деңгейіне көтерілді.

Ұлт көсемдері 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде қазақтарды тыл жұмысына шақыруды дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асырып, уақыт ұту, қарусыз халықты патша жазалауының құрбаны етпеу, ұлттық автономия құру талаптарын ұсынды. 1917 ж. 14 наурызда «бұратаналарды» тыл жұмысына алу тоқтатылды. Бір айдан кейін оларды босату туралы шешім қабылданды /6/. Уақытша өкіметтің амалсыз қабылдауға мәжбүр болған бұл шешімін қазақ зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысының қорытынды кезеңіндегі маңызды жеңістерінің бірі болды деп бағалауға толық негіз бар.

Өтпелі кезеңдегі аласапыран тұста, Ө.Бөкейханов, М.Дулатов, т.б. бастаған қазақтың көрнекті өкілдері Уақытша өкіметті қолдауға, елде демократиялық республика орнатуға, Ресей құрамындағы ұлттық автономия құру үшін күресуге, құрылтай жиналысына дайындалуға шақырды /7/. Сталиндік, социалистік билік қазақты ұлт ретінде мүлдем жойып жіберуге ұлттық санасын құртуға, тарихи жадысын өшіруге ұмтылды. Алаш арыстарының позициясы осыған қарама-қарсы ұстаным болды. Алаш қайраткерлері осы тұста қылышынан қан тамып тұрған патшалық

жүйеге қарсы шығуын, одан кейінгі большевиктік, атеистік билікке қарсылық көрсетулерін жанып жатқан отқа түсумен тең екенін анық білді. Алаштықтардың осы ұстанымы кейін тоталитаризм нығайған тұста олардың өмірлеріне қауіп төніп трагедиямен аяқталды. Бірақ, алаштықтар алған бағыттарынан таймай, тарихта өшпес із қалдырып, **сөз бен істің бірлігін дәлелдеп кетті**. А.Байтұрсынұлы былай деп жазған: «*Өзіміздің ерекшелігімізді сақтап қалу үшін бар күшпен құралды жұмсап, оқу ағартуға және ортақ мәдениетке ұмтылуымыз қажет, бұл үшін біз әдебиетті ана тілінде дамытумен айналысуды бірінші борыш деуге міндеттіміз. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халықтың ғана дербес өмір сүруге үміттенуге құқылы екенін ешқашан ұмытпау керек*» /8/. XX ғасыр басындағы **қазақ интеллигенциясының басты ерекшелігі – олар адамгершілік пен ұлттық мүддеге адалдық сынағына төтеп берді**.

30-жылдардың қуғын-сүргіні, одан кейінгі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ептеп есін жиған халық. Хрущевтік «жылымық» тұсында еңсесін тіктей бастады. Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастары «Жас тұлпар» атты қоғамдық-саяси, ұлтшыл-дәстүршіл бағытта ұйым құрғаны мәлім. Бұл – Алаш идеяларының өміршеңдігінің бір көрінісі. XX ғ. басы мен кеңестік билік тұсындағы қазақ интеллигенциясы мен зиялы қауымының арасындағы рухани сабақтастықтың дәлелі.

1950-1980 жж. біртұтас «кеңес халқының» құрамындағы қазақстандық интеллигенция қалыптасты, сонымен қатар, **интеллигенцияның орыс тілді және қазақ тілді** болып жікке бөлінуі де дәл осы кезеңнен басталды. 1986 жылы алаңға шыққан жастарды қолдап, арашалауға ұмтылған қазақ зиялылары көп емес. Көлеңкеден қорыққан заманда шындықты батыл айтып, ұлттың рухын, азаматтық намысын жоғары ұстаған Шона Смаханұлы, Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шаймерденов, Сұлтан Сартаев, Алдан Айым-

бетов, М.Шаханов сияқты тұлғалар зиялы қауымның – халықтың тілі мен үні екенін дәлелдеді. Бұл тұлғалар да туған халқының болашағына алаңдаушылықты жеке басынан жоғары қойды. Қазақтың ұлттық руханияты мен мәдениетін өздерінің шығармашылық әлеуеті, әдеби туындылары, музыкалық шығармалары арқылы сақтап қалған осы топ болатын. Желтоқсан көтерілісі қайғылы аяқталса да, ол тек қазақ қана емес, бүкіл Кеңес Одағының құрамындағы ұлттық республикаларды дүр сілкіндіріп, ұлттық үрдістерге серпін берді.

Ал, «бүгінгі қазақ зиялысы, ұлттық интеллигенциясы қандай, ол алдыңғы толқынмен сабақтастығын сақтай алды ма, жоқ па, жалпы зиялы деген атқа лайық па» деген сұрақ туады. Қазіргі заманда интеллигенция өлшемі көп жағдайда жоғары біліммен өлшенеді. Өткен ғасырда алаштықтардың тарихта аты қалмаған белгісіздері жоққа тән. Қазіргі жаһандану дәстүрлері қаласа да, қаламаса да бүгінгі зиялыларға өз дегенін сіңіруде. Сондықтан бүгінгі интеллигент тұлға – рухани болмысы пенделігінен басым тұратын тәуелсіз ой иесі ретінде ғасырлар бойы жинақталған ұлттық құндылықтарға ерекше назар аударуы басты қажеттілік деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық 3-том – Алматы: Атамұра 2002 ж. 559 б.
2. **Ә.Бөкейханов**. Шығармалары (Кіріспе, авт. М.Қойгелдиев), М. А., 1994, 3-б.
3. **Атабаев Қ.** Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 ж.) А., 2000, 210-б.
4. **М.Дулатов**. Шығармалары. А., 1991, 302 б.
5. «Қазақ», Құрастырушылар; Ү.Сұхбанбердина, С.Дәуітов, т.б. 1998, 487 б.
6. **Аманжолова Д.А.** Казахский автономизм и Россия. М., 1994, 24 бет.
7. **Қойгелдиев М.** Алаш қозғалысы. А., 1995, 215-216 бб.
8. **М.Дулатов**. Шығармалары. А., 1991, 300 бет.

АЛАШСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Керимсал ЖУБАТКАНОВ,

кандидат исторических наук, доцент АРГУ им. К.Жубанова

Слово «Алаш» в переводе с казахского языка: 1) так назывался самый первый древнейший союз казахских племен; 2) боевой клич у казахских воинов; 3) многочисленная общность людей, народ, синоним слову «казахи». В этом 2017 году исполняется 100 лет Алашскому движению.

Возникновение национально-патриотического движения казахского народа в начале XX века было исторически закономерным и справедливым событием. Основной причиной возникновения Алашского движения являлось возникновение и рост национального самосознания и понимания национальных интересов у самой передовой части казахского народа того времени – у его появившегося и формирующегося слоя казахской демократической интеллигенции и поступательное развитие казахского общества в условиях колониальной политики царизма. Самодержавие насильно разобщало исторически сложившийся единый народ, разделив управление им на состоятельные административные органы, насильно были изъяты древние земли казахов, насаждалась такая система

образования, которая привела бы к исчезновению родного языка и культуры у казахского народа. Все это вело к конфликту между царизмом и казахским народом в лице его лучших представителей – казахской демократической интеллигенции во главе с Букейхановым и Байтұрсыновым, и др. К началу XX века всем стало ясно, что самодержавие уже давно не популярно и изживает себя. Первая русская революция 1905-1907 годов докатилась и до казахской степи. Именно к этому времени относится формирование движения «Алаш».

Как пишет д.и.н., профессор Дина Аманжолова в своей статье «Партия Алаш. Истоки национальной демократии»: «Немногочисленная казахская интеллигенция начала XX века, трудившаяся на ниве народного образования и просвещения, науки и литературы, социально-правовой сферы, закономерно стала тем критически мыслящим центром сосредоточения вековых надежд, устремлений и ценностных ориентиров, которые составляли существо духовной жизни казахского общества, выражали самые острые проблемы его жизнедеятельности».

тельности.

Просветительские инициативы будущих алашординцев (лидерами движения были Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Мухамеджан Тынышпаев, Миржақып Дулатов), создание периодической печати, решительное включение в политическую борьбу в составе социалистических, либеральных, мусульманских организаций, партий и движений, уникальный по богатству и разнообразию опыт сотрудничества с многочисленными общественными деятелями, учеными и политиками дали замечательные плоды.

Через попытку создать самостоятельную партию, через бурные дебаты в первой национальной газете «Казах», через короткий опыт парламентаризма и многотрудную практику защиты народных интересов в страшном 1916 году сформировался замысел и развернулась масштабная деятельность по созданию общенациональной партии как наиболее подходящего инструмента этнополитической консолидации общества».

Алашское движение впервые в истории казахского народа озобоилось вопросом модернизации своей страны. Как пишет д.и.н., профессор Д.Аманжолова в своей статье: «Среди наиболее значимых задач модернизации, которые составили программу «Алаш», – трансформация экономических основ жизнедеятельности казахов, их традиционного хозяйства: определить масштабы, темпы, условия адаптации к рыночным условиям, баланс между кочевым скотоводческим, оседлым скотоводческим и земледельческим типами организации. Кроме того, лидеры движения стремились создать политико-правовую базу для реализации особо чувствительных нужд и запросов в сфере свободы вероисповедания, прав личности и гражданина, национального равноправия в полном объеме.

В числе задач было и радикальное повышение грамотности, развитие национальной школы, формирование современной общей и особенно политико-правовой культуры; включение элиты и широких масс в реальный политический процесс через представительные органы, политические партии и общественные организации, органы управления и самоуправления. Важно отметить, что широко образованные лидеры зарождавшейся партии сумели предложить наиболее адекватную в тех условиях систему мер, творчески используя лучшие теоретические и идейные наработки, имевшиеся тогда в арсенале общественно-политической мысли».

Тому наглядное свидетельство это принятая программа движения Алаш осенью 1917 года:

«1. Государственное устройство. Россия должна быть демократической федеративной республикой. Каждое государство, входящее в федеративную республику, являясь самостоятельным, действует, в единении с другими государствами – членами федерации ...

2. Местная свобода. Автономия казахов складывается из областей, населенных ими, и составляет часть Российской федеративной республики.

3. Основное право. В Российской республике все являются равноправными без различия вероисповедания, происхождения, пола.

4. Религия. Религия отделяется от государства... Все религии равноправны.

5. Власть и суд. Власть и суд должны строиться в соответствии с особенностями каждого народа. В районах, где казахи составляют большинство, языком суда является казахский.

6. Защита народа. Для защиты народа должно быть войско...

7. Налог. Взимание налогов производится по степени богатства и имущественного состояния.

8. Рабочие. Рабочие должны защищаться законом... Партия Алаш поддерживает в этом вопросе программу меньшевистской группы социал-демократов.

9. Развитие науки и просвещения. Образование должно быть достоянием всех. Обучение во всех учебных заведениях бесплатно.

10. Земельный вопрос. В основу должно ложиться владение землей в первую очередь коренного населения...».

В период установления Советской власти взаимоотношения партии Алаш с новыми властями по существу не перешли от контактов к компромиссам. В ряде городов – Петропавловске, Перовске, Аулие-Ате, где в местных Советах главенствовали радикальные элементы РСДРП(б), активисты Алаш подверглись репрессиям, лишь в Семипалатинске, Верном и в некоторых других местах между ними удалось наладить хрупкое, недолговременное сотрудничество.

С середины 1919 года начинается переход отдельных представителей, в том числе и лидеров, Алаш-Орды на сторону Советской власти, к концу года он принимает массовый характер, чему способствовала широкая амнистия участникам алашского движения, объявленная Советской властью и сыгравшая большую роль в окончательном его организационном распаде.

Алашское движение возникло в результате социально-экономических, общественно-политических и духовно культурных изменений, происшедших в Казахстане в конце 19-начале 20 вв. **Центральным элементом движения явилась общенациональная партия Алаш, организованная в июле 1917 года.** С самого начала участвуя в общественно-политической жизни, партия Алаш своими главными задачами считало достижение двух целей: освобождение казахского народа от колониального ига и обеспечение будущего вхождения казахского общества и РК в цивилизованное мировое сообщество. По своей социальной природе партии Алаш являлось политической организацией разночинной казахской национально-демократической интеллигенции.

Партия стремилась приспособить Казахстан начала XX века к буржуазно-капиталистическим отношениям. Этого предполагалось достичь эволюционным путем – путем реформ. Поэтому она отвергала идеи и лозунги Октябрьской революции 1917 года и в годы гражданской войны стала союзницей антисоветских и антибольшевистских сил. В этом противостоянии партия Алаш и правительство Алаш-Орды потерпели поражение (1).

В этом году 16 декабря исполняется ровно 25 лет как наша страна стала независимым и суверенным государством. За эти годы наша страна под руководством Елбасы Н.А.Назарбаева прошла путь от бывшей союзной республики СССР с сырьевой экономикой, которая обеспечивала весь Советский Союз всем необходимым для промышленности и сельского хозяйства сырьем до самостоятельной, проводящей многовекторную внешнюю политику, создавшей рыночную экономику и постепенно переходящей с помощью индустриально-инновационной политики к полноценному государственному строительству и развитию независимой стране.

Несомненно, что первоочередным вопросом для

нашей только что ставшей независимой стране был вопрос о взаимоотношениях с Россией, но теперь на качественно новых условиях – это две бывших советских союзных республики, которые провозгласили свою независимость, отказались от строительства социалистическо-коммунистического государства и стремящихся войти в полноценном формате в мировое содружество наций и государств, отказавшихся от прежней советской идеологии и внешнеполитической доктрины.

Не секрет, что для любого государства СНГ взаимоотношения с Россией очень важны и исключительны. И то, что взаимоотношения между Республикой Казахстан и Российской Федерацией с 1991 года и по сей день позитивны, конструктивны, результативны и взаимовыгодны – это заслуга нашего Президента Н.А.Назарбаева, который сумел выстроить правильные взаимоотношения и с М.С.Горбачевым, и с Б.Н.Ельциным, и с В.В.Путиным.

Здесь не надо быть профессиональным психологом, но понятно, что это совсем разные по характеру, харизме и стилю государственного управления руководители соседнего государства. И нашему Президенту удалось на каждом этапе из этих 25 лет построить конструктивно-позитивные отношения с этими лидерами РФ в интересах Казахстана и его народа, а также в интересах российского народа и России.

Н.А.Назарбаев сумел во имя высших интересов нашего народа и государства на каждом из этих этапов сохранить дружбу, добрососедство и взаимовыгодное сотрудничество в разных сферах межгосударственного, так и человеческого общения между двумя народами и государствами.

И сейчас отношения между РФ и РК являются союзническими, братскими, равными и взаимовыгодными, что идет на пользу прежде всего нашему народу и стране, а также России и его народа.

Говоря о отношениях с нашим восточным соседом – Китайской Народной Республикой, можно также охарактеризовать взаимоотношения РК и КНР, как Казахстана с Россией. Начиная от Дэн Сяопина до нынешнего руководителя КНР Си Цзиньпина, со всеми лидерами КНР, Н.А.Назарбаеву удалось выстроить уважительные, взаимовыгодные и добрососедские отношения между Казахстаном и Китаем.

И это справедливо и для межгосударственных отношений с другими государствами как в Западной, так и Восточной Европе, с США и т.д.

То есть, не имея никакого опыта в мировой политике и дипломатии, наше молодое независимое государство, благодаря мудрой, взвешенной и гибкой политике нашего лидера за 25 лет своего самостоятельного существования добилося на ниве международной и внешней политике выдающихся результатов.

Кроме того, как бы мы не говорили о временах Казахского ханства и политике казахских ханов, но именно Н.А.Назарбаев создал полноценное государство со всеми государственными институтами, системой полноценного государственного управления, с регулярной армией и флотом, общепризнанными границами, своей валютой и т.д., что до этого не было в истории нашего народа.

Таким образом, за 25 лет своего независимого развития наша республика и ее народ, прошли огромный политический, экономический путь развития молодого суверенного государства под руководством Елбасы.

Идеи политических движений в Казахстане начала XX века за национальное и демократическое развитие Казахстана нашли свое конкретное отражение в кон-

це XX века при строительстве казахстанской государственности суверенной и независимой Республики Казахстан под руководством Президента РК и его Елбасы Н.А.Назарбаева. Именно он своим титаническим и кропотливым трудом сумел воплотить в действительность все идеи и чаяния Алашского движения и сформировать политический и международный имидж Казахстана на основе этих идей как суверенного, миролюбивого, конструктивного и созидательного государства и общества в рамках СНГ, Евразии и всего мирового сообщества.

ТҮЙІН

Бұл ғылыми мақалада «Алаш» қозғалысы және қазіргі егемен еліміздің 25 жылдық тәуелсіз дамуы туралы сөз болады. XX ғасырдың басында, яғни 1917 жылы тарих сахнасына «Алаш қозғалысы» арқылы шыққан «Алаш» идеясы ұлттық мемлекетіміздің іргелі негіздерін қалады және болашақта Тәуелсіз Қазақстанның пайда болуына үлкен ықпал етті. Алаш идеясы бес түрлі нәрседен құрылған. **Біріншісі** – жер. «Жерсіз Отан жоқ. Қашан қазақтың өзі өркеніетке ілігіп, техниканың тілін меңгергенше, жерді жекеменшікке беруге болмайды». Бұл – Әлихан Бөкейхановтың сөзі. **Екінші идеясы** – жердің асты-үстіндегі бір түйір тас осы Алаш мемлекетінің игілігіне жұмсалуды керек. **Үшіншісі** – бір уыс жүн қазақ халқының үстіне тоқыма боп тоқылуы керек. Бұл да Әлихан айтқан ой. **Төртіншісі** – тіл, дін үстемдігі. **Бесіншісі** – дәстүрге негізделген заң мен тәуелсіз ғылым арқылы жапондар сияқты ұлттық, демократиялық мемлекет құру. Қазақ елінің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Алаш идеялары мен осы қозғалыстың нағыз асыл, ұлтжанды азаматтары армандаған идеяларды іске асырып, 25 жыл бойы өз елін басқарып, үлкен және бұрын-сонды қазақ тарихында болмаған сыртқы мен ішкі саясат, экономика және басқа салаларда жемісті істерге қол жеткізіп жатыр.

ANNOTATIONS

In this scientific movement “Alash” and 25 years of independent development of the country. In the early twentieth century, in 1917, that is on the stage of the history of “Alash movement” through the “Alash” is still in the future and the fundamental foundations of our state, national ideas, new historical and Independent Asistencias contributed to the emergence of large. The idea of Alash-five did. First – the earth. “Otan Gerst. When he has to civilization, eventually finishing on megarhyncha the language of technology, not subject to transfer to private ownership of land.” The word of Alikhan Bukeikhanov. The second idea – underground-Alash highway, should be spent for the benefit of those grains of one state over. The third a handful of wool and textile toyloy of the Kazakh people, more than. As said Alikhan, is the idea. Fourth – language, the rule of religion. Fifth – the law is based on tradition through science and Japanese, as an independent, democratic state-containing. The first President of the country N..These precious ideas of Alash movement and Nazarbayev, by the way, Stalin’s terror, and those citizens for their dreams and realize their and for 25 years, managing large and foreclosure on property on domestic and foreign policy of the Kazakh population, lack in history and in other sectors of the economy and good deeds, and not so fruitful.

ЛИТЕРАТУРА

1. <http://www.elimai.kz/istoki-nacionalnoj-demokratii.html>

МУСТАФА ШОҚАЙ

Ж.АХМЕТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
А.БАЙГӨБЕКОВА,
ҚазМемҚызПУ-дың магистранты

Алаш қозғалысы тарихында өзіндік із қалдырған көсемдердің ішінде Мұстафа Шоқайдың есімі ерекше аталады. Өйткені сол кездегі ұлы тұлғаның арманы түркі тілдес халықтардың басын бір жерге қосып, бір замандардағы ұлы Тұран идеясын қайта жаңғырту болатын.

Өзімізге белгілі қазақ жеріндегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шешу үшін саяси партия қажет деп есептеп, осының нәтижесінде 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда бірінші жалпы қазақ съезі өткізіліп, Алаш партиясы құрылды. Ал сол жылғы желтоқсанда өткен екінші жалпы қазақ съезінде Алаш автономиясы жарияланып, оның үкіметі Ұлттық Кеңес немесе Алашорда сайланды.

Мұстафа Шоқай бірінші жалпы қазақ съезіне Сырдария қазақтары атынан шақырылып, сол кездегі Ташкенттегі саяси жұмыстардың күрделенуінің нәтижесінде қатыса алмады. Съезд жоғарыда атап көрсеткендей, қазақтардың жеке саяси партиясын құруға шешім қабылдады. Партияның бағдарламасы мен жарғысының жобасын дайындау міндеті Ұлттық Кеңеске сайланған Мұстафа Шоқайға және онымен бірге жеті өкілге тапсырылған болатын. Осының өзі Ұлттық Кеңеске сайланған сегіз мүшеге съезд тарапынан берілген ең маңызды істердің бірі еді. **Аталған сегіз мүше мыналар:** Ақмоладан Айдархан Тұрлыбай, Семейден Әбіқай Сәтбаев, Торғайдан Әлжан Байғорин, Оралдан Жаһанша Досмұхамедов, Бөкейден Уәлихан Танашев, Жетісудан Базарбай Мәметов, Сырдариядан Мұстафа Шоқай және Ферғанадан Әбдірахман Оразаев болатын [1, 301-302].

Қарашаның 21-де “Қазақ” газетінің 25-санында Алаш партиясы бағдарламасының жобасы басылып шықты. Бұл бағдарлама 10 баптан тұрды [2]. Алаш партиясының бағдарламасы, жалпы азамат құндылықтарын басшылыққа алды. Атап айтқанда, сөз, баспасөз, жиналыс бостандығы, тең құқықтық негіздегі білім беру, мектепте, оқу ордаларында ана тілінде дәріс беру, жерді сатпау мәселелері – Алаш партиясының бағдарламасындағы өзекті мәселелері болды.

Сонымен қатар бірінші Жалпықазақ съезінде Ресей Құрушы мәжілісі сайлаулары үшін кандидаттар да белгіленді. Мұстафа Шоқай съезге екі жерден, яғни Сырдария мен Әмудария аймағынан делегат етіліп көрсетілді. Осылайша Мұстафа әрі Түркістан халқының атынан, әрі қазақ халқының атынан келген делегат есебінде болды.

Мұстафа Шоқай негізі Түркістан аймағында белсенді түрде саяси жұмыстар атқарып жүргенде, Орынбордағы қазақ саяси ұйымдасуларында да маңызды қызметтерде есімі аталып жатқан болатын. Басқаша айтсақ, Мұстафа Шоқай әрі Түркістандағы, әрі дала өлкесіндегі ұлттық өкімет құру жолындағы жұмыстарда беделді саясаткер еді. Негізінде мұның бұлай болуы Мұстафаның жеке қабілеттілігімен бірге, Сырдария аймағында өкілдік етуінен де туындады.

Сырдария облысы Түркістан өлкесіне қарағандықтан, Мұстафа Түркістандағы саяси жұмыстарға да араласуға тиіс болатын. Екінші жағынан Сырдария облысы бұрынғы Ресей аймағында қазақтар ең көп шоғырланған облыс болғандықтан, Мұстафаны қазақтардың саяси жұмыстарының маңызды бір делегатына айналдырған [3, 86].

Мұстафа Шоқай және Алаш басшылары ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ, саяси тұрақсыздық жағдайында тек біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым ғана қазақ елін апаттан құтқарып, бостандық жолына алып шыға алады деп түсінді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін жер-жерде съездер өткізуді қажет деп тапты.

Осыған орай Орынбор қаласында 1917 жылғы желтоқсанның 5-13 күндері өткен екінші жалпы қазақ-қырғыз съезіне оны ұйымдастыру комитеті жасаған тәртіп бойынша әр уезде ел сыйлаған екі ақсақалдан, әрбір облыстық қазақ комитеттерінен келетін екі өкілден тыс 30-ға жуық адамға арнаулы шақырулар жіберілді.

Мұстафа Шоқай екінші жалпы қазақ съезіне шақырылғанымен, сол кезде ол Қоқанда құрылған жаңа өкіметтің жұмыстарына байланысты құрылтайға мезгілінде қатыса алмады, бірақ соңына қарай келеді.

Екінші Жалпықазақ съезінің ең маңызды шешімдерінің бірі – Алашорда Уақытша Қазақ үкіметінің құрылуы болды. 25 мүшеден тұратын өкіметтің 10 мүшелік орны қазақ арасында тұратын басқа халықтардың өкілдері үшін бос қалдырылды. Қалған 15 мүшенің жетеуі облыс өкілдерінен құралды. Алашорда үкіметінің басшысы болып Ә.Бөкейханов сайланды [3, 87]. Мұстафа Шоқай да Түркістан үкіметінен кейін Алашорда үкіметіне мүше болып сайланған болатын.

Осы съезге келген М.Шоқай қазақ халқын Алаш партиясының айналасына топтастыру үшін сырдариялықтарға мынадай ұран тастайды: Сырдария халқына өз тарапымынан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы. Бүгін айырылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астына жиналар деген үміт-теміз [4].

Жалпы Алаш қозғалысын өмірге алып келген негізгі екі себеп бар: отарлық тәуелсіздік пен феодалдық мешеулік. Соған сай Алаш зиялылары өз қызметінде негізгі екі мақсатты, яғни, **біріншіден**, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, **екіншіден**, қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына шығаруды көздеді.

Сөйтіп қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған екінші жалпы қазақ съезі 1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Ол съезге Қазақстанның барлық облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губер-

ниясы мен Самарқан облысы қазақтарынан және Қырғызстаннан – барлығы 76 өкіл қатысты. Күн тәртібіндегі ең маңызды мәселе – ұлттық автономия мәселесі еді.

Алаш басшысы Әлихан Бөкейханов сол кездегі Қазақстан жағдайында автономия алудың қиындықтарын былай деп көрсетті: Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуші бір қиын жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас; бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады; қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес, көшсе ақылсыздық болады; қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халде туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ. Ішіміздегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді [5]. Осындай мәселелер Әлихан Бөкейханов бастаған топты қазақ автономиясын жариялауда қинаған еді.

Жалпы XX ғасыр басындағы Ә.Бөкейханов, М.Шоқай бастаған қазақ зиялыларының өз елінің ұлттық мемлекетін құру әрекеті сол заманның талабынан туындаған тура шешім.

Қазақ жетекшілері өз автономияларын құрмас бұрын, басқа бір автономия шаңырағы астында өкімет құру ынтасы олардың автономия жөнінде өздеріне сене алмағандықтарын байқатады [3,89]. Негізінде бұл мәселе екінші Жалпықазақ съезінде ашық түрде талқыланды. Съезде қазақ автономиясын құру туралы шешім қабылдағанымен, автономия жариялау уақыты талас-тартыс туғызды. Съезге қатысқандардың бірі автономияны жедел түрде жариялау керек десе, екіншілері кейінге қалдыруды жақтады [1, 331].

Алашорда тарихын көп зерттеген ғалым К.Нұрпейіс екі жақтың бір бітімге келуінде Мұстафа Шоқайдың маңызды рөл атқарғандығын айтады [6, 156]. Жалпы Мұстафа Шоқай Қазақ автономиясы жөнінде басқаша пікірде болатын. Жоғарырақта атап көрсеткендей, Қоқандағы Түркістан автономиясының Уақытша үкіметіндегі шұғыл жұмыстарының себебінен съезге кешігіп келген Мұстафа Шоқай бастапқы кезде Қазақ автономиясының құрылуына қарсы болды. Қоқанда құрылған Түркістан автономиясының қазақ пен өзбек халықтарының ортақ автономиясы екенін айтып, съезге қатысушыларға Мұстафа Түркістан үкіметінде қазақ халқының өкілі ретінде Мұхамеджан Тынышбаев екеуі қызмет атқарып жүргенін атап өтті [1, 345].

Алайда Орынборда өткен екінші Жалпықазақ съезі және Алашорда үкіметіндегі жұмыстар Мұстафаның Түркістан автономиясы туралы көзқарастарына бетбұрыстық өзгерістер әкелді. Мұстафа Қоқаннан Орынборға Қазақ съезіне келерде қазақтардың Түркістан автономиясына қосылуы қажет деген пікірде болатын.

Бірақ Орынбордағы жұмыстар аяқталғаннан кейін Қоқанға қайтарда ол бұл ойынан айнып, Сырдария қазақтарымен бірге Түркістан автономиясынан бөлініп, Қазақ өкіметіне қосылуға тәуекел етті [3, 92]. Бірақ Сырдария қазақтарының съезі басталатын 5 қаңтар күніне дейінгі оқиғалар оның

бұл көзқарасын толығымен өзгертті. Өйткені сол кездегі саяси жағдайлар Түркістан автономиясының келешегін күрделі жағдайға әкеп соқтырды. Ташкент пен Қоқандағы большевиктердің Түркістан автономиясына деген қысымы күн өткен сайын күшейе түсті. Екінші жақтан Қоқан өкіметіндегі ішкі қайшылықтар да кедергі туғызды. Бұндай кедергілер съезд басталмай тұрып, бірнеше күн бұрын М.Тынышбаевтың орнына М.Шоқайдың өкімет басына келуіне де себеп болды.

Қоқандағы жағдайлардан кейін Сырдария қазақтары Түркістаннан бөлінесе Қоқан автономиясы әлсіреп кететініне көзі жетті. Сондықтан Сырдария қазақтары съезінде М.Шоқай және Сырдария қазақтары Түркістан құрамында қала тұру жайлы пікірлер айтқан болатын. Сонымен осы съезде Сырдария қазақтары Түркістан автономиясы құрамында өзінге қалуына шешім қабылданды. Алашорда автономиясы жарияланып, екі автономия бір федерация болып бірігетін болса, онда Сырдария қазақтары Алашорда өкіметіне қосылсын деген шешім қабылданды.

Сонымен Сырдария қазақтарының Түркістаннан бөлініп, қазақ өкіметіне қосылу туралы шешім қабылдауы үшін шақырылған Сырдария қазақтарының құрылтайы жиналу мақсатына қарама-қайшы шешім қабылдап, Қазақ өкіметі мен Түркістан өкіметі арасында ынтымақтастықтың алғашқы қадамына түрткі болды. 18 қаңтарда большевиктер Орынборды басып алғандықтан, Бөкейханов басшылығындағы Алашорда өкіметі тарап кетті [6, 159-160]. Айдың соңында Түркістан өкіметі де большевиктердің тарапынан біржолата таратылды. Большевиктер Алашорда мен Түркістан өкіметтері арасында басталғалы тұрған ынтымақтастықтың іске асуына мүмкіндік бермеді.

Алаш партиясы өз мақсатына жете алмады. 1917 жылдың аяғынан бастап 1918 жылдың наурызына дейін Кеңес үкіметі Қазақстанның, Түркістанның барлық жерлерінде орнаған тұста, қызыл империялық саясат жаппай барлық жерде үстемдік ете бастағаннан кейін Алаш азаматтарының сағы сынды. Алаш партиясының белсенді қайраткерлері жаппай іздеу, тінту саясатынан қудаланып, тұтқынға алынды. Ал кейбір Алашорда үкіметінің басшылары басқа жол жоқ болғандықтан, Кеңес өкіметін амалсыздан мойындап, онымен ымыраласуға мәжбүр болды.

Кеңес үкіметінің жандайшаптарының Алашқа деген сенімсіздігі күн тәртібінен түспеді. Нәтижеде 1920 ж. қаңтар-наурыз айларында Кеңес өкіметі өзінің қас жауы деп таныған Алашорданы тарих сахнасынан күштеп тайдырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгельдиев М. Алаш қозғалысы. Санат, 1995. -368 Б.
2. Қазақ. -1917. -21 ноябрь.
3. Абдуқап Қ. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. Алматы: Арыс, 2004. -320 Б.
4. Тәкенов А. Мұстафа Шоқай өмірінің кейбір қырлары // Қазақ тарихы.- 1997. -№2. (43).
5. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы: Қазақстан, 1994. -384 Б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 1995. -256 Б.
7. Қазақ.-1917. - 18 желтоқсан.-№255.

САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ –

көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дәрігер, шығыстанушы ғалым

Ғайнижамал РСАЛДИНА, Нұрсұлу ДҮЙСЕНОВА,
С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы,
Гүлім СҮЛЕЙМЕНОВА,
С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
Медициналық құқық және сот медицина курсы

Қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, дарынды ғалымы Санжар Асфендияровтың өмірі мен қызметі туралы мақалалар баспасөз беттерінде жарық көргенімен, оның қайраткер әрі тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторлар көпшілік қауым үшін беймәлім күйінде қала беруде. Соның бірі – оның шығу тегі мен туып-өскен ортасы. Аталған факторлар Санжардың бойына туа біткен дарын мен қасиеттерінің табиғатын түсінуге мүмкіндік беретіні талассыз [1, 14-6].

Қазіргі таңда Санжар Асфендияровтың Кіші жүзді билеген Әбілқайыр ханнан тараған ұрпақ екендігі көпшілікке мәлім. Санжардың хандық билік құрған аталары – Әбілқайыр мен оның төртінші ұлы Айшуақтың өмірлері көпшілікке жақсы таныс болып, олар туралы көлемді еңбектер жарық көргенімен, одан кейінгі аталары Сүйікәлі (Сығалы) және Асфендияр сұлтандардың өміріне қатысты мәліметтер тарихи әдебиетте сирек ұшырасып, қайшылықты сипатқа ие. Екеуі де Кіші жүздің жекелеген тайпалары мен руларын билеген сұлтандардың қатарына кіреді. Бала кезінен Санжар қазақ халқының тарихын жақсы білген әкесі Сейітжафар Асфендиярұлынан ел билеп, хан атанған аталары туралы әңгімелерді естіп, ер жетті. Олар Санжарға өзін даңқты әулеттің ұрпағы ретінде сезінуге, тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізіп, мойнына белгілі жауапкершілік жүгін артты [1, 15-6].

С.Ж.Асфендияров 1889 жылы қазан айында Ташкент қаласында әскери тілмаштың отбасында дүниеге келген. Ата-анасы туралы деректер: әкесі – Саид Жағыпарұлы Асфендияров – Шыңғыс әулетіндегі Әбілқайыр ұрпағына жататын Орал облысындағы сұлтан тұқымынан шыққан. Ол Ташкент қаласында генерал-губернатор Гродневтің Кеңсесінде ұзақ жылдар қызмет еткен, генерал-майор шенінде 1916 жылдың қараша айында 71 жасында құрметті демалысқа (отставкаға) шыққан. Шешесі – Гүландом Қасымова – үй шаруасындағы адам.

С.Ж.Асфендияров 1907 жылы Ташкенттегі реалдық училищені бітіріп, университетке түсу мақсатымен Санкт-Петербургке аттанады. Бірақ аттестатында латын тілінен бағасы болмағандықтан, қабылдау комиссиясы оның құжатын қабылдамайды. Медициналық университетті бітіріп жатқан әпкесі Гүлсім Асфендиярова інісін Санкт-Петербург қаласындағы әскери медициналық академияға түсуге көндіреді. Санжар Петербург әскери-медициналық академиясында теңіз министрлігінің степендиясында оқиды. Оқу орны оны Термез қаласының Түркісіб полкында әскери дәрігер болып еңбек етуге міндеттейді. Санжар Асфендияров емтиханды жақсы тапсырып,

5 жылдан соң 1912 жылы Императорлық әскери медицина академиясын бітіреді. Оқу жылдары өзінің болашақ жары Рабиға Серәліқызы Лапинамен танысады. Ол институттағы көзге түсіп жүрген қыздардың бірі болатын. С.Ж.Асфендияровтың тарих ғылымымен шұғылдандуына қайын атасы Сералы Лапиннің де ықпалы болған. С.Лапин – шығыс тілдерін оның әдебиеті мен тарихын жетік білген, академиктер В.В.Бертольд пен Н.И.Вассловскийге түркі тілдері бойынша дәріс оқыған қазақ. Ол 1891 ж. Петербург университетінің заң факультетін бітірген болатын. Кейін Сералы Лапин бірнеше ғылыми еңбек жазған. Осындай тұлғалы адамның қызына үйленіп, тәлімін көрген Санжар тарихқа, шығыстану ғылымына шындап бетбұрады. Академияны бітірген соң С.Ж.Асфендияров Термездегі шекара бекінісінің атқыштар батальонына жолдама алады. Патша әскерінде әскери дәрігер болып, 1913 жылдан бастап 4 жыл бойы қызмет етеді.

XX ғасырдың басында Петербурда білім алып жатқан қазақ жастарының қатарында танымал бола бастаған Санжар Асфендияров қызмет бабымен астанаға іссапарлармен жиі келген. Мемлекеттік Думаның депутаттары Әлихан Бөкейхановпен, Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Тынышпаевпен, заңгер Сералы Лапинмен және өзге де қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдерімен байланыс орнатып, түрлі жиындарда бас қосады. Санжар Асфендияров сол уақытта өзімен бірге әскери-медициналық академияда оқыған Халел Досмұхамедовпен, Нұрғали Ипмағанбетовпен, Сәдуақас Шалымбековпен, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің заң факультетінде білім алып жатқан Мұстафа Шоқаймен және тағы да басқа қазақ студенттерімен достық қарым-қатынаста болды. Академияда және астанада өткізген жылдары жас Санжардың үлкен өмір мектебіне айналып, азаматтық позициясының, өмірлік бағыттары мен саяси көзқарастарының қалыптасып, дамуына зор ықпал етті. Өзін білікті дәрігер маман ретінде көрсеткен Санжар Асфендияровтың әскери басшылық 1913 жылы мамырда Романовтар әулетінің билік етуінің 300 жылдық мерейтойына орай қола медальмен марапаттайды [2].

Санжардың Ақпан революциясынан кейін Түркістан өлкесінде атқара бастаған белсенді қоғамдық саяси қызметі қазақ зиялы қауым өкілдерінің назарынан тыс қалмады. Санжар Асфендияровтың Бірінші жалпықазақ съезіне арнайы шақырылуы және съездің шешімі бойынша Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылуы оның есімі тек Түркістан жұртшылығы ғана емес, сонымен қатар барша қазақ халқына танымал болып үлгергендігінің

дәлелі бола алады. [1, 124б.]

1916 жылы С.Ж.Асфендияров әскерден Петербургқа соғып, одан Ташкентке оралады. 1917 жылға дейін революциялық қозғалысқа қатыспаған. Қазақ, орыс, өзбек тілдерінде еркін сөйлеген. Ойын ағылшын тілінде жетік түсіндіре алған, француз тілінде ғана сөздікті пайдаланған. 1919 жылы мамыр айында С.Ж.Асфендияров №2790106 куәлікпен Коммунистік партия қатарына қабылданады. **Түркістан АКСР-інің Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалып, 1919-1920 жылдары Түркістан АКСР-інің Жер-су комиссары, Түркістан ОАК-тің төрағасы қызметтерін атқарған.** Осы тұста ол мемлекеттік қызметте үлкен белсенділік танытады. С.Ж.Асфендияров көптеген тезистер, қаулы-қарарлар баяндамалар, жарғылар дайындаған. Мысалы, 1922 жылдың қаңтарында Түркістанда болған қазақ кедейлерінің I съезінде *«Ағымдағы кезең және жер мәселесі туралы»*, 1921 жылы шілдеде Түркістан Компартиясы Сырдария облыстық конференциясында *«Жер мәселесі және егіншілік жөніндегі комитеттер»* тақырыбына баяндама жасады.

Ол – 1921 жылы желтоқсанда Кеңестердің Бүкілресейлік IX съезінің делегаты, 1921-1922 жылдары Түркістан АКСР-інің Мәскеудегі тұрақты өкілі және Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариаты коллегиясының мүшесі, БОАК (ВЦИК)-тің жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссияның мүшесі. 1922 жылы қазанда Түркістан Компартиясы YII өлкелік конференциясында *«Қала мен ауылдағы кезекті шаруашылық және ұйымдық шаралар»* деген баяндамалар жасады. 1922 жылы желтоқсанда Кеңестердің Бүкілресейлік X съезінің делегаты. 1923 жылы Орта Азия республикаларының I экономикалық конференциясында ауыл шаруашылығы туралы баяндама жасады.

С.Асфендияров аудандарға жиі шығып, халықтың кедейшілік тұрмысын көрді. Мемлекеттің экономикалық саясатының қателіктеріне көзі жетті. Сондықтан ол былай деп ашық жазды: *«Революцияның алғашқы жылдарында жер мемлекет меншігіне өтті және өту жүйесі жүргізілді. Мұндай саясат жергілікті халықты жерінен айырып, жер шаруашылығындағы істе коммуны құруға әкелді. Коммуна дұрыс бағытта құрылмады. Тіптен осы саясаттан біз жергілікті халықты шеттетіп алдық, олардың шаруашылығын бұздық, ақыры ол жер шаруашылығының толық қирауына әкелді»* [3]. Мұндай ащы шындықты тек ұлт мүддесін толық түсінген көреген қайреткер ғана айта алған.

1922 жылы Ташкентке қайтып келіп, Денсаулық сақтау Халық комиссары және ОК-інің хатшысы болады, Жер мәселесі бойынша халық комиссарының орынбасары қызметін қоса атқарады. Мұрағаттарда денсаулық сақтау халық комиссарының орынбасары М.Слоним қол қойған С.Ж.Асфендияров туралы мінездеме сақтаулы. Онда: *«Жолдас Асфендияров сөз жоқ тәжірибелі жетекші. Денсаулық ісі үшін тіптен баға жетпес әкімшілікке сай адам. өзінің денсаулық сақтау халық комиссары қызметіне аз уақыттың ішінде Денсаулық сақтау Халық Комиссариаты жұмысын көзге көрінер дәрежеде жақсартты. Ол уақыттар өте қиын еді. Денсаулық сақтау Халық комиссариаты ашаршылықпен күресудің жүздеген мәселелерін шешті, кедейлер және қоныс аударып келгендерге дәрігерлік көмек көрсетті»*, – делінген [4].

1922 жылы мамыр айында С.Ж.Асфендияров Түркістан комиссиясы төрағасы М.П.Томскиймен бірге Қазалыны, Перовскийді, Түркістан және Шымкент уездерін аралады. Мұнда олар жер-

гілікті халықтың денсаулығын сақтау және жер шаруашылығы істерін зерттеді. 1922 жылдың тамыз айында С.Ж.Асфендияров жер шаруашылығы халық комиссарының орынбасары ретінде Ферғана жотасын аралап, егін қоры мәселесі мен шаруалардың астықпен қамтамасыз етілуіне көңіл бөлді.

1924-1925 жылдары Ташкент қаласындағы БК(б) П ОК-інің Орта Азия жөніндегі бюро мүшесі болып сайланады. 1925 жылы Кеңестердің Бүкілресейлік съезінде Бүкілресейлік ОАК-тің хатшысының орынбасары және президиум мүшесі болып сайланады. Мәскеу қаласында осы қызметті 1927 жылғы дейін атқарады.

1927-1928 жылы С.Ж.Асфендияров Орталық атқару комитеті жанындағы Н.Н.Нариманов атындағы Мәскеу қаласы Шығыстану институтының директоры болып тағайындалады. Осы кезеңде ол ММУ-де оқытушылықпен де айналысады. Оған профессор атағы беріледі. Ғалым Қазақстан тарихы мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық және революциялық қозғалыс тарихына көп көңіл бөлді. Ол Темір үстемдік құрған дәуірдегі барлық көтерілістерді, оның ішінде Махмуд Тораби бастаған көтерілісті де басмашылық реакциялық деп жариялаған өзбек тарихшысы Б.Салиевтің пікірін сынға алды. Ол көтерілістердің қозғаушы күштері мен ұрандарына ғана емес, әлеуметтік және саяси бағыттарына талдау жасады.

Е.Бекмахановқа дейін қара күйе жағылып келген Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа (1836-1846 жж.) оң баға берді. Оның еңбектерінде Қазақстанда социалистік революцияны даярлау мен жүзеге асыру тарихына да үлкен орын берілген. Мәселен, бірқатар мақалалары мен очерктерінде ақпан буржуазиялық-демократиялық және Октябрь социалистік революциясы тарихының проблемалары көтерілген. Оның артта қалған елдердің капиталистік емес жолмен дамуы, кейбір халықтардың капитализмге соқпай социализмге өтуі туралы тұжырымдамасының маңызы бүгінгі таңда да өте зор. Санжар Жағыпарұлы Қазақстанның мәдени ескерткіштерін зерттеуге, «көшпелілер ежелден өркениет пен мәдениетке жау, вандализмге бейім» деген тарихшылар пікірін жоққа шығаруға да өз үлесін қосқан этнограф ғалым. Ол эпосты тарихи деректер қатарына жатқызды.

С.Асфендияров баяндамалар жазып, әріптестерінің еңбектеріне пікірлер, алғысхаттар жазды, шетел өкілдерімен жиі кездесіп тұрды. Оған шығыстану институтында бір жыл ғана жұмыс істеуге тура келді. 1928 жылы Қазақстан Үкіметінің шақыруымен Алматыға қызметке ауысады.

Ол республикадағы тұңғыш (1928 жылы) педагогикалық және медициналық (1930 жылы) институттардың ашылуына да зор үлес қосты. 1931 жылғы мамырға дейін Қазақ Мемлекеттік медицина институтының директоры болып, одан әрі ҚазКСР Денсаулық сақтау комиссары болып тағайындалады.

Аталған оқу орындарының басшылығымен қатар Қазақстан тарихы кафедрасында дәріс беріп жүрді. Медицина институтының доценті Д.Ермекова ол кісі жайында өзінің естелігінде былай деп жазады: *«Санжар Асфендияров жастарды, студенттерді жақсы көретін. Менің есімде қалғаны – ол кісінің адамгершілігі және жан-жақты білімді екені көрініп тұратындығы»*. Барлық адамдармен қарапайым түрде сөйлесетін, өте аңқылдақ жан еді. Барлық адамдарға «сіз» деп сөйлейтін. Студенттер ол кісінің ешқандай дәрісін жібермей, сондай үлкен ынтамен тыңдайтын еді. Дәріскер ретінде ол материалдарды терең білетін және өз тыңдаушыларына жеткізуде шеберліктің үлгісі болды [3].

1933 жылы С.Ж.Асфендияров ҚазАКСР-ның Халық ағарту комиссарының орынбасары, ұлттық-мәдени, ғылыми-зерттеу институтының тарих бөлімшесінің меңгерушісі, Қазақстандық қор төрағасы орынбасары, соңынан КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық бөлімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарды.

Тарих мәселелерін зерттеу барысында С.Ж.Асфендияров қызықты жұмыстар жариялады. Исламның пайда болу себептері (1928 ж.), ислам және көшпелі шаруашылық (1928 ж.) деген жұмыстарында жас ғалым дінтанушылардың тұжырымдамаларына сыни талдау жасай келе, исламның шығуына Азия халықтарының өмір сүру жағдайларына, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-идеологиялық алғышарттардың болуымен түсіндіруге тырысты. С.Ж.Асфендияров өзінің кітаптарында исламның шығу себептерін түсіндірудегі идеалистік теорияларды сынға алды.

1935–1936 жж. С.Ж.Асфендияров П.А.Кунтпен бірлесіп кеңестік деректануда тұңғыш рет «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» деген атпен екі томдық жинақ шығарды. 1935 жылы оның *«Ерте заманнан бергі Қазақстан тарихы деректері мен материалдары»* монографиясы жарық көрді. Бұл еңбегінде б.д.д. III ғасырдан 1917 жылдың үлкен хронологиялық кезеңге ғалым терең талдау жүргізген. 1935 жылы С.Ж.Асфендияровтың Қызылордада «Қазақ мектептеріне арналған қазақтардың тарихының очерктері» атты еңбегі жарық көрді.

1936 жылы оның Алматыда «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс» атты монографиясы жарияланды. 1934 – 1937 жылдары ол аудиторияларда және газет-журнал беттерінде республиканың тарихы мәселелері жөнінде мақалаларын жариялады.

Санжар Жағыпарұлының ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдасаңыз, оның қазақ зиялыларының тарихи қорларын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірегейі екендігіне көз жеткізесіз. Ол зиялыларды бірнешеге бөлді: қызметкер зиялылар (мамандар; дәрігерлер, инженерлер, т.б.); демократияшыл зиялылар (оқытушылар, жазушылар, т.б.). С.Ж.Асфендияров жұмыстарының барлығында қазақтардың тарихы мен рухани мәдениетіне көп көңіл бөлген. Ол ең алғаш болып қазақ жүздерінің қалыптасуының негізін қалады және дамуына сипаттама беріп, қазақ халқының өндірістік қатынастарын этномәдениетімен тығыз байланыстыра қарастырып, оны объективті үрдіске жатқызды.

Ол қазақ халқының тарихы көрші халықтар мен елдердің тарихымен өзара байланыста дамығанын атап көрсетеді. Ғалым қазақ жүздерінің қалыптасуындағы саяси құрылысты орталықтануға бағыттанушылық және бірігушілік тенденцияларын аша білді.

С.Ж.Асфендияровтың ғылыми жұмыстарында қазақ ғалымдарының еңбектеріне көп көңіл бөлді. Мысалы, Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің ғылыми мұраларын терең қызығушылықпен зерттей келе, оларды орыс либералдарымен салыстырған.

Қазақ мәдениетінің тарихын зерттеуде ол әрқашан құбылыс тұрақты нәрсе емес, оның даму қарқыны ішкі және сыртқы факторлармен анықталып отырады деп көрсеткен.

Тұтас алғанда С.Ж.Асфендияров ғылыми зерттеулермен 10 жылға жуық шұғылданды. Осы уақытта ол 11 кітап шығарды және көптеген мақалаларын орыс, қазақ, өзбек тілдерінде жариялады.

Көрнекті ғалымның ізденуші тарихшылар тапқан еңбектерінің ішіндегі «Ұлттық ғылыми кадрлар даярлаудағы кемшіліктеріміз» тақырыбымен 1933 жылғы 25 тамызда Алматы қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің жиналысында сөйлеген сөзі «Народ-

ное хозяйство Казахстана» журналына 1933 №8-10/ сөйлеген сөзі жарияланды. Онда педагогикалық ЖОО-дағы қазақ жастары алғашында 60-70 пайызды құраса, соңғы курстарда 20-30 пайызға түсіп кетуіне талдау жасай келе жер-жердегі қазақ мектептерінде арнаулы топтар ұйымдастыру үшін қосымша қазақ педагог кадрларын, сондай-ақ педагогикалық техникумдар мен ұлттық мәдениеттің ғылыми-зерттеу институтын құрудағы және денсаулық сақтау саласындағы ұйымдық мәселелерді дер кезінде қоя білді.

С.Ж.Асфендияров Алматыдағы бұрынғы Комсомольская көшесіндегі, қазіргі Төле би, 29-шы үйде тұрды. Қазір ол жерде Түрік елшілігі орналасқан. Оның Әлия және Адалыт деген екі қызы №28 мектепте оқыған. Оларды еркелетіп әкесі, Лютик және Диля деп атайтын. Кейінірек үлкен қызы Әлия Мәскеуге кетеді. Сол үлкен қызының Мәскеудегі үйінде С.Ж.Асфендияров (Маросейка көшесі, 8 үй, 35 пәтерде) 1937 жылдың тамызында тұтқынға алынады.

Оны Алматыға әкеліп, бас бостандығынан жарты жылға айырады. 1938 жылдың 25 ақпанында С.Ж.Асфендияров 58-1,А; 58-2; 58-8; 58-9; 58-11 баптарымен сотталады. Ол тұтқында жатып, басқалардың сыртынан мәлімет бермеді. Ол тек сотта соңғы сөзінде жұмыс істеуге рұқсат беруін сұрады. 1938 жылы ақпанда оның өмірі қиылды. Органдардың шешімі бойынша, 1938 жылдың 27 тамызынан бастап С.Ж.Асфендияровтың барлық еңбектері кітапханалардан алынып тасталды және оқуға рұқсат етілмеді. С.Ж.Асфендияровтың әйелі Рабиға Сералықызы күйеуін тұтқындаған соң өзі де тұтқындалды. Оны Карлағтағы түрмеге жіберді. Ол жерде ол кісі көп ауырды, 5 жыл түрмеде отыру қиын болды. Бұрынғы жолдастары азып-тозып кеткендіктен, оны әрең танитын. Қазір С.Ж.Асфендияровтың немерелері Ташкентте тұрады. Алматыда немере інілері тұрады.

1958 жылы С.Ж.Асфендияровтың тергеу ісі қайта қаралды. Қазақ ССР мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің өкілдері ол кісіні жақсы білетін адамдармен, оның ішінде бұрынғы шәкірттері мен белгілі қайраткерлердің біразымен әңгімелескен екен. Олар С.Ж.Асфендияровтың терең білімін, ерекше мәдениеттілігін, қарапайымдылығын, ұстамдылығын бірауыздан атап айтқан. **Сол шәкірттерінің бірі – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, біз көзін көріп, білім алған Д.Дінасылов ағамыз.** Ол С.Асфендияровтың 1933 жылы қарашада тіл және әдебиет факультетінің I курс студенттеріне келіп, институтта тарих факультетінің ашылатынын және оған студенттердің ішінде ауысатындары бар-жоқтығын сұрады. *«Біздер оншақтымыз тілек білдірдік. Сонымен, қараша айында жаңа факультет ашылды...»*

Ал, С.Ж.Асфендияров құрсталау сай біздің оқу тобымызда көне заман тарихы, СССР тарихы және қазақ тарихы пәндерінен дәрістер оқыды. Ол кісі дәрісті алғашында орыс тілінде бастаған еді. Бірақ, біздің тілегімізбен санасып, қазақ тілінде оқыды. Әрине, бұл бұрын қазақ тілінде сабақ жүргізбеген профессорға көп қиындықтар тұғызды. Санжар Жағыпарұлы тарихы пәндерді жетік білетін және студенттеріне жеткізе де алатын шебер педагог еді. Ол айтар ойын, тарихи материалдарды ғылыми негізде өз сөзімен, еркін баяндайтын. Санжар ағай дәрісін оқығанда бар ниетімізбен тыңдап, ешқашан жалығуды білмейтінбіз. Оның дәрісін тыңдауға басқа факультеттен де студенттер келіп, қатысып жүретін» деп еске алған.

С.Ж.Асфендияров КСРО Жоғарғы Сот шешімі бойынша 1958 жылы 26 мамырда толық ақталды.

Оның әйелі Рабиға одан ертерек Түркістандық әскери трибуналдық шешіммен 1958 жылы 31 наурызда ақталды [5].

С.Ж.Асфендияровтың өмірі мен қызметін зерттеуге республикаға танымал ғалымдар Р.Сүлейменов, Ә.Тәкенов және Х.Әбжанов зор үлестерін қосты.

ҚазССР Министр кеңесінің №17 қаулысымен 1989 жылы 11 қаңтарда медициналық институтқа (қазіргі ҚазҰМУ) С.Ж.Асфендияров аты берілді. Алматы көшелерінің бірі де С.Ж.Асфендияровтың атында.

Университеттегі патриоттық-рухани тәрбие орталығының бірі университеттік мұражайға күніне студенттер тобы өз кураторларымен келіп тұрады. Студенттер «Бұл – біздің тарихымыз», «Бүгінгі ҚазҰМУ», «ҚазҰМУ-дағы бүгінгі білім беру» (1-курс студенттері үшін), «Медицинадағы көрнекті тұлғалар» сияқты түсірілген деректі фильмдерді кураторларымен бірге тамашалайды. «Бұл – біздің тарихымыз» атты бірінші деректі фильмде С.Ж.Асфендияровтың тарихи тағдырына ерекше мән беріледі. Залда оның отбасы жайлы фотосуреттер, жұмыс кабинетіндегі үстелі, ұстаған заттары сақталған. 2009 жылы қазан және қараша айларында С.Ж.Асфендияровтың туылғанына 120 жыл толуына байланысты, университет көлемінде конференциялар, оның туыстарымен, «Әділет» қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізілді. Ал 125 жылдығына орай Қазақфильм студиясы С.Ж.Асфендияров туралы көркем фильм түсірді және ол ҚазҰМУ мұражайында студенттерге көрсетілуде.

Қорыта айтқанда, С.Ж.Асфендияровтың ғылыми зерттеулері бүгінгі студенттерге дәрігерлік мамандықпен шектеліп қоймай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалына дұрыс көзқарас ұстануына жол сілтеуші темірқазық ретінде бағалануы керек.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена государственного и общес-

твенного деятеля, и военного врача, организатора первого в Казахстане медицинского института, ученого-востоковеда, написавшего историю Казахстана, и проложившего дорогу о подготовке кадров из коренного населения о Санжаре Асфендиярове.

Ключевые слова: видный государственный, общественный деятель, врач, ученый-востоковед, первый директор медицинского института.

The article considered about Sanjar Dzhagyparovich Asfendiyarov he is a statement and social activity of doctor, organizer of first Kazakhstan medical institute, scientist-Eastern, who wrote their history of Kazakhstan.

Key words: great statement, social activity, doctor, scientist-Eastern, first rector for Medical Institute.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Жүнісбаев А.** Санжар Асфендияров: өмірі мен қызметі (1889-1938) I Том (1889-1918) Алматы, 2014.

2. 300-летие царствующего Дома Романовых. 1613 г. – 21 февраля 1913 г. Сост. П.Борзаковский. – Одесса: Типография Л.Ничта, 1913. Репринтное издание. – Рига: Спрингитис, 1990.

3. **Әбжанов Х.** Тұлға туралы толғау// Егемен қазақстан, 2006, 21 шілде.

4. **Т.Ә.Момынов, А.С.Саятова, А.М.Шахиева, Ғ.Т.Рсалдина.** «XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстанда денсаулық сақтау ісінің тарихы»-Студенттердің өзіндік жұмысына арналған оқу құралы – А., 2006 ж.

5. **Рсалдина Г.Т.** Ұстаздың енегесінен.

6. ҚазКСР «Ғылым» баспасы шығарған Санжар Жағыппарұлы Асфендияров (қазақстан ғалымдарының библиографиялық сериясы). Құрастырушылар Р.Б.Сүлейменов, Х.М.Абжанов. 1989 ж

7. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. – А., 2004 ж.

8. **Асфендияров С.Ж.** Қазақстан тарихы очеркі. Алматы, 1994 ж.



ЖҰРНАЛДЫҢ ШІРЕК ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ ҚАРСАҢЫНДА

Биыл «Қазақ тарихы» журналының шірек ғасырлық мерейтойы қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты Бекайым САЛЫҚБАЕВА ««Отан тарихы» және «Қазақ тарихы» журналдарындағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: салыстырмалы талдау (1998-2015)» тақырыбындағы магистрлік дипломын өте сәтті қорғап, қоғамдық ғылымдардың магистрі атындағы Ғылым жетекшісі – Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Зирабүбі ТӨЛЕНОВА.

Бекайым Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Халықаралық журналистика факультетінде оқи жүріп, «Қазақ тарихы» журналында қызмет істеген еді. Ол аталған университеттің бакалавиятурасын бітіргенде педагогикалық басылымдарға арналған дипломдық жұмысын қорғап, соның бір бөлімінде «Қазақ тарихы» журналының бірнеше жыл бұрын жабылып қалған сайты қайтадан ашқан болатын. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының базасында магистратура оқи жүріп, «Отан тарихы» журналында қызмет істеді. Қос журналдан жинаған тәжірибесін сәтті пайдаланып, екі басылымның 1998-

2015 жылдардағы сандарына салыстырмалы талдау жүргізді.

Жас зерттеуші дипломдық жұмысының кіріспе бөлімінде «Отан тарихы» және «Қазақ тарихы» журналдарының құрылуы мен қызметіне жеке-жеке тоқталыпты. Ал негізгі бөлімінің бірін «Қазақ тарихы» журналындағы Отан тарихының өзекті мәселелері деп алып, «Теориялық еңбектерге талдау» және «Жарияланымдарда көтерілген әдістемелік мәселелер» деген тақырыпшалармен журналда көтерілген теориялық және әдістемелік мәселелерге талдау жасаған. Аталған еңбектің үзінділері журналдың биылғы жылғы сандарында жарияланды.

Редакция алқасы Бекайым Салықбаеваның сәтті де тың ізденісіне қолдау көрсеткен аталған институттың бұрынғы басшысы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Ханкелді Әбжановқа, тарих ғылымдарының докторы Светлана Сымағұловаға, жетекшілік жасаған Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Зирабүбі Төленоваға Алла разы болсын айта отырып, алдағы істеріне толағай табыстар тілейді.

Редакция алқасы.

ТҮРКІСТАНДАҒЫ САЯСИ КҮРЕС және «ғұламалар» қоғамы

Ләззат РСЫМБЕТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Динара ОРЫНБАЕВА, Мөлдір НИЯЗБЕКОВА,
тарих магистрлары, оқытушылар

Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының маңызды қызметтерінің бірі – оның өлкедегі саяси қозғалыстардың да орталығы болғандығы. Мұндай қызмет Ресей орталығындағы Мәскеу, Петербург сияқты ірі қалалардың атқарған тарихи қызметтеріне ұқсас. Қазақ облыстары үшін Орынбор қаласының 1925 жылға дейінгі немесе Семей қаласының Алаш Орда үкіметінің орталығы ретіндегі қызметтерінен де бірқатар ұқсастықтар кездестіреміз. Әйтсе де, Ташкент қаласының саяси орталық ретіндегі қызметінің мазмұны көпқырлылығымен, ауқымдылығымен және уақыт талабына үн қосқан өткірлігімен аталған екі қаладан әлдеқайда маңызды болғандығына көз жеткіземіз.

Ташкентте ХХ ғасырдың басында көптеген саяси қозғалыстар пайда болды. Әсіресе, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен соң ол қозғалыстар нақты ұйымдық сипат алған. «Шуро-и Исламия» (Мұсылмандар кеңесі), «Шуро-и Улема» (Ғұламалар кеңесі) сияқты саяси ұйымдардың қызметі барынша өткір сипат алды. Саясат сахнасында кейбір кертартпалық діни позициясымен танылған «Шуро-и Улема» ұйымының қызметіне өлкедегі қазақ зиялылары да белсене араласқандықтан, осы ұйымның қызметіне кеңінен тоқталған жөн.

Аталған ұйымның қызметіне тарихнамалық талдау жасаған С.Рүстемов былай дейді: «Шуро-и Улема» ұйымына қатысты тарих ғылымында берілген бағалар әр қилылығымен ерекшеленді. Кеңестік тарих ғылымында маркстік-лениндік методологияның талаптарына сай «Шуро-и Улема» үстем тап өкілдері мен дінбасылардың мүддесін қорғау мақсатында бұқара халықты дегеніне көндіруге талпынып, «панисламизм» идеясын көтерген ұйым ретінде түсіндіріліп келді. Бұл ұйымға бүгінгі таңдағы ТМД елдерінің, дәлірек айтқанда, қазақстандық, өзбекстандық және ресейлік зерттеушілер баға бергенде М. Шоқайдың «1917 жылғы естеліктерінде» келтірілген мәліметтерге сүйеніп, оның тек осал тұстарын баса көрсетумен шектелуде» [1, 6- 47-6].

Ұйым мүшелерінің басым бөлігі дәстүрлі қоғамның басқару элитасының, соның ішінде діни мекемелердің басшылары болды. Олар түркістандықтардың отарлық саясат пен ұлттық езгіге түскен ахуалын жеңілдетуге, ұлттың өзін-өзі билеуіне қол жеткізу мақсатын көздеді. Улемашылардың қоғамды реформалық жолмен жаңартудағы ұстанған басты қағидасы ислам дінінің заңдарын саяси тұғырнама ретінде басшылыққа алуы еді. Демек, өз қызметін европалық партиялардың қағидаларымен емес, шығыстық, мұсылмандық негізде жолға қоюы арқылы улемашылар саяси күреске ұлттық мазмұн беруге тырысты. Бұл әрекет ұлт-азаттық күрестің саяси тәсілдеріне сүйенген қайраткерлердің тәуелсіздікке қол жеткізу жолын таңдауда шығармашылық ізденістерге сүйенгендігін танытады.

«Шуро-и Улема» ұйымы қашан құрылды және оның мүшелері кімдер болды деген сауалға жауапты «Туркестанские ведомости» газетіндегі жарияланымдардан табамыз. Газеттің жазуынша «Шуро-и Уле-

ма» ұйымы 1917 ж. 10 шілде күні Ташкент қаласындағы «Биглер Беги» мешітінің ауласында 25 мыңнан астам мұсылмандардың қатысуымен өткен саяси және күнделікті өмірдегі қажетті мәселені талқылауға арналған жиналыстың шешіміне орай құрылған. Қазақ зиялыларының алғашқы толқынының өкілі Сералы Лапин жетекшілік еткен бұл ұйымның бастапқы кезеңде 50-ге жуық мүшесі болды. Олардың ішінде Сейтмұхтар Махдум, Сабыржан Юсупов, Мұхаммед Қожа, Ерназар Мырзаев, Мұхаммед Маралов, Ташпулат Қари, Пірмұхаммед Ачлам секілді мүшелері өзінің белсенділігімен көзге түсті. Ұйым мүшелерінің қатарында дінбасылары (молдалар, ишандар), мұсылмандық мектептер мен медреселердің ұстаздары басымдылық танытты. «Мұның өзі ұйымның «Шуро-и Улема», яғни ислам дінінің этникалық-құқықтық нормаларының белгілері, қоғамы, ғұламалар кеңесі деп аталуына ықпал еткен-ді. Сол тұста бұл ұйым халық арасында «Жамиати-уламо» (ғұламалар қоғамы) деген атпен де танымал еді» [1, 6-47-48-бб.].

«Шуро-и Улема» бірден дербес ұйым болып қалыптаса қойған жоқ. 1917 жылы наурызда өлке мұсылмандарының қоғамдық-саяси ұйымы «Шуро-и Исламия» деген атпен танылды. Бұл атау орыс тілді әдебиеттерде «Мұсылмандар кеңесі» («Мусульманский Совет») түрінде қалыптасты. Әрине, мұндай атаулар Ресейдің орталығында пайда болып, Ташкент қаласында да құрыла бастаған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының кеңесі түрінде кең тараған, саяси қозғалыстың демократиялық қанатында сөнге айналған ұйымдық құрылымның үлгі, әсерімен қалыптасты. «Шуро-и Исламияның» ұйым болып қалыптасуының алғышарты ретінде өлкедегі мәдени-ағартушылық қызметті жаңалауды басты мақсат еткен жәдиттік қозғалыстың қызметін атаймыз.

Түркістанның өзін-өзі билеуіне қол жеткізу мақсатындағы ұлт-азаттық қозғалыстың өкілдері «Шуро-и Исламия» ұйымына біртұтас блок болып біріккен еді. Ұйымның әлеуметтік негізінің ертектілігіне қарамастан, ұлт-азаттық идеясы төңірегіне біріккен күштер саяси практиканың даму диалектикасы барысында алға қойған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін таңдауда екіге жарылды. Мұндай бөлінудің жолайық мәселесі С.Лапиннің өлке мұсылмандарының мүддесін қорғауда шарият қағидаларын басшылыққа алу талабы болды. Әрине, белгілі бір саяси күштердің ортақ көзқарасын білдірген С.Лапиннің бұл талабын оның жеке бастық мүддесі деп қабылдауға болмайды. Әйткен жағдайда оның соңынан ешкім ермес еді. «Шуро-и Исламияның» басшыларының бірі ретінде М.Шоқай ұйымның екіге бөлінуіне үзілді-кесілді қарсы болды және екі жақты мәмілеге шақырумен болды. Оқиғаның куәгері ғана емес, тікелей қатысушысы да болған М.Шоқайдың «Шуро-и Улема» ұйымы туралы пікірі көп жайдан хабар береді. «1917 жыл естеліктерінде» ол былай деп жазады. «Революцияны, яғни Ресейдегі мемлекеттік тәртіптің өзгеруін «Ғұлама қоғамы» сонау Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында

болып көрмеген әл-хулафа әр-рашидун мемлекеттік құрылысын қайталау кезеңі демекші болды. «Ғұлама қоғамының» төрағасы Сералы Лапин өз қоғамы атынан Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті жанынан Түркістанда «Махкамаи шариаат» (Шариғат соты) деген атпен депутаттар мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілресейлік құрылтай жиналысы мен Бүкілресей парламенті тарапынан Түркістанға байланысты шығарылып жатқан заңдардың осы шариғат мекемесіне бағынуын талап етті. Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың «аспандағы айды алып бер», – деген далбасасына ұқсайтын. Мұндай мықты мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан ең алдымен Ресейге бағыныштылықтан біржола құтылуы керек еді. Алайда, «Ғұлама қоғамы» ежелден ұлттық ұйымдарымыз армандап келген Ресей Федерациясы ішінде автономия беруді талап етті» [2, - 273-б.].

М.Шоқайдың бұл тұжырымы негізсіз емес болатын. «1917 жылы 12 маусым күні барлық ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіріп, оны бір арнаға түсіріп отыру ниетінде құрылған Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне төрағалыққа М.Шоқай, мүшелері ретінде Мұнауар Қари, М.Бехбуди, Т.Нарботабеков, З.Валиди, У.Қожаев, А.Авлони секілді қайраткерлер сайланған болатын. Алайда, «Шуро-и Улема» ұйымы Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің нұсқауларын орындамайтындығын білдіріп, оның мүшелерін халық сайламағандығын алға тартты. Осыған орай Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі мен «Шуро-и Улема» ұйымының арасы шиеленісе түсті» [1, 6- 49б.]. Бұл жағдай өлкедегі ұлттық күштердің қуатын әлсіреткені белгілі. Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі (сол кездегі орыс тілді басылымдары бұл билік институтын басқаша «Крас» - «Краевой Совет» деп атады – авт.) 1917 жылдың шілдесінде өтетін Ташкент қалалық Думасына және осы жылдың күзінде өтетін Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына ұлттық күштердің атынан бір блок болып кандидаттар ұсыну мәселесінде ортақ мәмілеге келуді ұсынған Өлкелік Кеңестің әрекеті нәтиже бермеді.

Ал «Кенгаш» газеті 1917 жылғы 6 тамыздағы санында Ташкент қалалық думасына түрлі партиялар мен қоғамдық бірлестіктер атынан 16 тізім ұсынылғанын жазады. Олардың тек 3-і ғана Ташкенттің жергілікті халқының атынан ұсынылған еді. Олар: «Ғұлама» ұйымынан, құрылысшы жұмыскер-мұсылмандар одағы және ескі және жаңа қала мұсылман ұйымдары бірлестігі. Соңғы бірлестік негізінен «Шуро-и Исламия» ұйымының атынан ұсынылды. Сайлаудың қорытындысында «Шуро-и Улема» жеңіске жетті: ол думадағы 112 орынның 62-сін, социал-демократтары 15, эсерлер-24, «Шуро-и Исламия» -11 орын иемденді. Сайланғандардың 74-і жергілікті тұрғындар, 38-і европалықтар болды [3].

Бұл деректер «Шуро-и улеманың» қалалық думадағы орынның тең жарымынан астамын иеленуінің сыры неде» деген заңды сұрақ туғызады. Оның сыры біздің пікіріміз бойынша «Шуро-и Улема» атынан өлкедегі отарлық билік өкілдерінің де көптеп ұсынылуы болды. Жергілікті шенеуніктердің тізімге енгізілуіне сайлау барысында әкімшілік ресурстар арқылы ықпал жасау орын алды деген қорытынды жасауға негіз болады.

Ташкент қалалық думасы сайлауының нәтижелері бүкіл өлкеде үлкен резонанс туғызды. Ташкент қаласы думасына «Шуро-и Улема» атынан ұсынылған тізімде Самарқан облысының бұрынғы әскери-губернаторы Лыкошин секілді өкілдер де бар еді. Қалалық думаға ескі билік шенеуніктерінің ұсынылуы ұлттық демократиялық күштердің ғана емес, өлкедегі еуропалық тұрғындар арасында кең қанат жайған либералды және солшыл радикалды топтардың да наразылық білдіруіне алып келді. Эсерлер

мен социал-демократтар осыған орай мұсылмандар саяси жағынан әлі жетілмеген, олар біздің үстімізден реакциялық күштердің билік жүргізуіне жол беруде деп мәлімдей бастады. Мәселен, Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің мүшесі Г.Цвилинг «мұсылмандар контр-революция жолына түсті» деген мәлімдеме таратып жатты. Бұның бәрі ұлтаралық қатынастарға кері әсер етіп, өлке халқының ұлттық межеліуін тереңдете түсті [4, 6- 44-б.].

«Шуро-и Исламия» мен «Шуро-и Улема» арасындағы саяси алауыздық біртіндеп ашық текетіреске ұласты. Оған «Ғұламалар қоғамы» басшыларының «Шуро-и Исламиямен» бірігіп Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттар тізімін ұсыну туралы Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің ұсынысынан бас тартуы дәлел болады. 1917 жылы 2 қазанда «Шуро-и Улема» ұйымы Түркістан қаласында Сырдария облысы мұсылмандарының сиезін өткізіп, онда Құрылтай жиналысына депутаттыққа өз алдына бөлек кандидаттар тізімін жасады. 14 адамнан тұратын бұл кандидаттар тізімінде Сералы Лапинмен бірге аталған Серікұл Алдабергенов, С.Нұрмұхамедов, Хұсайын Ибрагимов, Қ.Бұралқиевтар өлкедегі ұлттық элитаның көрнекті өкілдері болатын. Олар тізімге енгізілуге әбден лайық тұлғалар еді.

Дегенмен, Сырдария облысы мұсылмандарының атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылған кандидаттардың құрамына көңілі толмайтын саяси күштер съезд шешімінің легитимдігіне күмән келтіреді. **Атап айтқанда «Бірлік туы» газеті:** «Сырдария облыстық мұсылман съезі шын мәніндегі облыстық съезд болмаған. Өйткені, оған Қазалы нәм Әулиеата уездерінен тіпті ешкім келмеген. Барғандардың көбі Ташкенттен ертіп апарған Сералы, Садық Қожа ишанның өз адамдары болған. Құрылтай жиналысына баратын адамдар саясат ісінен хабардар болуы керек. Олардың ұсынған тізімінде ондай адам жоқ. Көбі молдалар мен ишандар. Олар Петрогорада Николайдың жаназасын шығаруға бармаса, Құрылтай жиналысындағы топқа түсуге жарайтын адамдар емес» [5], – деген пікір білдіреді. Бұл пікірді толығымен қуаттауға болмайтын сияқты. Олай дейтініміз кандидаттар тізіміндегі қазақ қайраткерлердің бәрі де еуропалық білім алған, Г.Сафаров айтқандай діни кертартпалықтан бойын аулақ ұстаған зиялылар болатын. Мысалы, Серікұл Алдабергенов Санкт-Петербург қаласында университетте заңгерлік білім алған, М.Шоқайдың үзеңгілес серігі еді. Ол осы жылғы шілдеде Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық II съезіне қатысқан алаштық үлгідегі қайраткер еді. Кейіннен большевиктердің жағына шығып кеткен Хұсайын Ибрагимовтың өзі өлкеге танымал қайраткер болды. Демек, саяси тартыс барысында Құрылтай жиналысында Сырдария облысынан ұсынылған кандидаттардың адресіне айтылған сын «Шуро-и Улема» ұйымының басшылығына қарай бағытталған, белгілі бір мақсатты көздеп жазылған деп білеміз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается политическая борьба в Туркестане на изломе веков.

The article is devoted to the political struggle in Turkestan at the end of the 19 th century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рүстемов С. «Шуро-и Улема» ұйымының құрылуы мен қызметі // «Қазақ тарихы». 2004. №6 47-52-б.
2. Шоқай М. Таңдамалы. Екі томдық. Алматы. Қайнар. 1999. 2-том.
3. «Кенгаш», 1917, 8 августа.
4. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости/ Коллектив авт. Р.М.Абдуллаев, С.С.Аззам Ходжаев, И.А.Алимов и др. 1-Т.: «Шарк», 2006.-672 с.
5. «Бірлік туы» 1917. 2 қазан.

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

және олардың қылмыстық жағдайларға әсері

Зәмзәгүл ШАХАМАН,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының қашықтан оқыту факультетінің деканы

Руслан БЕКМАҒАМБЕТОВ,

тарих ғылымдарының кандидаты, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты ректорының кеңесшісі

Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен айналысу жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының төртінші мәжілісі мәжбүрлі түрде қылмыс тудыратын жағдайлар ретінде урбанизация, индустриализация, халық санының өсуі, ішкі көші-қон құбылыстарын атап шыққан. Сонымен интенсивті демографиялық үдерістер қылмыстық жағдайларды тудыратын әлеуметтік кешеннің бөлігі деп саналады [1].

Адамзат өркениеті жаратылғаннан бері көші-қон адамзат тарихының бөлінбес және тұрақты бөлігі болып келеді. IV - VII ғғ. халықтардың ұлы көші-қоны Еуропа тарихында аса маңызды әлеуметтік төңкеріс әрі көне және орта ғасырлар өліарасы болды. XV-XVII ғасырдың ортасында ұлы жағрафиялық ашулар заманынан кейін тұрғындардың көші-қон көлемі индустриаландыру дәуірінде зор өсу көрсетті.

Өндірістендіру дәуіріндегі демографиялық сипатындағы әлеуметтік өзгерістер кейбір жағдайларда криминологиялық мағынада теріс құбылыстар пайда болуына себепкер болады. Демографиялық құбылыстардың криминологиялық салдарлары біраз уақыт өткеннен кейін ғана өзін сездіреді. Бұл уақыт аралығы демографиялық үдерістің сипатына, жылдамдығына және осы демографиялық үдерістермен байланысты басқа әлеуметтік жағдайлармен анықталып, белгіленеді.

Жаппай қоныс ауыстыру үдерістерінің демографиялық салдары жаңа игеріліп жатқан аймақтағы тұрғындардың құрамында сәйкеспеушілік (диспропорция) тууына және осы сәйкеспеушіліктің ұзақ уақыт жойылмауынан байқалады. Мәселен, жаңа игеріліп жатқан аймақ тұрғындарының құрамында бойдақ жас жігіттер басым болады. Өйткені, жаңа құрылыстағы басқа сол сияқты құбылыстар жас адамдардың еңбегін қажет етеді. Сонымен, жаңа игеріліп жатқан аймақтарда бойдақ жас жігіттер немесе отбасыларынан жеке тұрып жатқан отбасылы азаматтар мөлшері салыстырмалы түрде аса көп болады. Отбасылары бар жігіттердің отбасына қолайлы жағдайлар жасалғанға дейін өздері тұрып жатқан жерінде тұра береді.

Аталған жағдай жаңа игеріліп жатқан аймақтарда қылмыс деңгейінің өсуіне себепкер болады. Өйткені жас жігіттер, әсіресе, отбасымен бірге тұрып жатқан еркектермен салыстырғанда бойдақтар арасында қылмыс жасау өте жиі кездеседі.

Бұл жайды, мысалы, Кеңес Одағында 1970 жылы өткізген зерттеу дәлелдейді. Сотталғандар арасында өткізген өкілетті (репрезентативті) зерттеу бойдақтар арасында үйленгендермен салыстырғанда қылмыс жасағандар көбірек кездесетінін анықтады. Зерттеу нәтижелері бойынша, сотталған еркектердің қылмыс жасаған кезеңде тек қана 54,4 пайызы некелі екенін салыстырсақ, ол кезеңде Кеңес Одағындағы еркек тұрғындар арасында 72,2 пайыз отбасылы болыпты [2].

Өрине, белгілі аймақтың тұрғындары арасында жас жігіт санының салыстырмалы көлемі көп жылдар бойы аз-аздан өсуі мүмкін және тек қана бірнеше жыл өткесін осындай үдеріс болмаған аймақпен салыстырғанда қылмыстық деңгейі күрт өсуіне апарады. Некелі жас

жігіттермен салыстырғанда отбасында тұрып жатқан жас жігітке әлеуметтік бақылау азырақ әсер етсе де, бұл бақылау оң әсер етіп тұрады. Егер де жас жігіт отбасынан жеке тұрса, онда әлеуметтік бақылау өте төмен болады. Бұл құқық бұзушылыққа жағдай тудырады.

Мысалы, Арқалық қаласы 1970 жылы облыс орталығы болғаннан бері (1970-1988, 1990-1997 жж.) аз-аздан тұрғын саны өсті. 1993 жылдан бері тұрғындар арасында көші-қон айырбас сальдосы (айырмашылығы) пайда болды. Қалаға келіп жатқан – ауылдың жас жігіттері, басым көпшілігі бойдақ. Ал аса зор мөлшерде кеткендер, кетіп жатқандар – қалада көп жыл тұрғандар. Осы жағдайларға байланысты Арқалықта күрделі қылмыстық жағдай пайда болды. Мысалы, 1997 жылдан 1998 жыл аралығында адам өлтіру саны екі есеге көбейді, қылмысты ашу төмендеді (пәтер тонаудың 24 пайызы ғана ашылды, бұл – республикадағы ең төменгі көрсеткіш) [3].

Қаладағы жағдайды, соның ішінде қылмыстық жағдайды жақсартудың негізгі жолдарының бірі ретінде тұрғындар санын 15 мыңға дейін азайту қажеттілігі жарияланды. Баршаға белгілі жағдай, тұрғындар саны 20 мыңнан аспайтын мекен-жайларда қылмыстық деңгейі күрт төмендейді. 2000 жылға қарай қаланың тұрғындар саны бұрынғы сексен мыңнан екі жарым есе азайды, тұрғын үй қорының үштен бірі (жалпы үш жүзге жуық үйдің тоқсанынан астамы) бос, қираған [4].

Қылмысқа себеп болатын тағы бір әлеуметтік-демографиялық құбылыс – тұрғын үйдің жетіспеушілігі, қолайсыз тұрмыстық жағдай. Сотталғандардың үштен бір бөлігінде тұрақты мекен-жай болмаған. Қалғандарының да жағдайы мәз болмапты, өйткені бір пәтерде бірнеше отбасы тұру, санитарлық-техникалық құрылымдар қолайсыз болуы осындай тұжырымға жетелейді. Ал көші-қон аса зор мөлшерде жүргізілген жағдайда, әлеуметтік даму жүрісі белгілі аймақтың мекен-жайдың шаруашылық-экономикалық даму жүрісінен күрт қалысуына апарады. Өйткені, келімсектер аса аз уақыт ішінде тұрақты тұрғындар санын өте үлкен мөлшерде көбейтеді.

Ресейлік тарихшы О.Ключевский «Ресей тарихының ерекшелігі – Еуразиялық кеңістікті отарлау» деп ашық көрсеткен [5]. Қазақстанның еңбек қорын көші-қонмен толықтырып, патшалық Ресейдің көшіру, қоныстандыру саясатын Кеңес мемлекеті жалғастырды. Осы көші-қон ағындары 1950 жылдар мен 1960 жылдардың бірінші жартысында аса көлемді болды. Көші-қон ағындары жас бозбалалар, мол ақша иелену мақсатымен келген адамдармен қатар сотты болғандар және сот әділдігінен қашып жүргендерден құралды. Мәселен, кеңестік дәуірдегі 1959 жылғы Теміртау оқиғаларының кейбір басшылары бұрын сотталыпты: Жиряков – жас балаларды азғындатқаны үшін, Маньшин – бұзақылық үшін, Шилов – әр түрлі қылмыспен үш рет сотталған екен [6].

1965-1969 жылдары Павлодар облысына 303778 адам келіп, ал 268233 адам облыстан кетіпті. Тұрғындардың осындай өте үлкен механикалық қозғалысы

негізінде өндіріс пен құрылыстың аса қарқынды дамуымен байланысты болды. Көрсетілген кезеңде жыл сайын Кеңес Одағының барлық жерлерінен 28-35 мың жас адам, Кеңес Әскерінің қатарынан босатылғандар, тағы басқалар келіп жатты. Сонымен қатар аталған кезеңде ауылға 137268 адам келіп, 150978 адам ауылдан басқа жаққа кетіпті. Ауылдан кетушілердің келушілерден басым түсуі облыстағы кеңшарлар мен ұжымшарларда өнім аз болуына байланысты. Өнім қолайсыз ауа райы, жер эрозиясына байланысты болды. Әлеуметтік жағдай қолайсыз болуы да адамдардың қалмауына себеп болады [7].

Осыған қарамастан, жалпы Павлодар облысы бойынша қылмыстық жағдай тұрақты болды. Өйткені жалпы облыста әлеуметтік жағдай жаман болмады. Павлодар облысы Солтүстік Қазақстан облыстарының арасында тұрғын үй құрылысы бойынша екінші орында болды.

Дегенмен, бұл ерекше мысал. Жалпы жағдайды алсақ, көшкіндер көп жерде қылмыс жасау саны көбейеді. Жалпы қылмыскерлердің 15-16 пайызы қылмыс жасаған жерінде бір жылдан кем тұрғандар. Қылмыскерлер арасында қонысаударушылар саны көбірек. Ондайлар басқа топтармен салыстырғанда жиі қылмыс жасайды. Келімсектер арасында қылмыс деңгейі орташа деңгейден жоғары болады. Көші-қонның бір ерекшелігі оның бақылауға қиын келуі. Кейбір жағдайларда адамдардың еңбек қолы қажет жерден кетіп, жұмыс күші артылып жатқан жерге баруы. Осындай құбылыстың қылмыстық деңгейдің өсуіне апаратыны анық, осы екі құбылыстың арасында тығыз байланыс бар.

Осы тығыз байланысты КСРО ИМ Ғылыми-зерттеу институты 1960 жылдары дәлелдеп берді. 1965 жылдан 1969 жылдар арасында Ресей Федерациясының 14 облысы, өлкесі және автономиялық республикаларда кадрлар ағыны көрсеткіші өсіп тұрыпты. Аталған КСРО ИМ ФМИ-ның зерттеулері осы көрсетілген әкімшілік-территориялық, ұлттық-территориялық құрылымдарда қылмыстық деңгейінің өскенін дәлелдеген.

Бұл анықталған әлеуметтік жағдайлар қазіргі шақта Астана шаһары үшін өте маңызды. Өйткені онда үлкен құрылыс жүріп жатыр, адамдар келіп, кетіп жатыр, шетел фирмалары жергілікті қызметкерлерді тұрақты еңбек шарты аз мерзімге жұмысқа алу тәжірибесін қолдануда. Сонымен, Астанада қылмыс деңгейін тұрақтандыру үшін құқық қорғау органдарын аса үлкен мөлшерде қаржыландыруды жоспарлау қажет. Дәулетсіз адамдарға, мемлекеттік қызметкерлерге арзан тұрғын үй салу қажет. Өйтпесе, қылмыстық жағдай күрделенуі ықтимал. Арқалықтың сыртында астаналық облыстың орталығы Көкшетау жақын орналасқанын назарда ұстайық. Кезінде Көкшетау қылмыстық деңгейі ең жоғары КСРО-ның 11 қаласы арасында төртінші орынға ие болған. Бұл КСРО ИМ-гі Кеңес Одағының 1107 қаласындағы деңгейді 1968-1970 жылдары зерттегенде анықталған. Сол кезде Көкшетау қылмыстық деңгейі зерттелген қалалардағы орташа деңгейден екі есе асып түскен [8].

Бұл жағдай сонда неге негізделген еді? Көкшетау облысы 1960-шы жылдарының екінші жартысында Солтүстік Қазақстанда оң механикалық тұрғындар өсімі бар жалғыз облыс болды. Сонда да жұмыс қолдары жеткіліксіз еді. Мәселен, 1965-1970 жылдары облыстан 31539 механизатор кетіп қалыпты. Сол себеп бойынша ауылшаруашылық өндіріс циклін қамтамасыз ету үшін, 1971-1975 жылдары орташа алғанда жыл сайын қосымша 14380 адам жұмыс қолы қажет болды, соның ішінде 6000 механизатор керек болды [9].

Экономикалық дамуы жоғары емес қалаларда тұр-

ғындар көші-қоны өте төмен болды, кеткендер саны келімсектер санынан асып түсті [10]. Бұл қылмыстық жағдайдың жақсаруына себеп болды. Мысалы, 1968-1970 жылдары Қостанайда қылмыстық деңгейі 12 пайызға төмендеді [11]. 1960-шы жылдары тұрғындар кетуі ең биік көрсеткіш Қостанай облысында тіркелген. Сонымен қатар Қостанай облысы Қазақстанда тұрғын үй құрылысы бойынша бірінші орында болды, тек қана аталған кезеңде ғана емес, ал, жалпы 1950 жылдар мен 1980 жылдары аралығында солай болды.

Қылмыстық деңгейге әлеуметтік-демографиялық құбылыстардың теріс әсерін ауыздықтау жолында басқа елдер тәжірибесін қарастыру артық болмас. Мысалы, Солтүстік Америка өткен XX ғасырда бірнеше көші-қон ағынын өткізді: итальяндықтарды, орыстарды, поляктарды, қытайларды, вьетнамдарды қабылдады.

Аталған ұлттық қауымдар Жаңа әлемге (Америкаға) келіп, алғашқы кезеңде маргинал есебінде болып, өздерін қылмыстық ортадан тапты. Бірінші буын алғашқы капитал жинап алғаннан кейін, олардың ұрпақтары көлеңкелі құрылымдардан заңды (легалды) және абыройлы іс-әрекет салаларында дарындарын іске асырды. Жат әлеуметтік социумда әлеуметтік адаптацияланудың алғашқы қиын кезеңдерінде ұйымдасқан қылмыстық-этникалық сипат бойынша құрылған қылмыстық топтар болды. Мысалы, итальяндық коза ностра, жапондық якудза, қытай триадасы.

Қорыта келе мынадай тұжырымдар жасауға болады. Қылмыстардың таралуы, оның көлемі, тенденциялары қылмыстық статистика мен тұрғындар статистикасын салыстырмай анықтау қиынға түседі. Ешқандай қылмыстық статистикалық және криминологиялық қорытынды демографиялық мәліметтерсіз дәлелді деуге болмайды. Демографиялық мәліметтерге сүйенбей әрқайсысы болмасын аймақта қылмыстың деңгейін, динамикасын және құрылымын толық және жанжақты талдау жасалмайды.

РЕЗЮМЕ

В статье дан анализ взаимосвязи уровня преступности и социально демографических процессов на примере Северного Казахстана в период с 1950-х гг. до 2000 гг. Авторы делают вывод, что анализ преступности невозможен без учета социально-демографических процессов.

In the article the analysis of interrelation of a level of criminality and socially demographic processes on an example of Northern Kazakhstan in the period from 1950th till 2000 is given. The authors conclude that the analysis of crime is impossible without taking into account socio-demographic processes.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Остроумов С., Кузнецова Н.** О предмете советской криминологии. // «Вестник Московского Университета». Сер. Право. - 1968. №3. - С.33.
2. Изучение преступности в городской и сельской местности. - М.: Юрид.лит. - 1971.
3. Справка УВД Костанайской области о состоянии преступности в области в 1999 году.
4. **Шақаман Б.** Нашақорлық – қасірет // Заң газеті, 2000, 4 қазан.
5. **Ключевский О.В.** Курс русской истории. Соч. в 9 т. - М.: Мысль. - 1987 - т.1. ч.1. - С.49.
6. Горизонт // 1991, 8 марта.
7. ҚР ОММ. 1987 қор. 1 т. 220 іс. 46,50 пп.
8. Изучение преступности в городской и сельской местности. - М.: Юрид.лит. - 1971.
9. ҚР ОММ. 1987 қор. 1 т. 219 іс. 3 п.

ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ИНГУШ-ШЕШЕНДЕР

Динара ХАМИДУЛЛИНА,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің PhD докторы

Қазақ жерінде ғасырлар бойы түрлі ұлттардың бірге тұруы тарихта болған сан алуан оқиғалармен байланысты. Қазақстанның қазіргі ерекшелігінің бірі еліміздің құрамындағы этностық көп түрлілігінде. Бұл – қазақстандықтарға басқа халықтармен құнды мәдени жетістіктерді алмасуға мүмкіндік беретін бүкіл қоғамның орасан зор байлығы, ортақ жетістігі.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Балтық жағалауы, Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Бессарабиядан күштеп көшіріп-қоныстандыру қолға алынды. Егер соғысқа дейін бұл әрекет мемлекет қауіпсіздігін күшейту қажеттігімен түсіндірілсе, соғыс кезінде ұлттық-аумақтық автономиялары бар тұтас халықтар қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың көпшілік бөлігі өз Отанын сатқандар делінсе, артынан аталған халықтарды тұтастай шығыс өңірлерге көшіру туралы шешім қабылданды. Қарашай, қалмақ, шешен, ингуш, балқар және т.б. Солтүстік Кавказ, Грузия, Қырым өңірінен халықтар көшіріліп, ұлттық автономиялар жойылды немесе олардан ұлттық мемлекеттілігі тартып алынды.

КСРО-ның шешімі бойынша, қазақ жеріне арнайы көшірілгендер тұрғылықты тұрғын ретінде қоныстандырылды. 1943 жылы күзде қарашайлар, 1944 жылы ақпан айында бір-ақ күннің ішінде ингуштар мен шешендер Қазақстанға көшірілді. Тау халықтары тез арада жиналып, дүние-мүліктерінен тек қолға ілінгендерін алып жөнелген, қалған заттары өртеніп, күл болып қала берді. Грозный қаласы үлкен өртті аймаққа айналды. Жергілікті жердегі халықтың тарихы, халықтың осы аймақта бар болғанының куәларының бәрі жойылып кетті. Көше аттары мен елді мекендердің аттары өзгертілді. Ингуштар мен шешендерді баспаханалар мен тарихи әдебиеттерде еске түсіруге тыйым салынған болатын.

1944 жылы 7 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен Шешен-ингуш АКСР-і жойылды. Барлық ауданның аттары өзгертілді. Шешен-ингуш АКСР-інің орнына Грозный облысы құрылды. Облысқа дейін барлық жергілікті халықтың 58%-ын құраған шешен мен ингуш халқы осылайша туған жерлерінен қол үзді. Грозный облысына ондаған мың орыстар мен аварлар, осетиндер, украиндар әкелінді.

Вагондардағы адамдар тиеліп болып, есігі жабылған мезетте вагон ішінде айқай-шу басталды. Ерлер дауыстап құранның сүрелерін оқып, балалар ішетін су сұрап жылап жатты. Вагондардың есігі бірнеше күн жабулы күйінде тұрды. Адамдардың еркін тыныс алуының өзі мұң болды. Ауа өте лас еді. Вагондағы адамдар сыртындағылар бейхабар болған сан алуан оқиғаларға куә болды. Мысалы, сәбилердің дүниеге келуі мен адамдардың көз

алдарындағы өлімі. Шешен-ингуш АКСР-інің Зақан бекетінде адамдар өте тығыз тиелсе, Қазақстанның Қазалы бекетіне келгенде вагон іші недәуір кеңейіп қалған еді. Соңғы күш-жігерлері бойларында қалған балалар жүгіріп ойнай бастады. Вагоннан ешбір тірі адам түспегенін ескерсек, сонша адамның қайтыс болғанын байқатады. Адамдар арасында аштық, іш ауруы, қышыма аурулары көбейіп кетті. Бекеттерге тоқтағанда жергілікті халық оларға тас, тезек, рельстің сынықтарын, ағаш, томарлар лақтырып, өз наразылықтарын білдіріп жатты. Вагон ішіндегі адамдар бастарын далаға шығаруға қорқатын. Айқай-шу анық естіліп жататын. Олар: «Отан сатқындарына өлім!», «Қарғыс атқыр шешендер, шығындар!» – деп, шу көтеріп, кейбіреулері вагонды өртеп жібергісі де келген. Әрине, бұл қылықтың бәрінің артында тұрған, халықты осындай іс-әрекетке итермелеген жергілікті басшылар болатын. Аштық пен ауру қысып тұрған соң, бұл қылықтарына қарамастан, вагоннан жерге түсіп, жеуге жарамды нәрсе іздейтін. Аштық пен ауру адамдарды қатты қинаған еді [1].

Соғыс жылдары жағдайдың қиындығынан көшіріліп әкелген Солтүстік Кавказдықтардың көпшілігі темір жол бекеттерінде, вагондарда тұруларына тура келді. Қарапайым гигиеналық талаптарға сай келмейтін, сыз әрі суық, бос жатқан орындарға қоныстандырылды. Сол жылдары жоспар бойынша, жаңа салынатын үй 12 750 болса, салынғаны 15656 үй, жоспар бойынша, қалпына келтіріп, жөндейтіні 11 000 үй болса, орындалғаны 15 307 үй [2].

Соған қарамастан, қоныстанушылар баспанасыз далада қалды. Олар жер төлелер қазып алып, сонда өмір сүрді. Кейбір жер аударылғандар алғашқы қысын қыстап шығып, жаңа орында қиыншылықтың бастапқы сатысын бастарынан кешіріп жатты. Кейін өгіз кірпіштен үйлер мен қоралар салына бастады. Көп жағдайда олар бос қалған қоралардың іші-сыртын майлап алып, тұрып жатты. Киім-кишектің болмауына байланысты, жер аударылған халық аяқ киім тігуді үйрене бастады. Сиырдың сирағының терісін сыпырып алып, оны кептіріп, тесіктер ойып, одан жіп өткізіп аяқтарына байлап, табанына ұлтарактың орнына қамыс төсеп жасалған аяқ киімді екі немесе үш жыл қыс киіп тоздыратын болған. Киетін киімнің де болмауына байланысты адамдар қарапайым қаптан киім жасап алатын болған. Қолы мен басы шығып тұру үшін тесік тесілген қапты киюлеріне мәжбүр болды. Сабынның орнына өздері жуынып, киімдерін жуу үшін құмды пайдаланған.

Осындай қиын жағдайларға қарамастан, жер аударылғандар ұлттық тұрмыстарының ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысты. Шешендер мен ингуштар аптасына бір рет болса да, өздерінің дөс-

түрлі билерін билеп тұрған. Кешке қарай жастар да, қарттар да бас қосып, баян тартып, ұлттық әндерін шырқап, туған елі мен жеріне деген сағыныштарын басқан. Осы мезгілде халық арасында жиі шырқалған әндер «Калинка» мен «Катюша» әндерін орыс тілінде де тамылжытып орындайтын болған [3].

Еңбекке қабілетті көптеген шешендер алғашқы күннен-ақ өндірісте қызмет ете бастады. Көптеген жұмысшылар берілген мөлшерден көп еңбек етті. Қарағанды облысының Осакаров ауданының «Комсомол» колхозында Х.Алдаманов, А.Юсупов, С.Батукаев, А.Яхиканов сынды азаматтар еңбектері еленіп, ақшалай және құнды сыйлықтармен марапатталды. «Октябрь» колхозында 6 адам марапатқа ие болды. Олар: Хамес Хамидов, Шумисат Сиданов, Трухан Одаев, Мустафа Обоев, Паша Самаев. Олар 500-ден 600-ге дейін еңбек күндерін өтеген болатын. 435 адам колхоздарда марапатқа ие болған. Жер аударылғандар өздерін өнеркәсіпте де жақсы көрсете бастады. Жезқазғандағы марганец рудасындағы жұмыста жүрген төрт жұмысшы мөлшерді артық орындағаны үшін аталып жатты. Олар: М.Қусова, Э.Шебиханов, К.Кулаева, К.Темирсуиновтар болатын. Осы және басқа да жер аударылғандардың орташа айлық жұмыс мөлшері 100-150 %, ал орташа еңбек ақысы 756-1661 сомды (рубльды) құрады.

Арнайы жер аударылғандарды жаңа мамандықтар бойынша оқыта бастады. 1947 жылы Қарағанды облысы 75 тракторшы, 7 көлік жүргізушісін дайындап шығарды. Осы жылы 471 арнайы жер аударылған дайындалып, мекемелерге қызметке қосылса, 335 адам жаңа мамандықтың иесі болды [4].

Қазақстанға жер аударылған барлық ұлттардың қиыншылықтарына бауырмал қазақ халқының көмек көрсеткені жайлы жазылған естелік кітаптар аз емес. Ұлты шешен **Сетамин Ахметұлы** бүгінде Атырау қаласында тұрады. Ол – Атырау облысындағы «Вайнах» шешен-ингуш ұлттық-мәдени орталығының төрағасы. II дәрежелі «Достық» орденінің иегері. Шешен ұлтының жер аудару кезінде көрген қиындығын, ауру мен өлімдері жайлы ата-анасының әңгімесінен біледі. Қазақстанда дүниеге келген соң жергілікті халықпен бірге өмір сүріп, қазақ халқының тарапынан еш қыспақ пен келекені өмір бойы көрмегенін айтып берді.

«Шешендер үшін 1944 жылдың 23 ақпаны қаралы күн. Бұл кезде елімізде кеңес әскерінің күнін тойлап жатса, шешендерді таңсаріде ұйқысынан оятып, жер аударды. Осы жылдың қысы өте қатты суық болды. Жастарды үйінен далаға әскерлер қуып шығып, қарттарды төсектерінде жатқан күйде өлтіріп кетті. Тіседен келетін қарға омбыққан, жартылай киінген адамдарды бекеттерге қарай жөнелтіп жатты. Вагонға 60-70 адамнан тиіп, жолға аттандырып жіберді, темір жол бекеттеріне тоқтаған мезгілде, вагон ішінде өлгендердің мүрдесін жол бойы лақтырып тастап отырды. Жер аударылған шешендердің 80 пайызы Қазақстанға, 20 пайызы қырғыз даласына жіберілді. Түгелдей ұлтты қырып тастауға арналған саясат жергілікті халықтың бауырмалдығы арқасында жүзеге аспай қалды. Қазір біз өстік, өндік, құдайға шүкіршілік етеміз, санымыз көбейді. «Адам жегіштер келіпті жоламаңдар!», – деп, халықты шешендерден үркітіп қойыпты, адамдардың тоңып қалғанын көрген

қарттар адамгершілік танытып, оларды өздеріне тартты. Кішкентай жер төлелері екі бөлмелі болса, соның бір бөлмесін босатып, қолдарынан келгенше жәрдем берді. «Олар адам жемейді екен, олар бес уақыт намаз оқиды екен», – деген сөздер айтылып, бізге деген көзқарас өзгерді. Мүмкін біздің дініміз ортақ мұсылман болғандықтан ба, әйтеуір қолдау көрсетті. Жергілікті халықпен сіңісіп, араласып, құдандалы болып, қазақ тілін үйреніп алдық. Менің өмірлік жолдасым, жарымның ұлты – қазақ. Ондай отбасылар саны аз емес. Шешенстанға елге оралған қариялардың арасында әлі де қазақ тілінде сайрап тұрған шешендер көп. Ол қарттар қазақтарға өте риза, қазақ десе бүйректері бұрып тұратыны анық. Сіздің бабаларыңыз өздері аш болса да соңғы асымен бөлісіп, балаларының аузынан жырып беріп, күн кешкенін ешқашан ұмытпайды, ұрпақтарға қазақтардың бауырмалдығы жайлы үнемі айтып отырады» [5].

Шешендер мен ингуштар басқа да жұмысшылар сияқты әр салада еңбек етті. Құрылыс жұмыстары, мал бағу, егін егу, өнеркәсіп, мұнай және металлургия, яғни еңбек күші керек жердің барлығында қызмет етті.

1957 жылы жер аударылған халықтардың елдеріне қайтуына, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарының қалпына келтірілуіне байланысты КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлықтары мен КСРО үкіметінің қаулы-қарарларына қарамастан, олардың негізгі бөлігі осында түпкілікті қалып қойды. Тек Кавказ түріктері, немістер мен Қырым татарларына еліне қайтуға жағдай жасалған жоқ. Бүгінде олардың бәрі Қазақстан Республикасының тең құқықты азаматтары. Өмірдің осынша қиын сынағы мен қойылған шектеулеріне шыдаған адамдардың ұрпағы қазір қазақ жерінде өмір сүруде. Соның нәтижесінде еліміз көп ұлтты мемлекет болды. Бүгінгі таңда еліміз егеменді ел болып, тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасырдан асқан сәтте елімізде көптеген ұлт өкілдері ынтымақ пен бірлікте өмір сүруде.

РЕЗЮМЕ

В данной работе освещены депортированные чечени и ингуши в казахскую землю и их место расположение по областям. Условия жизни и роль местных жителей при адаптации в Казахстан.

The article is about departed Chechen and Ingush people to Kazakh land. Main locations, living standards and role and impact of local people to their adaptation period.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **М.Джургаев., О.Джургаев.** «Круги ада» -Грозный 1989.- 4-17 бет
2. **Орымбаев А.Т.** Депортация чеченского и ингушского народов в Казахстан в годы Великой Отечес/ной войны и их положение в послевоенные годы. Астана: Парасат Әлемі, 2006. -84 с.
3. **Ториев М.** 23 ақпан жер аударылған шешендер мен ингуштар күні. Эхо Кавказа, 2011.
4. **Ермекбаев Ж.А.** Чеченцы и ингуши в Казахстане. Алматы, 2009 -508 б.
5. Экспедиция материалдарынан. Сетамин Акаевпен сұхбат. – Атырау, 2012, тамыз – 16.

АЙТЫЛҒАН ТАРИХ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

(Ұлттық бірегейлік тарихын зерттеу бойынша)

Әлия БОЛАТХАН,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 3-курс Ph.D докторанты

Қазіргі таңда кез келген ұлт өміріндегі бірегейлік мәселесі тарихнама ғылымы үшін ең өзекті әрі іргелі мәселелер қатарына жатады. Өйткені, **ұлттық бірегейлік** – жаһандық сипаттағы, кең таралған феномен ретінде жеке тұлға, дербес қауымдастық немесе бүтін мемлекет тарихында болсын мәдени, әлеуметтік және саяси бағыттарды қамтитын көп өлшемді құрылым [1].

Қарастырып отырған мәселе тарихын пәнаралық ұстаным тұрғысынан зерттеу назарына алу текотандық ғылым үшін ғана емес, дүние жүзі бойынша өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. XX ғ. 50-жылдарынан бастап тарихшылар тарапынан жекелеген ұлттар тарихында орын алған ұлттық қозғалыстардың шығу тарихын түсіндіруде маңызды деп танылатын жағдайлық немесе жалпы факторларды зерттеуге ден қойылып, анықтамалық ұстанымдар ретінде ұлттық сана-сезім, ұлттық бірегейлік мәселелері қамтылатын зерттеулер жүзеге асырыла бастады. **Ұлтшылдық, ұлттық бірегейліктің** қалыптасуына және оны зерттеу тақырыбы ретінде қарастыруға танытылған қызығушылық легінің артуының қандай әлеуметтік факторларға байланыстылығын анықтау мақсатында пәнаралық зерттеу әдістерін қолдануға бет бұрыла бастады [2]. Бірегейліктің гендер, өлке, әлеуметтік тап, дін сияқты басты категориялары негізінде орын алған шиеліністі жағдайлар тарихын жазу үшін жаңа зерттеу мүмкіндіктері қарастырылды. Әлеуметтік сипаттағы өзгерістер бірегейлік мәселесін ұжымдық феномен ретінде қарастыру қажеттілігін тудырды.

Ұлттық бірегейлікті зерттеу науқанымен бір кезеңде, яғни **XX ғасырдың II жартысында ғылыми айналымға енген айтылған тарихты пайдалану батыс елдері тарихында кең таралды**. Қоғамның өмір сүру деңгейі немесе өмір сүру салтымен ерекшеленетін түрлі әлеуметтік топтарға қатысты мәселелерді арнайы ғылыми жобалар арқылы қарастырылған тарихи әлеуметтанушылармен қатар, антропологтар, өлкетанушы ғалымдар, азаматтық теңдік қозғалысы белсенділері де айтылған тарихтың дамуына өз үлестерін қосқандығы айқын. Мәселен, ұлттық бірегейлік түсінігінде батыстық модель қолданылатын **Америка Құрама Штаттарында айтылған тарих** ғылыми зерттеу әдісі ретінде 1960-1970 жж. азаматтық құқық теңсіздігі мен Вьетнам соғысына наразылық білдіру, феминизм сияқты әлеуметтік қозғалыстар тарихына қатысты зерттеулерде кеңінен қолданылды. Ал, өлкетанушылар өз кезегінде туған өлке тарихына қатысты мағлұматтар қалдыру және зерттеу жолында қарт тұрғындардың көрген-білгендерін жинауда «айтылған тарих» зерттеу әдісін пайдаланды. Өлке тарихын зерттеу және жазумен айналысушылар саналы түрде айтылған тарихты дамытуды мақсат етпесе де, олардың ізденіс нәтижелері тарихтың

жаңа зерттеу әдісін дамыту үшін аса құндылығымен ерекшеленеді.

Ұлттық бірегейлікті зерттеуде айтылған тарих әдісін қолдану әр елдегі қоғам өміріне лайық сипатта өзіндік ерекшеліктерімен дамыды. Ұлттық тарихты жазуда тарихшылар айтылған тарихты жинау, зерделеу және сақтаудың түрлі жолдарын ұсынды. Зерттеушілер назарына ұсынылған әдістер жиынтығы арасында «айтылған тарихты» қолдану үдерісінің аса қарқындылықпен дамуы 1960-80 жж. тұспа-тұс келеді. Бұндай тұжырым жасауға қарастырып отырған зерттеу әдісінің пайда болу және қалыптасу тарихы бойынша жүргізілген сараптамалық зерттеу қорытындылары негіз бола алады [3].

Ұлттық бірегейлікті түсіндірудің этникалық моделіне сәйкес теория бойынша халық, әдетте, өзінің саяси белсенділігімен ерекшеленбегенімен, оның ұлттық мүддені қорғау ұмтылысы мен оны сақтап қалу жолындағы күреске ұмтылысы күшті болады. Сондықтан, ұлттық бірегейліктің этникалық моделіне қатысты сипаттама негізінде ұлтшылдық мәселесі жазушылар мен тіл, фольклористика мамандары, ұлттық өнер қайраткерлерінің орны ерекше атап көрсетіледі.

Ұлттың тарихи жадын оның ұлттық бірегейлігінің негізгі нышандарының бірі ретінде қарастырсақ, айтылған тарих әдісінің фольклористика саласында жүзеге асырылған зерттеулерде кеңінен пайдалану тәжірибесіне тоқталу маңызды. Мәселен, **Аустралияда айтылған тарих бастапқы кезден-ақ фольклористикамен қатар дамыған**. Оған елдің Ұлттық кітапханасында 1950 жылдары «Айтылған тарих және фольклор» коллекциясының құрылуы мен 1973 жылы Сидней университетінде Аустралия фольклортанушыларының бірінші конференциясының өтуі дәлел. Онда алғаш рет кәсіби деңгейде фольклор туралы ғылым аясында салт-дәстүрлер, халық әндерін жинау ісі мен белгілі бір тарихи оқиғаны зерттеуде айтылған тарихты пайдалану мәселелері қарастырылды. **Ұлыбританияда әлеуметтік тарихтың негізгі компоненті ретінде 1970 жылдары танылып айтылған тарих бастапқы кездері ғылыми ортада фольклористикада материал жинау әдісі ретінде кеңінен қолданыста болды**.

Айтылған тарихпен айналысушылар алғашында қарт адамдардың естеліктерін жинаумен айналысты. Ал 1970-1980 жылдары олар тарихты жазу ісінде қарапайым халықтың өмірін назардан тыс қалдырмау ұстанымын ту етіп көтерді. АҚШ тәжірибесімен салыстырғанда ағылшын айтылған тарихшылары академиялық орта тарапынан алған сыни пікірлер легімен күресуге мәжбүр болды. Нәтижесінде айтылған тарихты әлеуметтендіру мақсатында зерттеу жобалар материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілік қауым

назарына ұсыну жұмыстары жүйелендірілді. Айтылған тарих зерттеушілері өткен күндердің тарихи маңызды естеліктерін жинастыру жолында жүріп өздерінің авторлық құқықтарын күшейту және жаңа мүмкіндіктерін іздестіру арқылы жаңа белестерді бағындырды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, **1976 жылы ағылшын жерінде жетпіске жуық айтылған тарих ғылыми зерттеу жобалары жүзеге асырылған.** Ұлыбританияның айтылған тарихшылары сұхбат алу әдісімен өткен тарихты жаңа қырларынан қарастыру арқылы қоғамда орын алған, бірақ ұмыт қалған қарсылықтар мен үнсіздіктерді айтылған тарих көмегімен ашу арқылы қоғамдық өмірде гендерлік теңдік, еңбек бөлінісі сияқты оңды өзгерістерге қол жеткізуге ықпалдасты. Әсіресе, 1980 жылдардан бастап қара нәсілділер және аз ұлттар тарихы бойынша зерттеулер айтылған тарих бағытында өзекті тақырыпқа айналды. Миграциялық үрдістер, ұлтаралық түсініспеушіліктер, аз ұлт өкілдерінің жаңа ортаға бейімделу тарихын жазуда жоғары жетістіктерге жеткен. Айтылған тарихшылар жоғарыда аталған онжылдық аяғында заманауи сұраныстарға сәйкес зерттеу нысаны ретінде бірегейлік мәселесін қарастыра бастады; ғылыми басылымдарда айтылған тарих әдісін қолдану үлгісінде жүргізілген **кросс-мәдени** зерттеулер негізінде жазылған мақалалар қатары көбейді; жоғарыда аталған тақырыптардағы айтылған тарих ғылыми жобалары халықаралық қорлар тарапынан қолдау таба бастады.

XX ғ. 80-90-жылдары өздеріндегі саяси өзгерістер нәтижесінде айтылған тарихты пән ретінде дамытуға мүмкіндік алған **Орталық және Шығыс Еуропа елдері аталған сала зерттеулерінде жаңа үрдістер қалыптастыру орталығына айналды.**

Айтылған тарих даму жолындағы **мұндай бетбұрыстар бірқатар алғы шарттармен байланысты еді. Біріншіден,** бір қалыпты демократиялық даму үрдісіндегі ортада өзектілігі өткір тарихи оқиғалар қатарының азаюы; **Екіншіден,** кеңестік блоктың құлдырауымен Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттері бұрмаланған төл тарихын сыни көзқарас тұрғысынан қайта қарастыруға мүмкіндік алды. Алайда, айтылған тарихтың аталған аймақта қалыптасу үрдісі бірыңғайлығымен ерекшеленбейді. Айтылған тарихты тарих ғылымының зерттеу бағыты ретінде дамытуда Чехия және Польша Республикасының ғалымдары алдыңғы қатарда жүрді.

Чехия Республикасының тарихшылары айтылған тарихты ғылыми зерттеулер жүргізуге 1980 жылдары ғана қолдана бастады. Посткоммунистік елдер қатарында болған мемлекет үшін саяси белсенділік пен әлеуметтік қозғалыс тарихын зерттеу әдісі ретінде айтылған тарихтың берері көп еді. 1960-1980 жылдары Чехияда ғылыми орта үшін айтылған тарихтың беймәлім болуы мемлекеттің Кеңес Одағының ықпалы күшті социалистік блоктың құрамдас бөлігі болуымен түсіндіріледі.

Коммунистік режим қысымымен жаңа әлемдік прогресс пен үрдістерден оқшауланып, тарихи зерттеулерде естеліктерді пайдалану ұмтылыстармен ғана шектелген. Айтылған тарихшылар 1950-1960-шы жылдары жобаларды жүзеге асыруда куәгерлермен жұмыс істеу қарқынын арттыруға тырысқан; сұхбат материалдары объективтік және позитивтік тұрғыдан тарихи зерттеулерде екінші деңгейлі дерек көзі ретінде пайдаланылды. Әйткені, еркін тақырыптарда тарихи зерттеулер жүргізу режим үшін қауіпті болғандықтан, ғалымдар мен мұрағаттар қатаң бақылауда болды.

1989 жылы «Барқыт революциясы» («Бархатная революция») нәтижесінде Чехия мемлекеттік еркіндікке қол жеткізіп, социалистік даму жолынан бас тартты; тарих ғылымы саяси қысымнан арылып, жаңа бағыттарда зерттеулерге есік ашты. Чех ұлтының тарихы бойынша, маңызды оқиғаларды зерттеу 1969-1989 жж. тарихын зерттеумен айналысатын департаменттердің жаңа үдерістерге бет бұруына мемлекеттік мұрағаттардағы 1990 жылдардың бас кезіне қатысты құжаттармен жұмыс жасау мүмкіндіктерінің ресми түрде шектелуі себеп болды.

Польша тарихшылары 1980 жылдардың аяғында айтылған тарихты ұлттық бірегейлік мәселелеріне қатысты зерттеулерде ғылыми әдіс ретінде пайдалана бастады. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының тақырыбы сол уақытта республикада орын алған саяси оқиғалар ықпалымен анықталды; айтылған тарих үстемдік болып тұрған идеологиямен күресу құралы ретінде қабылданып, алғашқы бастамаларда журналистер қауымы мен қоғам белсенділерінің орны ерекше байқалған еді [4].

Отандық тәжірибеде айтылған тарихты ғылыми бағыт ретінде қалыптастырудың алғашқы ұмтылыстары «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығының еншісінде. Бұл әдісті қолдану арқылы қазіргі заман тарихы саласында зерттеулерді жүзеге асыру және білім беру, мұрағаттау, интервью коллекцияларын құру және «айтылған тарих» методологиясын дамыту бағытында жұмыс жасайтын **Орталықтың негізі 2012 жылы қаланған.** Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің құрылымдық бір бөлігі болып табылатын «Айтылған тарих» орталығы әлеуметтік-саяси тарих, кеңестік күнделіктілік, ұлттық бірегейліктің қалыптасу тарихына қатысты тақырыптарды атаулы жаңа методология бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды мақсат еткен.

Орталықтың алғашқы бастамаларының бірі – жоба ретінде Алматы облысы мысалында орындалған «Айтылған тарих үрдіс ретінде» атты далалық зерттеу бағдарламасы. Зерттеу тобы бағдарлама аясында 1930-1950 жылдардағы Қазақстандағы балалық шақ, қазақ ауылының күнделікті тарихы, көшіп-қону: тұрғындардың жаңа жағдайға бейімделу стратегиясы, өтпелі кезеңдегі ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі сияқты бағыттық мәселелер аясында зерттеу сұхбаттарын жүргізген. Экспедиция материалдары негізінде *«Қазақстан қоғамының әлеуметтік тарихы (XX ғасыр. Тарих айту дәстүрі)»* атты еңбек оқырмандар назарына ұсынылған. Жаңа жанрда жазылған, академиялық орта мен қарапайым оқырмандар арасында түрлі пікірлерге ие болған алғашқы ғылыми еңбек сериялық негізде келесі зерттеулермен өз жалғасын тапты [5].

«Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы «Шаңырақ: ауыл тұрғындарының қала жағдайына бейімделуі» деп аталатын жобаны да жүзеге асырды. Жоба шеңберінде арнайы құрылған бағдарламалық сауалнаманың ұлттық бірегейлікті анықтауға бейімделе құрастырылғанын атап өту маңызды.

Экспедициялар легі **Алматы облысының Жамбыл ауданының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихын зерттеуге бағытталған жоба аясында жалғастырылды.** *«Ұзынағаш өңірінің тарихы: жергілікті тұрғындар жадында»* тақырыбымен бекітілген зерттеу жобасы негізінде атаулы ауданның Дегерес, Беріктас, Тарғап, Шиен, Жангелді, Покровка, Бұлақ елді мекендеріне екі мәрте ғылы-

ми-зерттеу экспедициясы ұйымдастырылған. Жалпы саны 12 болып табылатын экспедиция мүшелері өз жұмыстарын ғылыми айналымға енгізген ұлт тарихына қатысты құнды материалдар жинастыру процесі мен тарихты зерттеудің жаңа әдістерін қолданудың маңыздылығын анықтаумен қатар 40-тан астам респонденттен сұхбат алған. Айта кететін бір жәйт, Орталықтың Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қарапайым халық өмірін айтылған тарих әдісін пайдалана отырып **зерттеу ұмтылыстары Жамбыл облысы бойынша да жалғасты** [6].

Нәтижесінде Қытайдағы қазақ тарихындағы ұлттық бірегейлік мәселелері айқын баяндалатын **«Қыс артында көктем бар» атты биографиялық естелік жарыққа шыққан «Қос империя арасында» эксперименттік жобасы жүзеге асырылған.** Айтылған тарих саласында кеңінен қолданылатын тереңдетілген сұхбат әдісін қолдану негізінде 2014 жылы қолға алынған жоба барысында 37 сағаттық сұхбат жүргізіліп, бір адам ғұмырын сипаттайтын «Қыс артында көктем бар» деген биография жазылып шыққан [7].

РЕЗЮМЕ

Цель данной статьи заключается в ознакомлении с практикой использования метода устной истории в исследованиях истории национальной идентичности на примере опыта отдельных стран.

The purpose of this article is to introduce the practice of the method of oral history in the research of the history of the national identity by example of experiences of individual countries.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қойгелдиев М.** Қазақ елі: бірегейлік сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. Басы). – Алматы: «Дәстүр», 2014. – 432 б.; Smith, Anthony D. National Identity. London, 1991. – 222 p.
2. **Smith, Anthony D.** Nationalism and the Historians // *International Journal of Comparative Sociology*. – 1992. – Vol. 33, № 1. – pp. 58-80.
3. **Charlton, Thomas L., Myers, Lois E., Sharpless, Rebecca.** History of Oral History: Foundations and Methodology. Lanham, 2007. – 318 p.; Thomson, A. Four Paradigm Transformations in Oral History // *The Oral History Review*. – 2007. – Vol. 34., № 1 – pp.49-70.
4. **Қалыбекова М.Ч., Болатхан Ә.** Айтылған тарих: жаңа мүмкіндіктері мен ерекшеліктері // Айтылған тарих. Оқу құралы /Қойгелдиев М.Қ. және т.б. – Алматы: «Дәстүр», 2015. – 109-176 бб.
5. Қазақстан қоғамының әлеуметтік тарихы (XX ғасыр. Тарих айту дәстүрі). – Алматы, 2012. – 195 б.
6. Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.). – Алматы, 2015. – 584 б.
7. **Жұмабек Ә.** Қыс артында көктем бар. – Алматы: «Ұлағат», 2014. – 208 б.

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ (XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Құралай ҚҰРМАНБАЕВА,
Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану
институтының 3-курс PhD докторанты

Кеңес дәуірінде, Қазақстан тарихы бойынша қандай тақырыпты алсақ та, мұрағаттық құжаттарға және ресми материалдарға негізделіп жазылған, бірақ міндетті түрде кеңес саясатына орай ыңғайластырылған позитивтік сипаттағы эмпирикалық материалдар жеткілікті болды. Үстем «методологиялық периметр» тұтқынындағы авторлар өткен ғасырдың 20-жылдарындағы билік жүйесі жүргізген аграрлық реформаларды, оның ішінде қазақ шаруашылығын дағдарысқа ұшыратқан байлардың мал-мүлкін тәркілеу, ашаршылық салдары, қуғын-сүргін зардаптары, әлеуметтік прогреске жетелейтін оқиға ретінде бағалады.

Зерттеушілер тарапынан деректанулық білім конъюнктуралық іріктеуге ұшырады. Себебі марксистік әдіснама, ғылымның партиялық қағидаты секілді проекциялар автордың ізденісі нәтижесінде алдын-ала жоспарланған қорытындыға әкелуі тиіс болды. Ол үшін зерттеу қорытындысына қайшы келмейтін дереккөздерін сұрыптап алу керек еді.

Мұндай «ізденіс процедурасы» барысында алдын-ала дайындалған схемалар мен стереотиптерге қайшы келетін құжаттық материалдарды авторлар өз назарынан тыс қалдырып отырды. Сондай аса құнды дереккөздердің бірі – халықтың арыз-шағымдары, ғылыми тілмен айтсақ, эпистолярлық құжаттар.

Эпистола немесе эпистолярлық сөзі гректің

«epistole», яғни «хат» деген ұғымды береді [1, 794-б.]. Эпистолярлық құжаттарға ірі қоғам қайраткерлерінің өзара жазысқан, тарихи мәні бар, әдеби мұраға айналған хаттары жатады. Эпистолярлық әдеби жанр ретінде көне дәуірден басталды. Цицеронның, Горацийдің, Сенеканың хаттары, орыс жазушысы Н.М.Карамзиннің «Орыс саяхатшысының хаттары», Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің орыс достарына, Абайдың өз туыстарына жазған хаттары – эпистолярлық публицистиканың негізін қалады. Кеңестік дәуірде эпистолярлық жанр айрықша дамыды. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Қ.Аманжолов, т.б. жазысқан хаттар көрнекті үлгілер болып табылады [2, 85-б.].

Кеңестік кезеңде хаттардың басым бөлігі арнайы тапсырыспен жазылды. Билік басында отырған басшыларға жолданған хаттар бірталай. Мемлекеттік және құқық қорғау орындарына арыз-шағым, өтініш, ұсыныстар арқылы қарапайым халық наразылықтарын білдіріп отырды. Оған дәлел мұрағат қорларында сақталған құжаттарды айта аламыз. Мысалы, **мал-мүлкін тәркілеп, жер аударылған Қызылорда ауданының №38 ауылының азаматы, Қызылқұм шөлейтті жерінде тұратын Тайша Малқарованың арызын тыңдап көрейік: «Партия и закон требуют в деле проведения конфискации собственности Революционной законности, четкости,**

революционных действий и недопущения конфискации даже у обыкновенных баев, если только они не являются помещиками и антисоветскими, почему я обращаюсь к Вам с просьбой принести протест в Президиум КазЦИКа, или ВЦИКа (где следует) на предмет устранения явно ненужного Советской власти действия и ее должностных лиц по отношению ко мне, к моему хозяйству и моей семье, состоящей из 13 душ, в возрасте от 1 года до 57 лет» [3, 136-п.]. Өкінішке орай бұл арыз қараусыз қалды. Осы секілді арыз-шағымдар партия органдарына жолданып, назардан тыс қалып жатады.

Кеңестік тоталитарлық жүйе тарихының ақтаңдақтарын, қазақ зиялыларының қуғындалу тарихындағы ақтаңдақтарды ашуда заманхаттар мен естеліктердің орны ерекше. Ұлт зиялыларының тарихы мен тағдырынан хабар беретін Г.М.Дулатованың «Шындық шырағы», «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», «Жұмабай Шаяхметов туралы естеліктер» [4, 136-б.], сондай-ақ, «Мұстафа Шоқай Мария Шоқай естеліктерін» [5] де атап айтуға болады.

Қазақ халқының көрнекті қайраткері Тұрар Рысқұловтың «БК(б)П ОК-нің Бас хатшысы И.В. Сталин мен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекинге жолданған хаттары» да осыған жатады. Сонымен қатар, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Ораз Исаев, Сұлтанбек Қожанов және т.б. да Мәскеуге ресми хаттар жөнелтті [6].

«Бесеудің хаты» Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев жазған және т.б. хаттарда қазақ халқының қырылуы мен шет ел асуының негізгі себептері, экономикалық және демографиялық шығынды айғақтайтын нақты мәліметтер берілді [6, 9-22 бб.].

Дәл осындай ресми хаттар 1918-1922 жылдары үздіксіз жүрген ашаршылық кезінде де жазылған. «Обращение киргиз к Ленину» деп аталатын хатты, қазақ делегациясы орталыққа қабылдата алмай, Кавказда жүрген Мұстафа Шоқайға жеткізген, көп ұзамай, бұл хаттың мәтіні «Борьба» газетінде (Тбилиси, 1921) түсіндірмелермен жарық көрген. Құжатта адамдардың «иттің етін жеуге» дейін барғандығы,

оларға ешбір медициналық көмектің көрсетілмеуі жалпы қазақ қоғамына теріс көзқарастан туындап отырғаны жөнінде сөз қозғалады [7, 20-21 бб.].

Эпистолярлық құжаттарды (хаттар, естеліктер, арыз-шағымдар, өтініштер, ұсыныстар) ғылыми айналымға енгізу өте маңызды. Бұл тақырыпты жан-жақты ашып көрсету, кеңестік дәуірдегі орны мен рөлін анықтауға, сонымен қатар, XX ғасыр басындағы қазақ халқының ғұмыр-тарихындағы, дербес саяси тәуелсіздікке ұмтылыстың соқпақты жолдарын танып-білуге мүмкіндік береді.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются эпистолярные документы 20-30 года XX века как исторический источник.

This article analyzes the epistolary documents of 20-30s of the XX century as a historical source.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақ, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы, 2011. – Т.15: – Y–Я. – 828 бет.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас редакторы Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 704 бет.
3. ҚРОММ. 135-қ., 1-т., 13-іс.
4. Махат Д. Эпистолярлық мұралар қуғындалған қазақ зиялылары тарихын зерттеудің дереккөзі // Отан тарихы. №4 (275). – 2015. – 135-144 бб.
5. Мұстафа Шоқай Мария Шоқай естеліктер. Istanbul: Türk dünyası araştırmaları vakfı. – 1997. – 272 s.; Шоқай М. Я пишу Вам из Ножана. – Алматы: Кайнар, 2001. – 208 с.
6. Қазақ қалай аштыққа ұшырады. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 207 бет.
7. Есмағамбетов К.Л. Мұстафа Шоқай және Қазақтардың аштыққа ұшырауы туралы. // «1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және Алаш Азаматтары» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. 2015 жыл, 27 мамыр. – Алматы, «Орхон» Баспа үйі. 2015.- 124 бет.

ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕГІ АГРАРЛЫҚ РЕФОРМА

Әлия АЙТБЕКОВА,
Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық
университетінің магистранты

Қазақстанда 1921–1922 жылдары жаңа экономикалық саясат аясында жүргізілген шаралардың бірі – жер-су реформасы. Реформаның негізгі міндеті 1920 жылы құрылған ҚАКСР-нің аумағында қазақ жерлерін біріктіру болды. Патшалық биліктің жүргізген саясаты нәтижесінде Қазақстанда жер мәселесі өте күрделі мәселелердің біріне айналған еді. Ресейдің орталық аудандарынан, әсіресе, сталиндік реформа кезеңінде шаруалардың қоныс аударуы Орта Азия мен Қазақстанды отарлаудың құрамды шарттарының бірі болды.

Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты барысында келімсек орыс шаруалары жергілікті тұрғындардан орасан зор егістік жерлерді басып

алды. Тек 1916 жылдың өзінде Жетісу мен Сырдария облыстарында қоныстанушы шаруалардың қолында 2659 млн. десятина жер болды. Жергілікті тұрғындардың жерін тартып алу 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншу барысында ерекше жыртыштықпен жүргізілді. Жазалаушылардан қашқан тұтқындардың иесіз қалған жерін иемденумен бірге, шұрайлы егістік жерлерді жазалау шараларын қолданып, қорқытып-үркіту тәсілдері арқылы да иелену кең өріс алды. Осылайша жерді басып алу келімсек шаруалар тарапынан 1920 жылға дейін жалғасып келді. Патша өкімшілігінің тікелей араласуы нәтижесінде орыс және жергілікті шаруаның жер иелену құқығында орасан зор теңсіздік болды. Жер-су

реформасы қарсаңында орыс шаруалары барлық дақылдар егістігінің тең жартысын иемденді және жергілікті тұрғындармен салыстырғанда жермен 15 есе артық қамтамасыз етілді.

Міне, осындай көпе-көрінеу теңсіздік Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде де орын алып жатты. Жетісуда аграрлық реформа 1921 жылдың көктемінде басталды. Реформа Сырдария облысындағыдан ерекшеленді. Бұл мұндағы өлкенің экономикалық дамуы, ұлттық құрамы, шаруашылық қызметінен ерекше көрінді. Мұнда статистикалық мәлімет бойынша, халық отырықшы және көшпелі болып бөлінді. Отырықшы 40 пайыз, ал қалғаны көшпелі, жартылай көшпелі, орыс тұрғындары, қазақ шаруалары, переселендер. 1913 жылы облыста 222 орыс поселениесі, оның ішінде 34 казак станицасы, 34 старожилдық село, 154 жаңа деревня болды.

Жетісуға жер-су реформасын жүргізуге комиссияны басқарып Сұлтанбек Қожанов келеді. Бұл комиссия мен жергілікті кадрлардың басым бөлігі жер-су реформасын Түркістандағы революцияға дейінгі жер саясатындағы әділетсіздікті жою деп түсінді. Ол өзінің 1922 жылғы жарияланған «Ақ жол» газетінің №161 санындағы жазбасында: *«Я қырғыз-қазақ кедейлері орнығып, қолы жетіп көңілі жайланған емес. Я орыс крестияндарының жалпы көңілі жай емес, біреулері кеткенін жоқтайды, біреулері келешегінен қорқады. Осы себептердің барлығы Жетісу облысында саяси тынышсыздық, шаруаға жайсыздық туғызды. Сондықтан жаңа шаруа саясатының түпкі мақсатын ұмытпай, Жетісу облысының шаруа істері тез көркеюін көздеп, Түркістан кеңес үкіметі жер реформасы Жетісу облысында жалпы жүргізуге нәм жалпы түрде социализм негізімен жер істерін жайластыруды әзірлеуге кірісті. Біреулер қатадан, біреулер қасақана жер реформасына теріс мағына беруге жаман түрде көрсетуге тырысар. Шеттегі ақтар, іштегі сұрлар басқа әрекеттерге де кірісер. Бірақ тап жаңылмайды, көпке нәркім топырақ шашпайды. Жер мәселесі айтқандай болып шешіледі. Кеңес үкіметінің намыстарын жағу былай тұрғай, атын есітуді өзіне ауыр көріп, «қашан құриды?» деп тілектеп жүрген өзгеріс қаскүнемдері қарап отырсаң да қарсы, қатты тисең де-қарсы. Оларды адамгершілікпен, жұмсақтықпен жөндейміз деуге болмайды. Бірақ кеңестерді өзімізін жүрген-кеңестің ұранын жоқтап, жаңа шаруа саясатын теріс түсініп, жер реформасына қарсы болып алжаспауы керек. Жетісуда быыл шешілетін мәселелер Жетісудың анық кімдікі болуын нәм қандай болуын шешсе керек. Кедейлер, кеңес жұмыскерлері осы жағын ұмытпауы керек»*, – деп баяндайды [2]. С.Қожанов жер-су реформасына тек таптық қана емес, сонымен бірге ұлттық сипат беру бағытын ұстанды. Әрі осы жауапты үлкен шараны іске асыруда ол белсенділік көрсетті. Реформа барысында ауыл шаруашылығы салаларындағы жер қатынасы мәселесіндегі патша үкіметінің отарлау саясатының қалдықтарын жою, яғни жергілікті халықтар мен келімсектердің жерді пайдалану құқын іс жүзінде теңестіру сияқты аса шиеленісті, өте күрделі мәселені шешуге талпыныс жасалды. Патша үкіметі мен қоныс аудару басқармасы қоныс аударушы орыс шаруаларына жергілікті халықтың ата-мекен

шұрайлы қоныстарын тартып әперіп орналастырған еді. Жаңа жерге қоныстанған соң ерекше құқықтар мен артықшылықтарға ие болып, жергілікті халықты қанау арқылы орасан зор байлыққа кенеліп, отарлау дертін бойларына жұқтырған орыс қоныс аударушы шаруалары Кеңес өкіметінің бұл аграрлық саясатына жанталаса қарсылық көрсетті.

Қазақстандағы жерге орналастыру ісіне өзгеріс енгізіп, оған тікелей нұсқау берген Бүкілодақтық Атқару Комитетінің төралқасы 1924 жылы 28 ақпанда жаңа қаулы қабылдады. Мәжілістің осы №95хаттамасында: *Қазақстандағы жерге орналастыру әрекеттері жергілікті халық пен жерге орналастыруға жататын аудандардағы келімсектер тұратын селоларда бірдей жүргізілуі тиіс екендігі міндеттелді. Сондай-ақ, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің осы мәселеге арналып құрылған комиссиясы Жетісу, Семей, Ақмола губернияларындағы ұлтаралық қарым-қатынастардың шиеленіскен жерлерін көзбен көріп, жағдаймен танысу нәтижесінде алған материалдардың қорытындысы бойынша 1925 жылдың желтоқсанында БОАК төралқасында арнайы баяндама жасалды. Онда: “Қазақстандағы өндіргіш күштердің және кеңестік мемлекеттің талапқа сай дамуын қамтамасыз ету үшін ұлтаралық қатынастарды реттеу мақсатында губернияларды ауыл шаруашылық аудандарға бөлу қажет деп табады. БОАК 1928 жылдың қазанынан қалдырмай, 1921-1922 жылдардағы жер реформасының нәтижесінде жерсіз қалған, шындығында, тікелей ауыл шаруашылығымен қолданатындар және еңбек шаруашылықтары жермен қамтамасыз етілсін”, – деген шешім шығарды [3].*

Кеңес өкіметінің Түркістан республикасының мемлекеттік басқару орындары жүргізген аграрлық саясаты, мұсылман еңбекшілерін жаңа билікті, большевиктер партиясын қолдауға тартуды көздеді. Онда патша өкіметінің отаршылдық саясатының нәтижесінде еуропалықтар мен жергілікті мұсылман халықтарының арасында қалыптасқан сенімсіздік, төзімсіздік қарым-қатынастарын жою қарастырылды. Жер мен суды пайдаланудағы тәртіпсіздік, былыққан жағдай, әрине, белгілі бір ұлт өкілі болып келетін шаруалар арасындағы қақтығыстарға алып келіп отырды.

Түркістан республикасы Кеңестерінің IX съезінде және Түркістан Компартиясының V съезінде жер-су реформасының бағыттары, мәні айқындалды. Онда:

1) *қазақ кедейлеріне еңбек нормасы бойынша еңбек нормасынан артылған жерлерді пайдалануға беру;*

2) *казактар мен орыс шаруаларының өз еркімен қоныстанған жерлерін қазақтарға қайтару;*

3) *суды пайдалануды реттей отырып, суды қазақтар мен қоныстанушылар арасында біркелкі бөлу көзделді.*

Жергілікті халық өкілдері мен шеттен келген қоныстанушылардың жер мен суды пайдаланудағы теңсіздігін жою – жер-су реформасының саяси міндетіне айналды. Ал экономикалық тұрғыдан шаруалар мен қазақ еңбекшілерін белгілеген еңбек нормасы бойынша жерге орналастыру, жер қоғамдықтарын қалыптастыру, жерді пайдаланудағы аттамалылықты жою міндеттері тұр-

ды. Бұл реформа алдына қойған экономикалық міндеттерді орындау үшін үлкен күш және ұзақ жылдар керек еді [4].

1921-1922 жылдары жүргізілген аграрлық реформалар саяси сипат алды. Бәрінен бұрын ол аграрлық мәселелердің шешілуінсіз мүмкін емес болған Түркістандағы кеңес билігін нығайту мақсатында жүрді.

Реформаның отаршылдыққа қарсы сипаты былай бекітілді:

а) жерді қазақтарға қайтарып, тарихи әділеттілікті орнату, б) сонымен қатар 1918-1919 жылдардағы аграрлық теңгермешілдік үлесті толығымен аяғына дейін жеткізу. Нәтижесінде, Түркістан экономикасының қызмет жүйесі жөнінде дұрыс хабары болмауы себепті, онсыз да азамат соғысы және шетел интервенциясынан қираған ауыл шаруашылығының құрылымын бүліншілікке әкелді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы аграрной реформы, которая проводилась в Южно-Казахстанской области в 1921 г., ее характерные особенности и последствия. Причинами переселения русских крестьян в Семиречье было захват наиболее благоприятных земель коренного населения и проведение колониальной политики царизма. Аграрная реформа царизма вызвала недовольство среди местного населения и переросла в активную борьбу против аграрной политики, проводимой на территории Семиречья.

Ключевые слова: Реформа, переселение, царская политика, кооператив, хозяйство.

The article considers the problems agrarian reform, which is held in South Kazakhstan region in 1921 and its characteristics and consequences. According the reasons for the relocation of Russian peasants in Semirechiye was the capture of the most favorable indigenous families and implementation of the colonial policy of king rules. Once they settled they began using the local population, and in this fundamental act against the state agricultural policy.

Keywords: Reform, resettlement, tsarist policy, cooperative, peasantry.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Нарбекова Б.М.** Оңтүстік Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар /XX ғ. 20-жылдары/ канд. дисс... автореф. 1994.

2. **Мұқатова Д.М.** Түркістандағы этносаралық қатынастар тарихы (XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. бас кезіндегі Жетісу және Сырдария облыстарының материалдары бойынша). Семей, 2010.

3. **Сұлтанбек Қожанов.** Шығармалары, Алматы, 2009.

4. **Сидоров В.К.** К вопросу о деятельности партийных организаций в проведении земельно-водной реформы в южных областях Казахстана (1921-1922 гг.) А-Ата, 1957.

5. **Еренов А., Байсалов С.** Очерк советского земельного законодательства в Казахстане. А-Ата, 1955.

ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНА ЕКІ ТОМ АРНАЛДЫ

Хангелді ӘБЖАНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі

2012 жылдан бастап Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты қолға алған қарымды іс – көп томдық форматтағы Қазақстан тарихын жазу. Біз Қазақстан тарихын 10 томмен, 20 кітап етіп жасауды жоспарлаған болатынбыз. Бұл жобаға Ә. Марғұлан атындағы Археология институты мен Мемлекет тарихы институты да жұмылдырылды. Осылайша, үш Институттың күшімен күрделі еңбек дайындалуда. Бұл еңбектің тағы бір ерекшелігі бұл ауқымды жұмысты жазуға әлемнің түкпір-түкпірінен тарихшы ғалымдар шақырылды. Бұл жобаның авторлары арасында Ресей, Түркия және басқа да алыс жақын шет ел ғалымдары бар. **Бүгінгі күні Институт ҚР ҒБМ Ғылым комитетіне алғашқы 13 кітапты ұсынып отыр.** 4 кітапты археологтар, 3 кітапты тарихшы ғалымдар жазуда. Жылдың аяғында біз барлық 20 кітапты жинап үлгерміз деп үміттенеміз...

Біз алдыңғы дәуірлердегі ғалымдардың жетістіктерін жоққа шығармаймыз. Сонымен қатар осы көптомдықта жаңа дүниелер бар. Мысалға, бұрын Қазақ хандығының тарихы жеке том болып зерттелмеген. **Қазақ хандығының тарихы бойынша**

жаңа басылымда екі том бар. Бұрын қыпшақтардың тарихы Қазақстанның белгілі бір шекарасында зерттелген еді, ал жаңа басылымда қыпшақтардың тарихы Еуропаны, Азияны, Африканы қамти отырып ұсынылады. Кеңестік замандағы және кеңестік заманнан кейінгі мерзімдердегі басылымдарда Қарақалпақ автономиясының Қазақстан құрамындағы тарихы қарастырылмаған, өйткені Қазақалпақстан Өзбекстанның құрамында және бұл өзбек тарихы деп есептелінді. Бірақ тарихымыздан Қарақалпақстанның Қазақстанның құрамында болғаны белгілі, біз осы жерде сол уақыт аралығын көрсетіп отырмыз. Алдыңғы басылымдарда қазақ халқының антропологиясы үстіртін қарастырылған еді, ал бұл жерде қазақтардың антропологиясына бүкіл бір том арналып отыр. Осындай жаңалықтар бар, оқырмандар бұл еңбектің мазмұны мен деңгейіне қанағаттанады деп үміттенеміз.

Источник: <http://e-history.kz/kz/publications/view/2616>

© e-history.kz

ТАҢДАУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖҮРГІЗУ

(Қоғамдық пәндер бойынша)

Жабай ҚАЛИЕВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының
бөлім бастығы, п.ғ.к.
Алмагүл СЫМАҒҰЛОВА,
ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының бас сарапшысы

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесі жаңа заман талабына сай жаңаруда. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынаста әрбір жағдаят барысында ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Мұғалімдер алдына білім жүйесін заман талабына сай үйлестіре, жаңа үлгіде жүргізу міндеті туындап, білім берудегі барлық оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда.

Осыған орай орта мектепте бейіндік оқытуды ұйымдастыру мен бейіндік-бағдарлы пәндерді оқыту әдістемелерін жетілдіру мәселелері өзекті және маңызды болып отыр.

Ең басты болашақ ұрпаққа білім беруде жас өркеннің болмыс бітімі, талғам таразысы, талап деңгейін айқындай отырып, оларға нені оқыту керек, қандай білім беру керек деген мәселені нақтылап алу қажет. Ол үшін білім мазмұнын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты оқушы негізгі мектеп курсында болашақ мамандығына байланысты бағыт таңдап, элективті курстарды таңдауы керек. Таңдау курстары оқу курсының вариативті бөлігі бойынша жүзеге асырылады.

Факультативтер, таңдау курстары, қолданбалы курстар, жеке және топтық кеңестер, дамыту сипатындағы сабақтар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша вариативтік мектеп компоненті есебінен білім алушылардың білімге деген қажеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, жалпы орта білім беретін ұйымдар анықтайтын оқу пәндері мен курстар болып табылады. Вариативтік оқу бағдарламасы – үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне енетін әрбір оқу курсы бойынша білім, шеберлік және дағды мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат.

Міндетті оқу бағдарламалары орта білімнің базалық мазмұнын іске асырып және орта білім беру деңгейлеріне сәйкес білім алушылардың дайындығына қойылатын талаптарды анықтайтын болса, вариативті оқу бағдарламалары вариативті компонентке кіретін оқу пәндері мен курстарының мазмұнын іске асырады.

Вариативтік компонент (мектеп және оқушы) тұлғаны дамыту мен өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз етеді, білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін, ата-аналар мен қамқоршылық кеңестердің сұраныстарын, мектептердің мүмкіндіктерін, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беру ұйымдары анықтайды [1]. Белгілі бір пәндерді терең оқуға қызығушылық танытатын оқушылар үшін таңдау курс-

тарын ұйымдастыруға сағат сандарын көбейту мектептің құзырында. Курстарды өткізу үшін мұғалім өз тарапынан белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін оқу жоспарын, бағдарламасын әзірлейді.

Білім беру ұйымдарының бастауыш мектебінде вариативті бөлік әр сыныпта 1-2 сағаттан қосымша сабақтарға бөлінген оқу уақытынан тұрады: бұл сабақтар «Таңдау сабақтары» деп аталады. Оларды, негізінен, жалпымәдени біліктіліктерді қалыптастыруға бағытталған әртүрлі таңдау сабақтары үшін пайдалануға болады. Негізгі орта білім беру сатысында вариативті бөлік әр сыныптағы факультативтерден тұрады, яғни бастауыш және негізгі білім беру сыныптарында жүргізілетін сабақтар бейіналды оқыту болып табылады. Жалпы орта білім беру сатысының оқу жүктемесінің вариативті бөлігін бағдарлы пәндер, қолданбалы курстар, таңдау курстары құрайды. Мектептің жоғарғы сатысында жүзеге асатын үдеріс бейіндік оқыту деп аталады. Оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін оқыту. Қолданбалы курстар, таңдау курстарын оқытудың мақсаттары, біріншіден, оқушыларды кәсіби бағдарлау, екіншіден, олардағы қалыптасқан білімдері мен түсініктерін әлемнің біртұтас жүйесіне интеграциялау, үшіншіден, бағдарлы пәндерді оқытудың тиімділігін арттыру және негізгі пәндік және курстар арасындағы сабақтастықты орнықтыру болып табылады.

Қолданбалы курстар – оқыту бағдарының құрамына кіреді, оған қатысу міндетті, ол мектептік компонент есебінен жүзеге асырылады және екі функция атқарады: негізгі бағдарлы пәндерді оқытуды «қолдайды» және оқытуды ішкі бағдарлау үшін қызмет етеді. Қолданбалы курстар мазмұны бойынша бақылау жұмысы (ҰБТ, ОЖСБ) өткізілмейді.

Таңдау курстары (ҰБТ, ОЖСБ) оқыту бағдарының шеңберінен тыс оқушы компоненті (жеке сабақтар, консультациялар және т.б.) есебінен жүзеге асырылады. Басты функциясы – кәсіби бағдар беру. Таңдау курстары, оқушыларға өз мүмкіндіктерін айқын танып, бағалауға және оқу бейіндерін таңдауда дұрыс бағдар беруге көмектесуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген «Өлкетану» (7-сынып),

«Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» (8-сынып), «Абайтану» (9-11 сыныптар), таңдау курстарының бағдарламалары мектептердің таңдау еріктіліктеріне ұсынылды [2]. Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топта 10 адамнан асса ғана жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында білім мазмұнын анықтауда қазіргі білім беруді гуманитарландыру проблемаларын, оқытуды бейіндеу, жас ұрпақтың интеллектік дамуы мен рухани-адамгершілікке тәрбиелеу талаптары ескерілген [3].

Яғни, тарихи оқиғаларды, жекелеген адамдардың қызметін, мемлекеттегі басқару нысандарын түсіне білу және оларды нақтылы бағамдай білу; демократиялық және экономикалық кеңістікте өмір сүру нормаларын үйрену, әлемдік және отандық мәдениеттің ортақ мәселелерін бағдарлай білу, ұлттық сана-сезімге ие болу, адамзаттық өркениетті дамуының негізгі кезеңдерін білу, т.б. талаптарын қояды. Оқушы тұлғасының интеллектуалдық әлеуетін дамыту мақсатында тарихи және қоғамтанулық білім беруді; бағдар бойынша базалық пәндерді тереңдетіп оқытуды; қазақ, орыс, шетел, Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, адам және құқық рөлі туралы түсініктерін қалыптастыруды; оқушылардың лингвистикалық, тарихи, көріністік ойлауын қалыптастыруды, әртүрлі өмірлік жағдайларға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті оқушылардың талдау, практикалық, коммуникативтік біліктері мен дағдыларын жетілдіруді; оқытуды бейіндендіруге жағдай жасауды және оқушыларды одан әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға даярлауды қамтамасыз етеді [4].

Кәсіби бағдар мәселесі жеке адам үшін де, жалпы алғанда, қоғам үшін де маңызды болып табылады. Қазіргі нарықтық қатынас заманы адамның үздіксіз кәсіби жетілуін талап ететін бәсекелестік жағдайына қойып отыр. Оның үстіне кәсіби бағдар мамандық таңдауға ғана емес, сондай-ақ адамның мамандығын жетістікпен өзгерте алуына, өзгермелі өмір жағдайлары мен кәсіби қызметке бейімделе алуына себептесуі тиіс. Адам өмірге шығармашылық тұрғыдан қараған жағдайда ғана оның мәні оған жаңа қырынан танылып, өзіндік анықтала алатын толыққанды субъектіге айналады.

Қоғамдық-гуманитарлық білім беру кең білім беру шекараларына ие, оны оқыту тек қана адамзат тарихындағы мәдениет туралы ғылым ғана емес, адамзаттық табиғат болып табылады. Авторлық курстардың мазмұнын таңдауда білімнің функционалдық толықтығы басты талаптардың біріне жатады. Сонымен қатар курстың мазмұны базалық оқу мазмұнын қайталамай бейіндік пәнді тереңдету немесе кеңейту тұрғысынан жүзеге асырылуы тиіс. Сондықтан таңдау курстарына материалдарды таңдай отырып, курс бағдарламаларының авторлары «Бұл курс несімен оқушыға пайдалы болады және оны қызықтыруы мүмкін?» деген сұраққа жауап іздеуі қажет. Курсты оқыту мақсаттары курс не үшін оқылады, білім беру процесі субъектілерінің қандай қажеттіліктерін қанағаттандырады деген сияқты мұғалімдерге де, оқушыларға да түсінікті болатын терминдермен тұжырымдалғаны орынды.

Курстардың мазмұны күтілетін нәтижелер тұрғысынан дұрыс таңдалып алынған жағдайда оқыту процесін іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлы тұрғыдан қарау жүзеге асырылады. Сондай-ақ зерттеушілік сипаттағы мұндай курстарды оқыту оқушылардың өз бетінше білім ала білуіне, игерген білімдерін жаңа

жағдайларға қолдана алуларына, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесімен, мектептен кейінгі білімін жалғастыру үшін қажет түйінді құзырлармен қарулануына ықпал етеді. Курстарды оқыту мақсаттары оқытуды даралауға және оқушыларды әлеуметтендіруге, олардың болашақ кәсіби қызмет аясын саналы әрі жауапты таңдап алуға бағыттау болып табылады.

Қолданбалы курстардың келесі типтерін шартты түрде бөліп көрсетуге болады (пәндік бағдарланған, пәнаралық, кәсіби бағдарланған):

1. *Пәндік қолданбалы (таңдау) курстар*, оның мақсаты мектептің оқу жоспарына кіретін пәндер бойынша (мысалы, физика) білімді тереңдету.

2. *Пәнаралық қолданбалы (таңдау) курстар*, олардың мақсаты оқушылардың табиғат туралы білімдерін тереңдету.

Пәндік қолданбалы курстарды бірнеше топқа бөлуге болады:

а) *көтеріңкі деңгейдегі қолданбалы курстар*, бағдарлы курспен тақырыптық та, өткізілу уақыты бойынша да келісілген пәнді тереңдетіп оқытуға бағытталған курс. Мұндай курс пәнді тереңдетіп оқытуға мүмкіндік береді;

ә) *қолданбалы арнайы курс*, мұнда пәннің жеке бөлімдері тереңдетіліп оқытылады.

3. *Кәсіби бағдарланған қолданбалы (таңдау) курстар*, олардың мақсаты – оқушылардың пән негіздерінен игерілген білімдерін тәжірибеде қолдана алудың маңызды жолдарымен және әдістерімен таныстыру [5].

Мектептегі қоғамдық пәндер мазмұнына келесі ғылымдардың негіздері: философия, экономикалық теория, саясаттану, құқықтану, әлеуметтану және т.б. енеді, адам және қоғам туралы толық ғылыми білім береді.

Қоғамдық білім, тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, оны тәуелсіз бағалау, сонымен қатар басқалардың пікірін сыйлауға ықпал етеді. Бұл пәндер тұлғада қазіргі қоғамға тән маңызды құндылықтарға, дүниетанымын, толеранттық, азаматтық сенімділік, шығармашылық ойлауға тәрбиелейді. Нәтижесінде қоғамдық пәндер жастарды қазіргі әлемдегі толық қарама-қайшылыққа өз бетінше өмір сүруге дайындайды, адамдар арасындағы өзара түсіністік үшін ыңғайлы жағдай жасайды, әр түрлі мәдени, этникалық, лингвистикалық және діни дәстүрлер адамға белгілі бір елдің ғана өкілі емес екендігін сезінуге көмектеседі. Қоғамдық пәндер жеке тұлғаға ұлттық-рухани жан-жақты тәрбие берумен қатар, Отанды сүю, Елін құрметтеу құндылықтарын береді [6].

Осылай, оқушылар өздерінің қызығушылығына, қабілеттілігіне сәйкес таңдап алатын курстар олардың өз бетінше білім ала білуіне, игерген білімдерін жаңа жағдайларда қолдана алуларына, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесімен, мектептен кейінгі білімін жалғастыру үшін қажет түйінді құзырлармен қарулануына ықпал ететін болады [7].

Таңдалатын курстар үш міндет атқарады: бағдарлы курстың мазмұнын толықтырады; базистік курстардың бірінің мазмұнын жетілдіреді; жекелеген оқушының өзі таңдап алған бағдардағы қызметі шеңберінен шығып кететін танымдық қызығушылығын қанағаттандырады. Оқушылар таңдауы үшін мектеп базалық және бағдарлы курстардың түрлі нұсқаларын ұйымдастыруы тиіс. Яғни, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер қолданбалы курстарды аймақтағы еңбек нарығының жағдайын, қарастырылатын саладағы мамандықтардың қажеттігін, республикадағы шаруашылықтың экономикалық дамуын ой елегінен өткізе отырып ұйымдастырулары керек.

Тұтастай алғанда, таңдау курстары заманауи білім салаларының өзекті аспектілерін оқып-үйретеді. Олар типтік оқу бағдарламаларында кездесетін олқылықтардың орнын толтырады. Білімді практикаға енгізуге және қолдануға қолайлы және білім алушыларға қажетті дағдыларды мақсатты түрде дамытуға мүмкіндік береді. Курстар барысында заманауи білім беру технологияларын, оның ішінде инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді әрі сауатты қолдану арқылы керекті нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Қорытындылай келе, қазіргі қоғамда өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны қалыптастыру маңызды проблемалардың бірі болып отыр. Сондықтан бүгінгі таңда қоғамның өзгермелі жағдайына бейім тұлғаны қалыптастыру үшін қолданбалы (таңдау) курстардың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім

берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты». – 31 б.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары». – 1758 б.

3. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 26 тамыз 1994. – Б. 2-4.

4. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бағдарлы оқытудың тұжырымдамасы. – Астана, 2010. – Б. 12-15.

5. Авторская редакция. Элективные курсы в профильном обучении. Образовательная область обществознание. – М.: НФПК, 2004.

6. Дүйсебек Ә.Т., Туяков, Е.А. Модернизация казахстанского образования в контексте общечеловеческих, национальных и личностных приоритетов // Материалы международной научно-практической конференции «Образование: Традиции и инновации». – Прага, Чешская Республика (27.12.2012 г.). – С. 347-351.

Каспржак А.Г. Элективные курсы – ответ на запросы ученика и учителя, семьи и государства // Директор школы. – 2006. – № 1. – С. 7-11.

ДИАЛОГТИК ОҚЫТУ ТӘСІЛІ

Гүлмира КӨКТЕУБАЕВА,
М.Орманов атындағы орта мектептің
І деңгейлі тарих пәні мұғалімі

Адам баласының дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыруда тарих сабағының мәні зор. Ал, таным мен көзқарас өздігінен пайда болуы екіталай, егер де адамдар өзара қатынас құралы тіл арқылы әрекеттеспесе. Сайып келгенде, тіршіліктің негізі қарым-қатынас пен диалогқа орнығады: басқаның ойымен, пікірімен, көзқарасымен санасу, өзгені түсіне білу, өзіңді оның орнына қоя білу – бәрі де адамға қажетті даусыз тұжырым. Пәлсапашы Қанат Нұрланованың пайымдау бойынша, қарым-қатынас идеясы қазақ ұлттық философиясының негізінде жатыр. «Өмір мәні араласу, қатынасу, іштесу, қауышу, диаласу, жүздесу, яғни, түсіну», – деген ата-бабаларымыз осы әрекеттер арқылы басқа адамға, оның көзқарасы мен дүниетанымына, ойы мен пікіріне деген ыждаһат пен ықылас қалыптасатындығына көздерін жеткізген [1]. Тіпті, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мына бір, «Қол шешпегенді, тіл шешер» деген мақалдың мәніне бойласаңыз көп нәрсені ұққандай боларыңыз анық.

Ысты Бөлтірік шешенге қартайған шағында: «Өмірдің мәні не бала ма, бақ па?» дегенде, ол былай деп жауап беріпті: «Бала деген артта қалар із, бақ деген аспанда ұшқан құс. Бұл өмірдің мәні сіз бен біз емес пе?». «Сіз бен біз» қарым-қатынасын өмірдің негізгі құндылығына дана бабаларымыз бүкіл Әлеммен диалог құруға ұмтылған: жер мен ғарышпен, тау мен таспен, су мен топырақпен, адамдар басқа тірі пенделермен. Сол себепті ата-бабаларымыз бүкіл әлемді сыйлап (жаратылыспен табиғатқа еш нұсқан келтірмеген) «Судың да сұрауы бар деп» ерекше қонақжай болды емес пе?! Ал, адамзат ғұламалары тек қарым-қатынас арқылы, диалог құру арқылы ғана Әлемді тануымыз ықтимал, яғни таным иен білім – адамдардың өзара әрекетінің нәтижесі деп есептеген. Демек, тіл – қатынас құралы ғана емес, оқу мен оқытуда, үйрену мен үйрету қатар жүретін білім алу

жүйесіндегі қуатты құрал екендігі туралы бүгінгі таңда көптеген дәлелдер жеткілікті. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады [2].

Ал Мерсер мен Литлтон (2007) өз зерттеулерінің нәтижесінде диалогты сабақ барысында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, білім деңгейінің өсуіне де зор ықпал ететіндігін дәлелдейді. Яғни, диалогтік оқыту – «мұғалім – оқушы», «оқушы – оқушы» арасындағы интербелсенді, шығармашылықпен өтетін, өз пікірін негізді, тұжырымды түрде білдіруге жетелейтін әңгімені ынталандырып, қуаттайтын оқыту әдісі. Диалогтік оқыту негізгі жеті модульдің бірі болып қана қоймайды, барлық модульді қамтиды және сабақтың өне бойында қолданыста болады десек артық айтқандық емес.

Бағдарламаны игергеннен кейінгі өз тәжірибемде көп пайдаланатын тиімділігі жоғары әдістің бірі – **диалогтік оқыту**. Сабақ барысында оқушылардың әңгімелесуінің, пікірлесуінің маңызы зор. Әсіресе, топтық, жұптық жұмыс барысында әр баланың өз ойын білдіруіне мүмкіндік туады. Диалогтік оқыту топпен жұмыс барысында көрінеді:

-Топ ішінде ортақ проблеманы шешуде идея тастауы, өз пікірін дәлелдеуі, талдап-талқылай алуы, ортақ шешімге келе алуы барысында бірге ойлайды;

-Зерттеушілік әңгімеге тартылады, мәтіндегі берілген мәліметтерден басқа білетін танымдық ақпараттарды топ мүшелерімен бөліседі, болжамдар ұсынып, талқылайды;

-Талқылау барысында сөздік қорлары молаяды, бір-бірінен «жаңа» сөздер үйренеді;

-Бірін-бірі тыңдауға үйреніп, пікір алмасады.

-Өзге топтардан артта қалмас үшін жұмыла жұмыс жасауға, жауапкершілікке ұмтылады;

-Топ ішіндегі лидерлер «баяу» топ мүшелеріне

кайта-кайта қайталатып, «сөйлеуіне» түрткі болады. Выготскийдің ЖАДА-сы жүзеге асады. Яғни, қабілетті құрдасының арқасында «сөйлеуге» мәжбүр болады.

Бұдан шығатын қорытынды, Мерсер (2005) айтқандай, құрдастар тобындағы «бірін-бірі оқыту» «мұғалім – оқушы» байланысынан әлде қайда бір-біріне ұғынықты, әрі айтылған ақпараттың естеріне ұзақ уақыт сақталатынын байқадым. Демек, алынған ақпарат дәл сол кезде ғана емес, болашақта керек кезінде жұмсауына «қорек» болады деген қорытынды жасадым.

Диалог түріндегі әңгімелесу барысында әртүрлі идеялар айтылады, қарсы пікірлерге де тап болады, мәмілеге келеді, тіпті «бұрын үндемейтін, нашар оқушы» болып келген оқушының «дәл» сол тартысты тақырып туралы өзгелер білмейтін танымдық мағлұматы бар «лидер» болып, өзін өзгелерге мойындататын сәттер де кездесіп жатады. Осы орайда оларға деген аз мадақ пен көтермелеудің өзі пәнге деген баланың көзқарасын өзгертетініне сендім. Мен бұл **нәтижелерге** бір немесе бірнеше сабақ өткізе салып жетпедім. Бірқатар **кедергілерге** де кездестім. Олардың қатарына мыналарды жатқызар едім:

- Топқа бөліну барысындағы «шу»;

- Уақыттан ұтылу;

- Үлгерімі жоғары оқушылардың жауап беруге үлгермегендегі «наразылығы» мен «менмендігі»;

- Топтардың бірін – бірі бағалауға машықтанбағандығы.

Бұл кедергілерді жеңу үшін, сабақтың мақсатына жету барысында интербелсенді әдіс – тәсілдерді қолдану сабақтың тартымдылығын арттырды.

Мысалы, сабақ алдындағы психологиялық ахуал. Таза диалогқа құрылады. «Атомдар мен молекулалар», «Айна», «Капитандар», «Түрлі – түсті алақан», «Акула – күш беруші», «Сатамын – сатып аламын», т.б. балалардың бірін – бірі тануымен сыйластығына жол ашса, бақылап тұрған мұғалім үшін әр бала туралы зор мәліметтер жинақтауға мүмкіндік береді. Әр жолы түрлерін өзгертуге тырыстым. Өйткені, келесі сабақтағы осы сәтті бала қызығушылықпен күтеді емес пе? Бұл менің пәніме деген баланың бет бұрғандығы деп түсіндім. Алғашқы кездері уақыттан ұтылды, бірте-бірте үйренді.

Сабақтың мақсатына қарай әдіс-тәсілдерді таңдай алу да үлкен шеберлікті талап етеді, күтілген нәтижеге жеткізеді. Айталық, үй тапсырмасын тексеруде де диалогтік тәсілді тамаша жүзеге асыру арқылы бірнеше баланың немесе бүкіл сыныптың тапсырманы орындау барысын зерделеуге болады. Ол үшін мынандай тәсілдерді үнемі қолданамын: «2 ақиқат, 1 жалған», «Карта ойыны», «Велосипед», «Өрмекші торы», «Доп лақтыру», «Ыстық орындық». Бұл әдістер барысында «оқушы – оқушы» байланысы артып, «бірін-бірі оқыту» стратегиясы жүзеге асады. Сондай-ақ бұл жерде мән берілуге тиісті нәрсе – сұрақ қалай қойылды. Мысалы, «Велосипед» әдісінде сыныпта 20 бала балса, үй тапсырмасын еске түсіретін 20 сұрақ қойылады деген сөз. Бағыт беруші ретінде мен әр баланың өз жұбына қойып жатқан сұрағына мән беріп, тиянақты тыңдап, жоғары дәрежелі сұрақ па, әлде төмен дәрежелі сұрақ па, зерделеуге тырысамын. Себебі, сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақты түсінудің тиімді құралына айналады. Ал, өз тарапымнан қойылатын сынақтан өткізу сұрақтары арқылы Блум таксономиясының жинақтау мен талдау деңгейіндегі «Абылай хан мен Елбасы саясатын қай тұрғыдан салыстыра аласың?» немесе «Бір мысал келтіре аласың ба?» деген сияқты

сұрақты қою арқылы үй тапсырмасын қорытуда әр оқушының:

- кез келген ақпаратқа сындарлы көзқараспен сөйлеуіне;

- шынайы қызығушылығын анықтауға;

- бір-бірінен үйреніп, ықпал етуіне, сөйлеушіні құрметтеуге;

- тапсырмадағы қиындықтар мен кедергілерді анықтауға мүмкіндік аламын.

Ал «Шеңбер» әдісін пайдалану арқылы кей сәттерде өзім де тек бақылап, бағалаушы болмай «қатысушы» рөлін «ойнаймын».

Жаңа сабақты меңгерту – сабақтың негізгі бөлігі. Сондықтан әр ұстаздың жоспарлау барысындағы ұтымды әдіс-тәсілді таңдауға тиісті тұсы. Осы орайда мен топпен жүргізілетін мынадай: «Елшілер», «Апельсин жинау», «Кір жаю», «Ойлан – жұптас-пікірлес» әдістерін пайдаланамын. Ойларын айту, бөлісу, ортаға салу арқылы жүзеге асыра отырып, шындалған ойға бірте-бірте қадам жасауға итермелеймін. Пікірін ашық айтуға, түрлі идеяларды қабылдап, еркін жұмыс істеуге мүмкіндік беремін. Сонымен қатар «ТВ шоу», «Стоп кадр», «Санадағы кинофильм» әдістерін 5-6-7-сыныптарда қолдану балалардың қызығушылығы мен өзіндік қабілеттерін дамытып қана қоймай, тілдік, сөздік қорын молайтады.

Сабақтың бекітілу кезеңінде мен жазба жұмыстарын жасатуға, жариялауға күш саламын. Сайып келгенде, оқушының сабақтағы барлық әрекеттерін – талқылау, әңгімелесу, пікірталас, сұрақ қою, жауап беруді – оның қорытынды жазба жұмысын орындауға бағыттап, сол арқылы бағалауға да болады. Жазу – ойлаудың шырқау биігі деп есептесек, оқушы тарапынан өзіндік «менін» ашуға түрткі болады. Сондықтан да әр сабақтың аталған сәтінде жазу жұмыстарын жүргіздіртемін. Оқушының бүгінгі сабақта нендей және қандай дәрежеде білім алғанын, оның өсуі мен дамуын, яғни оның білімін бағалауды жазбаша жұмыстарды орындауынан объективті түрде білуге болады. Жазу жұмыстары – оқушы білімін бағалаудың дәлелді нысаны. Ондай жазба жұмыстары қатарында мыналарды жасатамын: «10 сөйлемді эссе», «Еркін жазу», «БББ», INSERT, РАФТ, «Не? Қайда? Қашан?», «Венн диаграммасы», «Блум түймедағы».

Жазба жұмысы – шығармашылық. Сондықтан да оларды жариялау қажет. Жариялау дегеніміз басқаларға оқу, жеткізу. Егер дәстүрлі оқытуда оқушының жұмысын тек мұғалім ғана оқыса, қазіргі оқытуда анағұрлым көп тыңдаушысы болған жұмыс соғұрлым жақсы болмақ. Жариялау – мадақтаудың бір түрі. Ол үшін:

- Жазылған жұмысты топ ішінде оқу.

- Жұмыстарды сынып қабырғасына ілу.

- Үздік эсселер көрмесін ұйымдастыру.

- Жазба жұмыстарынан тақырыптық қабырға газеттерін шығару.

- Жұмыстарды (эсселер, постерлер, т.б.) тақырыптары бойынша жинақтап файлға кітапшалар жасап қоямын.

Бағалауға оқушылардың өздерінің араласуы – олар үшін үлкен жаңалық болды. Алғашында өздерін асыра бағалаушылық орын алды. Үшінші және төртінші сабақтардан кейінгі нұсқау беруден соң қалыптастырушы бағалаудағы «бірін-бірі» бағалауда бірқатар түсінушіліктер байқалды. Әсіресе, критерийлер арқылы бағалауда шеберлік көрсетті. «5 болу үшін сен бұл критерийден шықпайсың» немесе «Мен сыныптасыма 5 баға қоюды сізге ұсынамын.

Өйткені мен оның сабақтағы жауабынан мынандай нәрселерді білдім» деген ескертпелер де айта алатын болды. Осылайша, «Өзін-өзі бағалауды» пайдалану барысында өз пікірлерін ашық айтуға дағдыланды. Бұл қалыптастырушы бағалау барысында, әділ, көз алдыда өтетін, дұрыс бағалауға үйренудің басы деп ойладым. Мен де сабақтың арасындағы әрбір атқарылған жұмыс үшін мадақтау тәсілі ретіндегі «Жарайсыңдар бұл топ!», «Үздік жауап болды!» деген ынталандырушы сөздермен демеп отырамын. Ал өзін жетістігі мен кемшіл тұстарын көрсете отырып қорытынды баға қоямын. Сабақтан соң кері байланыс жазуда да алғаш қиындықтар: «сабақ ұнады» немесе «жартылай ұнады» деп жаза салынған парақшалар кездесті. Бірақ, бұл парақшаның маңызына түсініктеме берілгеннен соң, уақыт өте келе «Бағдаршам», «Идеялар себеті», «Бәрі өз қолыңда», «Аяқталмаған сөйлем» арқылы өз ойларын жазып, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға машықтанды. Өз әрекеттеріне рефлексия жасап, білім дәрежесін «Блоб ағашына», «Жетістіктер баспалдағына» орналасатынын болды.

Басқаны түсінуге, білімді игеруге, адам болуға, сондай-ақ адамгершілік қасиеттерді дарытуға диалог арқылы жетуге болатынын 1998 жылы өткен Әлемдік философиялық конгресте **диалог – тұлғаның адамгершілік қасиеттерін иемденуінің басты тәсілі** деп атағаны бекер жайт емес болар [3].

Сөзімнің соңын ұлтымыздың атақты сөз зергері Әбділда Тәжібаевтың мына сөзімен қорытындылағым келеді: «Диалог – тек алма-кезек сөйлеу емес, ойдың соғысы, ой мен ойдың жалындауы, мінез бен мінездің найзаласуы, идея мен идеяның қылыштасуы».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әлімов А.Қ.** Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер [1.47 б].
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық: «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасы [2.71 б].
3. **Әлімов А.Қ.** Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер [3.47 б].

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Жылысай ауылы.



ӨСИЕТ

ҰЛЫМА АЙТАРЫМ:

1. Ердің екі сөйлегені – өлгені. Уәде бермеуге тырыс. Берсең, сөзіңде тұр.
2. Қысқа, нұсқа сөйле. Дауысың анық, бояуы қанық болсын.
3. Көп тыңда. Аз сөйле. Сөзіңді ісіңмен қуаттап үлгеруге жаныңды сал.
4. Өсек айтылатын жерде болма. Кездейсоқ естісең, қосылма. Үлкендер айтып жатса, шығып кет! Замандастарыңдыкін кесіп тастауға тырыс.
5. Таспен атқанды аспен ат – жеңесің! Содан кейін ондайлардан алшақ жүр.
6. Ешкімді ренжітпе! Қиянаттан қаш! Жәбірленушінің дұғасы (ол қарғауы мүмкін) қабыл!
7. Ешқашан мақтанба! Жұрт мақтаса масаттанба!
8. «Өзіңді (өз адамдарыңды) өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін!».
9. Күнде өзіңе есеп бер. Өзіңді тәрбиелей бер.
10. Құмар ойын – әлсіздің әлегі. Мықтының рухы биік, денесі шымыр.
11. Үйретері мол мықтылардан ұстаздарың болсын. Бірақ, ешкімді пір тұтпа.
12. Сыйлағанның құлы бол. Кішірею – төмендеу емес.
13. Ең әуелі өзіңе өзіңнің көңілің толатындай, Алла риза болатындай өмір сүр.
14. Саяхатта. Сапарла. Дүниетанымыңның аясы кеңейеді.
15. Қайтарымынан үміттеніп жақсылық жасама.
16. Жүйкеңді болмашыға тоздырма. Шешуші сәттерге бапта.
17. Басыңа қайғы бұлты үйірілсе, сабырлық қыл, бақыт құсы қонса, шүкіршілік ет! Сол шүкіршілік пен сабырлық сақтағаның үшін Жаратқанның зор сыйы бар!
18. Уайымға салынудан алшақ бол. Арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін шешім қабылда. Тез шешім қабылда. «Тәуекел түбі жел қайық жүзесің де өтесің. Уайым түбі тұңғыық батасың да кетесің!».
19. Уәзірі мықтының тірлігі, ісі жеңіл. Мықты-

сын таңда!

20. Сырыңды ешкімге алдыртпа! Екі елі аузыңа сыймаған сөз өзгенің отыз екі тісінің арасына тіптен сыймайды.

21. Ұсыныстың ықтимал нәтижелерін елестет. Нәтижесі ұнамаса, келіспе.

22. Өкпелеме. Өш алма. Өзінің санасына бер. Аллаға тапсыр!

23. Қыран құстай қырағы бол. Өзгелерді өзіңдей екен деп алданба.

24. Пенденің пендеден айырмашылығы – адамгершілігі мен білімінде. Таны, оқы!

25. Өнер үйрен. Өз мамандығыңның, кәсібіңнің мықтысы бол.

26. Жер қозғалмаса қозғалмайтын сабырлы, зіл бол.

27. Өміріңнің сапасына тек сен жауаптысың.

28. Жалғыз апайың (әпкеңе) мен жалғыз қарындасыңа қорған бол. Тұрмыста болса да, өз күйеуі-қорғаны бар деме. Сенің орның ерекше.

29. Ең жақсы сыйлықтарды әуелі Анаңа, сосын әйеліңе, апайыңа қарындасыңа жаса, маған сыйлағаның сол болсын.

30. Үйленуге асықпа. Жар таңдаудан жаңылма! Таңдасаң, қадіріне жет!

31. Ұрпақ тәрбиесіне ең жауапты – сенсің, сосын ғана жарың. Ұлың өзіңнен озатын болсын! Қызың саған қарап, серігін тауып бақытты болсын.

32. Ердің аз міндеттерінің бірі – отбасын асырау. Саған сенгендерге ешнәрседен таршылық көрсетпе, бірақ ысырапшылдықтан да сақтан!

33. Барлық жақсы қасиеттің діңгегі – әдептілік. Барлық жақсыны әдептің үстіне орнат.

34. Кім қанша төмен түссе де, сен өз биігіңде қала біл!

35. Мықты екеніңді әуелі Анаң, сосын Әйелің мойындасын! Анаңның ризашылығын ал!

Балаларыңның анасын бақытты ет. Екеуінің саған риза болып өткені – мен үшін ұлы мадақ. Осының бәрін орындауға ұлыма зор денсаулық пен сау сана бер, Аллам!

Ahmet Halen деген ұлтжанды азаматтың жазғанынан алынып, қосымша ой қосып, өңделді. 13.07.2017.

Қазақ тарихы
№6 (153), тамыз, 2017

СТУДЕНТТЕРДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА ДАЯРЛАУ

(Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша)

Рахия ДӘРМЕНОВА,
Балжан НҰРБОЛАТОВА,
ҚазмемҚызПУ-дың оқытушылары

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана сезіміміз бен дүниетанымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. *«Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін»*, – деді Елбасы. Сонымен қатар, Президент болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатынын қадап айтты. *«Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғы шарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы»*, – деді Н. Назарбаев.

Жаһандық үдерістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін үдеріс. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді [1].

Жалпы орта білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының білім беру міндеті экономиканың тиісті бір саласында саналы түрде шығармашылықпен және өзін-өзі дамыта алатын мамандарды дайындау мәселесін бірігіп шешумен байланысты. Егер жоғары мектепте осы мәселе нақты шешілсе, жалпы білім беретін орта мектепте аталған мәселені шешудің алғы шарттары жасалады. Осыдан кәсіби білім беру үдерісін жалпы білім беретін мектептерге бағыттау қажеттілігі туындайды. Кәсіптік оқыту мамандығы студенттерінің педагогикалық білімін арттыру мәселесі қазіргі таңда кәсіптік білім мекемелері үшін ерекше маңызға ие болып келеді. Оқушылар өмірге

қажетті білімдер мен іскерліктерді және дағдыларды игеріп қана қоймай, сондай-ақ өндірістік іс-әрекетке қатысуы, одан әрі білімін жетілдіре алуы, оның ішінде жоғары оқу орындарында да білімін жетілдіре алуына мүмкіндік алуы тиіс. Бұл мәселе қазіргі заманғы үздіксіз білім беру тұжырымдамасын іске асыру барысында өзекті болып отыр. Демек, жоғары педагогикалық мектептер үшін білім берудің сабақтастығының маңыздылығы көкейкесті мәселеге айналып, орта мектепте алған жеке бір саладағы білімді тереңдету мен кеңейту, жоғары оқу орнында психологиялық-педагогикалық, әдістемелік түрде түсіндірілуіне назар аударылып отыр.

Қазір білім беру ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде өзгере бастады. Себебі ол дамыған мемлекеттердің өркендеуінің негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Сондықтан күні бүгінге дейін педагогикалық категория ретінде саналған *«білім беру»* ұғымы кең мағынада маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылуда. Білім беру мәселесімен тек педагогика ғылымы айналыспайды. Білім беруді философия, әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану, тағы басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар өз тұрғысынан қарастырып зерттейді. Сондықтан бұл ұғымның ауқымы кеңею үстінде.

Ата-бабаларымыздан асыл мұра болып қалған әлеуметтік тәжірибені, көп жылдық мәдениетті сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып меңгерту білім беру ұғымымен тығыз байланысты. Педагогикалық әдебиеттерде *«білім беру»* ұғымы 18-19-ғасырларда қалыптасып (Д.Локк, И.Г.Песталоцци), бүгінде педагогиканың жетекші категорияларының бірі болып табылады.

Заман талабына сай білім беру үдерісі үздіксіз сипатқа ие болып келеді. Әрине, білім беру үздіксіз болуы тиіс, себебі қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың жедел дамуына байланысты алған білімдер тез ескіруде, сондықтан адамзат баласы алған білімін үнемі толықтырып, жаңартып отыруы қажет. Білім беру ұғымының мазмұны да өзгерістерге ұшырап, жан-жақты кеңейе түсті. Педагогика ғылымында онын бірнеше анықтамалары бар. Кең мағынадағы *білім беру* – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға және өмірлік жолын құзырлы таңдауға, мүмкіншіліктерін кеңейтуге бағытталған үдеріс (А.Г.Асмолов). Сонымен, мамандықтардың кәсіби тобы – әлеуметтік жарамды әрекеттің тұрақты түрлері бойынша біріктірілген, соңғы нәтижесі, арнайы құралдарды, пәні бойынша ерекшеленетін мамандықтардың біртұтасы. Педагогикалық мамандық белгілі кәсіби топ шегіндегі әрекет түрі, ол білім алу нәтижесінде игерілген білім, іскерлік, дағдылардың біртұтастығын сипаттайтын және берілетін біліктілікке

сәйкес нақты кәсіби педагогикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді.

Педагогикалық мамандандыру – педагогикалық мамандық шегіндегі іс-әрекеттің нақты түрі. Ол нақты еңбек түрімен және маманның нақты функциясымен байланысты. **Педагогикалық біліктілік** – нақты міндеттерді шешуде маманның мүмкіндіктерімен сипатталатын кәсіби-педагогикалық даярлықтың деңгейі мен түрі.

Педагогикалық мамандықтар – «Білім беру» кәсіби тобына біріктірілген педагогикалық мамандықтардың дифференциациясының негізі, осы топ мамандықтары іс-әрекетінің объектісі мен мақсаты. **Педагогтардың кәсіби әрекетінің жалпы объектісі** – адам, оның жеке тұлғасы. Педагог пен оның іс-әрекетінің объектісі арасындағы қатынас субъект болып құрылады. Сондықтан бұл топтың мамандықтарын дифференциациялаудың негізі өзара әрекет құралдары ретінде байқалатын білім, ғылым, мәдениет, өнер саласы. **Мамандықтарды дифференциациялаудың тағы бір негізі** – жеке тұлға дамуының жас ерекшелік кезеңдері, яғни педагог пен дамып келе жатқан жеке тұлға арасындағы нақты қатынастың болуы. **Мамандықтарды дифференциациялаудың келесі бір негізі** – психо-физикалық және әлеуметтік факторлармен байланысты жеке тұлға дамуының ерекшеліктері (ес-ту, көрудің бұзылуы, ақыл-ойдың кешеуілдеуі, девиантты мінез-құлық, т.б.). Педагогикалық кәсіпті мамандандыру педагогикалық әрекет түрлерін көрсетуге және тәрбие жұмысының бағыттарына байланысты (еңбек, эстетика ж.т.б.).

Жалпы білім беретін мектептегі «Технология» пәні бұл түрлі ғылыми білімдерді синтездейтін (математикадан, физикадан, химиядан, биологиядан ж.т.б.) олардың өнеркәсіпте, энергетикада, байланыста, ауыл шаруашылығында сонымен қатар адам іс-әрекетінің басқа да бағыттарында пайдаланылуын көрсететін интегративтік білім саласы.

Мектепте технологиялық білім беру барысында оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне баулуда шығармашылығын дамытуды басқару мұғалімнен осы педагогикалық іс-әрекет түріне тиісті дайындығы болуын талап етеді. **Ол іс-әрекеттің мазмұнына мыналар енеді:** оқушыларды сәндік қолданбалы өнеріне баулудың мақсаты мен нәтижелерін жобалау; сәндік қолданбалы өнеріне үйретудің мазмұнын, әдістерін, құралдары мен формаларын іріктеу мен модельдеу; оқушылардың сәндік қолданбалы өнері шығармашылығын дамытудың жеке бағдарламаларын (бағыттарын) құрастыру; шығармашылық іс-әрекет барысында жоспарлау мен мониторинг жүргізу және т.б. Алайда, технология мұғалімдерінің көпшілігі әлі күнге дейін оқушыларды сәндік қолданбалы өнеріне баулу іс-әрекетін ұйымдастыруда қиындықтарды бастан кешіп отырғандығын мойындау керек.

Мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекеттің осы түрін өз бетінше меңгеруі тиісті оң нәтиже беріп отырған жоқ. Сонымен, мектепте өскелең ұрпақты еңбекке даярлау жүйесін дамыту қисыны оқушыларды сәндік қолданбалы өнеріне баулу тұрғысынан алғанда технология мұғалімдерінің педагогикалық білімін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді [3].

Технология пәні мұғалімінің оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне баулуда үздіксіз

педагогикалық білім алуының маңызы мынадан көрінеді: кәсіби даярлық кезеңінде оның бойына педагогикалық тәжірибенің шынайы жағдайларында қажетті білімдер мен дағдыларды өз бетінше алуға мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыру; өзінің кәсіптік шығармашылық әлеуетін жетілдіру; оқушылардың мектепте технологиялық білім алу жағдайлары мен мазмұнын дамытуға ықпал ету.

Мұндай жағдайларда технология мұғалімінің жетекші кәсіптік қасиеттеріне мыналар жатады: шығармашылық ойлауын дамыту; кәсіби белсенділік; ақпаратпен жұмыс істеудің әдіснамалық білімдері мен тәсілдерін меңгеру; іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруге дайындығы мен қабілеттілігі; кәсіби-тұлғалық даму мен жетілуге деген қажеттілік. Сондықтан, бүгінгі күнде технология мұғалімдерінің отандық білім беру жүйесіндегі жаңа идеялар мен өзгерістердің маңызын түсінуі және оны жастардың еңбек дайындығы барысында жүзеге асыруы ерекше сипат алып келеді.

Кәсіптік оқыту мұғалімдерін даярлау мазмұны (жекелеген оқу пәндері: педагогика, психология):

<i>Жалпы білім беретін пәндер</i>	<i>Кәсіптік базалық білім мазмұны</i>	<i>Мамандандыру пәндер мазмұны.</i>
-----------------------------------	---------------------------------------	-------------------------------------

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке тән мәдениет мазмұны:

<i>Оқушылардың технологиялық мәдениетін</i>	<i>Еңбекке дайындық бағытына тән технологиялық</i>
---	--

Оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау бағыты *«Оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерінде белгілі бір материалды пайдалануға студенттердің даярлығы», «Мектеп оқушыларын оқытуға болашақ мұғалімнің даярлығы»* ұғымдарын талдай келіп, *«Болашақ кәсіптік оқыту оқытушыларының технологиялық мәдениетін қалыптастыруға даярлығы»* деп, оқушылардың материалдық өндіріске сәйкес алған білімдерін түрлендіруші іс-әрекетке жарамды етуге, оқытуға және сәйкесінше сапалық қасиеттерді қалыптастырудағы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға, жүзеге асыруға, шығармашылық бастамасын дамытуға педагогикалық іскерліктер жүйесін теориялық тұрғыдан меңгеруді, практикада оларды жүзеге асыруға дайындығы.

Мұғалім – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Балаларды тәрбиелеуде, білім беруде тиімді жағдайлар жасау мұғалімге байланысты. Сондықтан кәсіптік оқыту мамандығының студенттерін даярлауда қойылатын талаптар студенттерді – ертенгі мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алматы ақшамы, №43, 13 сәуір 2017 ж. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.

2. **Жолдасбекова С.А.** Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімдерін кәсіби даярлау; монография.- Алматы: Әрекет –Принт, 2008, -330 б.

3. **Тұрғымбаева Б.А.** Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру жағдайында дамыту. Алматы-2005, 208 б.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНАН ШЫҚҚАН ДАНАЛАР

Мерген ӘБДІРОВ,
Облав мектеп-балабақша кешенінің тарих пәні мұғалімі

Жалпы мақсаты	Ортағасырларда қазақ даласынан шыққан Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари ғұламаларының өмірі мен еңбектері, тарихтағы алар орны туралы түсінік беру.	
Күтілетін нәтиже	1. Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқаридің өмір жолы мен еңбектерін сипаттайды. 2. Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари туралы білімдерін пайдаланып, кесте толтырады; 3. Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари ғұламаларының әлемдік мәдениетке қосқан үлесіне баға береді.	
Тапсырмалар	Маршруттық карта, салыстырмалы кесте, презентация қорғау, «Тарихи теннис», «Аяқталмаған сөйлем», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бас бармақ».	
Қажетті жабдықтар	Постер, фломастер, ақ парақ, бор, қалам, оқулық, сызғыш, қаламсап, интертақта, проектор.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Оқушылармен амандасып, түгендейді. Сергіту сәтін бимен өткізеді. Сұрақ қойудың техникаларын пайдаланады: «Өткен сабақта қандай мәселе қарастырдық?». «Өткен материалды қайталау» маршруттық карта ұсынылады. Жеке жұмыстану. Бағалау критерийлері оқушыларға белгілі. «Оқушылар тапсырма түсінікті ме?» түсіну дәрежесі бағаланады. Өзара бағалауды ұйымдастыру үшін, «Қазақ даласынан шыққан даналар» презентациясынан маршруттық карта бойынша дұрыс жауап нұсқаларын көрсетеді. Оқушылар суммативті бағаланады. «Маршруттық карта бойынша қандай сұрақтар туындады?» тапсырмаларды оқушылармен өзара талдайды.	Оқушылар сергіп, ынтымақтастық атмосферасы орнап, позитивті эмоциямен сабаққа кіріседі. Маршруттық карта бойынша жұмыстанып, білімдерін пысықтайды. «Бас бармақ» әдісімен түсіну дәрежесін көрсетеді. Жұмыстарымен алмасып, дұрыс жауаптарын сәйкестендіріп, критерийлерге сәйкес өзара бағалайды. Әр оқушы өз бағасын біліп отырады. Қателіктерін түсініп, талдайды.
Негізгі бөлім	«Ортағасырларда Қазақстан даласынан шыққан даналар» тақырыбын жариялайды. Сабақтың мақсаты: «Ортағасырларда қазақ даласынан шыққан Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари ғұламаларының өмірі мен еңбектері, тарихтағы алар орны туралы түсінік беру. Оқушыларды алдын ала тапсырма берілген Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари туралы презентация әзірлеп, қорғау. Бұл мақсатта оқушылар өз еркімен 3 топқа бөлінген. Әр топ кезекпен өз жұмыстарын қолдайды. Өзара бағалау ұйымдастырылады «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен Топтар өз презентацияларын қорғап болғаннан кейін, оқушылар жұптасып «Салыстырмалы» кестені толтырады. Әл Фараби. Жүсіп Баласағұни. Махмұд Қашқари Өмір сүрген кезі. Туған жері. Еңбектері. Негізгі мәні. Әлем мәдениетіне қосқан үлесі. «Қай жұп өзінің жұмысын, өзгелерге таныстырғысы келеді?». «Егер тапсырманы қайта орындасаң нені өзгертер едіңіз?». Өзара және өзін өзі бағалау ұйымдастырылады «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен. Әр жұптың жұмысын қарап шығып формативті бағалайды.	Тақырыптарына сәйкес топтық жұмысты орындап келіп, сынып алдында қорғайды. Әр топ бірін-бірі өзара бағалайды. Жұпта жұмыстанып, өзара талқылап және толықтып, кестені толтырады. Өз жұмыстарын сыныпқа ұсынып, әңгімелейді.
Қорытынды	-Оқушылардың түсіну дәрежесін анықтау үшін «Тарихи теннис» әдісін қолданады. -«Аяқталмаған сөйлем» әдісін пайдаланып, оқушылардың өзін-өзі бағалауын ұйымдастырады. -Үй тапсырмасы Батыс Қазақстан облысынан шыққан мәдени қайраткерлер туралы хабарлама дайындау.	-Оқушылар өзара жарысып, сабақта өтілген материал бойынша білімдерін ортаға салады. -Өзін өзі бағалайды. -Туған өлкенің тарихымен танысып, дүниетанымын кеңейтеді.

Батыс Қазақстан облысы, Бөрілі ауданы, Облав ауылы.

АНДРОН МӘДЕНИЕТІ

Жамила КӨЛБАЕВА,
Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-
интернаттың тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Андрон мәдениетін, қонысын, кәсібін, тұрмысын, баспаналарын, алакөл мен федоров мәдениеттерін талдау. **Дамытушылық:** қалай оқу керектігін түсіну, өз бетінше білім алуға бағыттау, табыс критерийлеріне жету. Оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдыларын дамыту. **Тәрбиелік:** топпен білесіп жұмыс істеуге, өзгенің ойын тыңдауға, өз ойын ашық айтуға, өзгеге білім беруге, ұқыптылыққа, нақтылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: оқулық, кестелер түрлері (сурет), маркерлер, слайд.

Сабақтың түрі: дәстүрлі емес.

Сабақтың әдісі: қалай оқу керектігін үйрену.

Сабақтың пәнаралық байланысы: бейнелеу өнері, физика, информатика.

Сабақтың барысы: I Психологиялық дайындық: **Уақыты:** 5 минут.

A) Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын реттеу.

Мұғалімнің іс әрекеті: оқушыларды шаттық шеңберіне тұрғызу.

Оқушылардың іс-әрекеті: «Құнды қасиет» әдісі бойынша бір-бірінің жақсы қасиеттерін айту. Оқушылардың ойын ашық айтуға, досының жақсы қасиеттерін аңғаруға дағдыландыру.

Шаттық шеңберінде тұрып төмендегі сөздерді ретімен айту:

I топ: Андрон мәдениеті.

II топ: Андрондықтардың қонысы.

III топ: Андрондықтардың баспаналары.

IV топ: Андрон мәдениетінің таралу аймағы.

Сөздер арқылы 4 топқа біріктіру.

II Ой қозғау. Ұй тапсырмасын сұрау: «Жаңғақ» әдісі. Уақыты: 10 минут.

§17-18 қола дәуіріндегі Қазақстан. Қола дәуірінің ерекшеліктері.

Мұғалімнің іс-әрекеті: Жаңғақтың моделі беріледі, әр оқушыны қамту мақсатында сұрақтар жазылған қиынды қағаздарды салу. Сұрақтарға жауап бергеннен кейін, қай оқушыда «жаңғақ» саны яғни сұрақ жызылған қима қағазы көп болса, сол оқушыға бағалау смайликтер беріледі. Оқушылардың сұраққа нақты жауап беруін дамыту.

Оқушылардың іс-әрекеті: Әрбір оқушы жаңғақтың ішінен бір қима қағазда өткен тақырыптың мазмұны бойынша 1 сұрақтан жазылған, қима қағазды алып сұраққа нақты жауап беруге дағдылану. Өзінің «Қалай оқу керектігін», өзін-өзі реттеуі дамиды.

1.Қола дәуірі қандай жылдық аралықты қамтиды?

2.Қола алу тәсілі қандай аймақта дамыды?

3.Адамдар ненің қоспасын жасауды тапты?

4. Мыспен қоланың қандай артықшылықтары бар?

5.Кімдер мысты табиғи түрінде қолданды?

6.Қай дәуірдің кеншілері мыс пен қалайы мол кенді өндірді?

7.Өндірілген кенді сол жерде не істеді?

8.Қандай еңбек құрылдары жасалды?

9.Бұл еңбек құралдары ненің артуына ықпал жасады?

10.Металл құралдар нені кеңінен пайдалануға әкелді? Қалған сұрақтарда осы тектес.

III Мағынаны таныту. Жаңа сабақты түсіндіру. Уақыты:10 минут.

§19-20 Андрон мәдениеті.

Мұғалімнің іс-әрекеті: «ДЖИГСО» әдісі арқылы тақырыпты топтарға беру, оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдыларын бақылау. Түйінді ойларын түсінікті тілде жеткізуін, өзгені оқыту арқылы білім сапасының көтерілетінін басты назарда ұстауға бағыттау.

Оқушылардың іс-әрекеті: тақырыпты түсініп, түйінді тұжырымдамалық ой жинақтап, бір-бірін терең тыңдалым орнатып нақты шешімге келе отырып постерге жазылым дағдысын іске асыру, ортақ бір пікірге келіп өзгелерге өз білгенін түсінгендігін үйрету арқылы білім сапасын дамыту.

I топ: Андрон мәдениеті.

II топ: Андрондықтардың қонысы.

III топ: Андрондықтардың баспаналары.

IV топ: Андрон мәдениетінің таралу аймағы.

Топтың аты бойынша тақырыпты бірінші 3 минут оқылым, 2 айтылым мен тыңдалым, 2 минут жазылым, 3 минут қорғау.

Оқушылар постер арқылы «Тұжырымдамалық карта» жазып қорғау, жаңа тақырыптың мазмұнын ашу, түсінгендіктерін айқындау.

IV Миға шабуыл: Уақыты: 10 минут.

I топ және II топ: «Суретке ену» әдісі. Қадағалау сұрақ: Біз нені көре аламыз?

I топ: Андрон мәдениеті.

II топ: Андрондықтардың қонысы.

III топ және IV топ: «Суретке ену» әдісі. Проблеманы шешетін сұрақ: қола дәуірінде ыдыс жасаудың қай түрі ерекше өрістеді?

III топ: Андрондықтардың баспаналары.

IV топ: Андрон мәдениетінің таралу аймағы.

Мұғалімнің іс әрекеті: суреттер беру. Оқушыларға өз ойларын еркін айта алатындай жағдай туғызу атмосферасын құру. Дарынды және талантты оқушыларға тиімді қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

Оқушының іс-әрекеті: тақырыптың түйінді тұжырымдардың арасында логикалық байланыстың бар екеніне көз жеткізу, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту іске асыру және ортақ бір пікірге келу.

Сабақты бекіту: Уақыты: 7 минут.

Мұғалімнің іс-әрекеті: «Жалғасын тап!» әдісін қолдану арқылы жаңа білімдерді есте сақтау, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалануды біледі. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал жасау, сын тұрғысынан ойлауға үйрету. Тілме қағаздың біріктіру әрекетін бақылау, нақтылау мақсатында осы сөйлемді оқушыдан кітаптан қай жерден алғанын, көргенін, оқығанын, есте сақтағанын нақтылауға пайдалану.

Оқушының іс-әрекеті: Бөлек-бөлек жазылған тілме қағазды сөздерді біріктіріп белгілі бір тақырыптық мағына беретін сөйлемдерді табу. Тақырыппен логиканың байланысын аңғару.

-Андрон тектес қола мәдениеті Орал (Жайық) өзенінен бастап, Енисей өзеніне дейінгі. Батыс Сібір орманды алқабынан бастап, Памир тауларына дейінгі аралыққа тараған.

-Андрондықтар мұрынды келген, бет сүйегі шы-

ғыңқы емес, көздері үлкен. Кескін кейпі ірі, дене құрылысы мығым, жігерлі, келбетті адамдар болған.

-Андрон тайпалары шаруашылық саласының бірін кен өндіру мен металл өңдеу құрады. Күнделікті тұрмысқа қажетті құрал-саймандар мен қару-жарақ жасау ісі бірте бірте металл өңдеудің дербес саласына айналды.

-Алакөл заманында, әсіресе, Қалба және Нарын жоталарындағы қалайы кеніштерінен көп кен

алынды. Солтүстік Қазақстан мен Алтайда алатын өндірісі жақсы игерілді.

Үйге тапсырма: §19-20 Андрон мәдениеті.

Түйінді тұжырымдама жасау.

Білімдерін бағалау.

Кері байланыс: бағдаршам әдісі. Мұғалімнің жылы сөзімен аяқтау.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Отырар ауданы.

АҚ ОРДА (XIII-XV ғасырдың басы)

Зина АТАБАЕВА,

Атамкекен орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Оқушыларға Ақ Орданың құрылуы, ішкі-сыртқы саяси жағдайы, шаруашылығы туралы түсінік беру. **Дамытушылық:** Оқушыларды тарихи оқиғаларға өз бетінше баға беріп, қорытынды жасауға дағдыландыру, топпен жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Тәрбиелік:** Өз отанына деген патриоттық сезімді тәрбиелеу. Тарих пәніне деген қызуғушылығын арттырып, оқушылардың белсенділігін көтеріп, өз бетінше сараптама жасай алатын тұлғаларды тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас.

Пәнаралық байланыс: география, математика.

Әдісі: Сұрақ-жауап, топпен, өз бетінше жұмыс.

Көрнекілік: Слайд, бейне таспа, карта, оқулық.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру. Амандасу. Оқушыларды түгендеу. Топқа бөлу. Әр топ өзін таныстырады.

1-топ. Білікшілер. **2-топ.** Уәзірлер. **3-топ.** Басқақтар.

II Үй тапсырмасын тексеру. Қазақ халқының өткен тарихы – ата-бабаларымыздың бостандық пен бақытты болашақ жолындағы ұзақта ауыр күресінің тарихы. Біздің еліміз бүгінгі даму деңгейіне бірден жете қойған жоқ. Осы ұлан байтақ жерді сыртқы жаудан қорғап қалу жолында ата-бабаларымыз жүздеген жылдар бойы шапқыншыларға қарсы ерлікпен шайқасты.

Бекіту сұрақтары:

1. Алтын орда қай кезде құрыла бастады?

2. Алтын орда деп аталу себебі не?

3. Алтын орда қандай мемлекеттермен жақсы қарым-қатынаста болды?

4. Алтын орда қай хандардың кезінде күшейе бастады?

Жылдар сөйлейді: 1115-1227, 1206, 1217, 1218, 1219, 1227-1255, 1236-1242, 1357-1380 осы жылдарда қандай маңызды оқиғалар болды.

Сөздікпен жұмыс: Білікшілер – іс жүргізушілер;

Даруғалар – салық жинаушылар;

Беклер бек – әскери істерді.

Уәзірлер – азаматтық билік.

Басқақтар – басқарушы жергілікті халыққа әскери бақылау жүргізеді, салық жинайды.

Үй тапсырмасын пысықтау: Алтын орда негізінде қандай хандықтар құрылды. **АЛТЫН ОРДА** – Ақ Орда; Астрахан хандығы; Ноғай ордасы; Сібір хандығы; Қазақ хандығы; Қырым хандығы.

III Жаңа тақырып: Ақ орда.

Сабақ жоспары:

1. Ақ орданың құрылуы, жер аумағы;

2. Ақ орданың ішкі-сыртқы саяси жағдайы;

3. Шаруашылығы.

-Мына сурет сендерге таныс па?

-Иә, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың резиденциясы, Ақ Орда деп аталады.

-Жақсы, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың резиденциясы не себепті Ақ Ода деп аталатыны туралы және 13-15 ғғ. Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген мемлекет туралы не білеміз?

Тақырыпқа байланысты видеоролик тамашалаймыз.

Кітаппен жұмыс: 3 топқа тапсырма беріледі, сол бойынша постер қорғайды.

1-топ. Ақ орданың құрылуы, жер аумағы.

2-топ. Ақ орданың ішкі-сыртқы саяси жағдайы.

3-топ. Шаруашылығы.

Сергіту сәті: “Көк тудың желбірегені” әні орындалады.

3-топқа тапсырмалар беріледі:

1-топ. Математикалық есеп. Есептің шешімінде қандай маңызды оқиға болды.

1. $(250 \cdot 4) + (600 : 2) + (81 : 9) + 70 = 1379$.

Тоқтамыс Темір Мәлікті жеңіп, Сығанақты алады.

2. $2000 - 1000 + 150 \cdot 2 + 95 = 1395$.

Ақ Орда тағына Ұрысханның тағы бір баласы Қойыршақ оғланды хан етіп қояды.

3. $(3000 : 2) - (8 \cdot 9) = 1428$.

Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік Жошының Шайбани әулетінің ұрпағы Әбілқайыр ханға тиеді.

2-топ. Венн диаграммасы. Алтын орда. Ақ орда.

3-топ. Адаққан әріптер. Осы хандар қай жылдары ел басқарған.

Баумәкр анх – Мүбәрак хан.

Даро енже – Орда Ежен.

Рақба анх – Барақ хан.

Ыңғысш нах – Шыңғыс хан.

Йытаб нах – Батыл хан.

Ырхйәбіл хан – Әбілқайыр хан.

Мыстаток нах – Тоқтамыс хан.

Зенер нах – Ерзен хан.

Екреб нах – Берке хан.

IV Сабақты қорытындылау. Сұрақтар қойылады:

-Ақ орданың алғашқы ханы кім?

-Картадан Ақ Орданы көрсетіп бер?

-Не себепті Ақ Орда әлсіреді?

V Бағалау. Әр топ бір-біріне баға береді. Сол бойынша бағалаймын.

VI Рефлексия. Бүгінгі сабақтан не үйрендім, не білдім, не ұнады. Стикерлерге қысқаша жазып, алма ағашына іледі.

VII Үйге тапсырма. Тақырыпты оқу. Ақ Орда хандарын ретімен жазып келу.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР

Светлана ӘБЕНОВА,

А.Байтұрсынұлы атындағы № 26 мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Қазақ хандығының аумағымен, қазақ хандығының этникалық аумағы туралы мәліметтермен оқушыларды жан-жақты таныстыру; Тарихи құжаттарды оқу арқылы оқушылардың қазақ хандығын құру туралы өз пікірлерін айтып, мәселені тарихи шындық тұрғысынан бағалау қабілеттерін қалыптастыру; Қазақ мемлекетін құрған Қазақ хандарының іс-әрекеттерін негізінде оқушыларды ұлттық патриоттық тәрбиеге баулу.

Сабақтың түрі: аралас.

Көрнекілік: карта, слайд, кесте, мультимедиялық проектор.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

Саяси хабарлама. Н.Ә.Назарбаев жолдауының 4-басымдығы. **Адами капитал сапасын жақсарту.** 2017 жыл 31 қаңтар.

II Ақылды доп. Сұрақ-жауап.

Мәлімет шындық па? Жалған ба?

-Шыңғыс хан заңы Жасақ Яса.

-Құрылтай жылына неше рет шақырылады.

-Қазақ хандығын құрған Әбілқайыр.

-Әбілқайыр қанша жыл хандық құрды.

-Жер иелену түрлері:

1.мемлекеттік 2. Інжу 3.вауф 4.шаруа жері.

Найб-ақыл – кеңес беруші.

Инақ – хан кеңесшісі.

Жасауыл – тәртіп қадағалаушы.

Іс-әрекет алгоритм бойынша.

Қазақ хандығы туралы білгенмін	Қазақ хандығы туралы білдім	Қазақ хандығы туралы білгім келеді

Не білеміз:

1. Өзара этникалық туыстығы.

2. Географиялық орны.

3. Шаруашылық мәдени байланыс.

4. Туыстық жақындасуы.

Ұй тапсырмасы: Тест тапсырмасы (орындағаннан кейін тест жауаптары беріледі).

Жауаптары: 1. а) 2. ә) 3. ә) 4. ә).

1. «Қазақ» атауы XIII ғ. Дейін қандай мағынада қолданылып келді?

а) еркін адамдар.

ә) жауынгерлер.

б) көшпенділер.

в) бақташылар.

2. Қазақ хандығының құрылуы туралы қай тарихшы жазды?

а) Әл-Фараби.

ә) М.Х.Дулати.

б) Рашид-ад Дин.

в) Иддисси.

3. Қазақ хандығының алғашқы ханы?

а) Жәнібек. ә) Керей. б) Бұрындық. в) Қасым.

4. Қазақ хандығы қашан құрылды?

а) 1444 ж. ә) 1465 ж. б) 1460 ж. в) 1470 ж.

Мәтінмен жұмыс. Топқа бөлу. Туған күндері бойынша.

1-топ. Қазақ хандығының аумағы (картамен жұмыс).

2- топ. Халқының этникалық құрамын анықтайды.

- Екі топ ауысып Постерге түсіреді.

- Оқып түсінгенін бір-біріне түсіндіру.

Өздері мәтінді оқиды, түсінгенін талдайды.

- Сараптау тобы: 180-бет ғылыми зерттеулер бойынша.

Ұй тобына білім алмастырамыз.

Рөлдік ойын: Керей мен Жәнібек. Шығыстың ұлылары. 66-бет, хан сайлануынан үзінді келтіреді.

Керей мен Жәнібек іс-әрекетіне баға беру.

Слайд: Керей мен Жәнібектің шығу тегі.

Инсерт – түртіп алу әдісі.

Джигсо (ұжымдық оқыту әдісі) «Мен үшін маңызды жаңалық».

Блум ойлау жүйесі бойынша:

1. Керей мен Жәнібектің алдарына қойған басты мәселелері:

Себебі: Қазақ хандығын саяси бытыраңқылықтан құтқару болды.

2. Керей мен Жәнібектің Батыс Жетісуға көшіп келуін жазған тарихшы.

3. Керей мен Жәнібек сұлтандардың Жетісуға ауысуы.

Себебі: Жетісу жеріндегі тайпа мен бірігу.

Нәтижесі: Тарихи маңызы.

4. Қазақ хандығын құрды: 1465 жылы Батыс Жетісу жері Қозыбасыда.

5. Қазақ хандығының этникалық құрамы қандай ру-тайпалардан тұрды: Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Қыпшақ, Найман, Керей, Маңғыт.

Қазақ хандығының құрылуы: сақ, үйсін, қаңлы, т.б. түркі тілдес тайпалар.

Қандай алапат жылдар болса да ұлан-байтақ өңірді иемдеген қазақ тайпалары ұлттық мемлекеттік дәрежеге жеткенінше атамекенін тастап басқа жаққа кетпеген.

Қазақтың ұлттық мемлекетті құрудың дүниежүзі алдыңғы қатарына жетті.

Қазақ мемлекеті құрылуының қандай тарихи маңызы бар?

Түйін сөз: *Тойнбидің* керемет сөзі бар:

Ол: «Ақсақ Темір – ұлы қолбасшы, мемлекет құрушы, бірақ ол жүйе құра алмады. Өзі өлген соң құрған мемлекеті қирады» дейді.

Ал Керей мен Жәнібек құрған хандық.

1465 жылдан (1847 ж.) 4 ғасыр өмір сүрді.

Жәнібек құрған атадан балаға мирас болып келеді. Қазақ хандығының құрылуы Қазақ хандығының тарихындағы төтенше маңызды оқиға болды. Қазақ тайпаларының басым басын шоғырландыруда.

Қазақ этникалық территориясын біріктіруде.

Және ел болып қалыптасуында біржолата аяқтауда аса маңызды рөл атқарды.

Рефлексия: 1. Қазақ хандығы аумағын картадан көрсет?

2. Этникалық құрамын ата: Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Қыпшақ, Найман, Керей, Маңғыт.

3. 2015 ж. қазақ хандығына неше жыл толды?

Үйге: І.Есенберлин «Көшпенділер» роман үзінді?

II Ой-толғау «Қазақ мемлекетін құрушы Керей мен Жәнібек».

Қарағанды облысы,

Қарқаралы ауданы,

Ақтерек ауылы.

ТӘУЕКЕЛ ХАН.

Хандықтың ішкі-сыртқы жағдайы

Женісбай СЕРІКБАЕВ,
Атамекен орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Тәуекел ханның кезіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты туралы оқушыларға жан-жақты түсінік беру. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, өз ойларын айтуға жетелеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы көреген саясатына оқушылардың назарын аударып, адамгершілікке, елінің, туған жерінің тарихын құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Оқулық, слайд, А4 қағазы, түрлі-түсті маркерлер, Қазақстанның саяси картасы, XV-XVII ғасырлардағы Қазақстан картасы.

Сабақтың түрі: аралас.

Әдісі: сұрақ-жауап, сәйкестендіру, балама тест, венн диаграммасы, жылдар сөйлейді, диалогтік оқыту.

Сабақ барысы: Мұғалімнің іс-әрекеті:

1. Ұйымдастыру.
2. Оқушының зейінін сабаққа аудару.
3. Мәтінді тарату.

I Үй тапсырмасын тексеру. 1-тапсырма.

1. Хақназар ханның ел басқарудағы жақсы қасиеттері қандай жетістіктерге жеткізді? 2. Хақназар ханның Моғол хандығымен соғыстары немен аяқталды? 3. Хақназар хан Ноғай Ордасындағы жағдайды қалай пайдаланды? 4. Хақназар хан мен Абдаллахтың арасындағы келісім қалай аталды? 5. Хақназар ханның Орыс мемлекетіне елшілік жіберудегі мақсаты қандай болды?

Жаңа сабақ: Өткен сабақта Хақназар ханның билігімен танысқан болатынбыз. Хақназар хан Бұқара ханы Абдаллахпен және өзбек сұлтаны Баба сұлтанмен екі жақты саясат ұстанды. Бұны сезіп қалған Баба сұлтан өзінің жансыздарын жіберіп, Хақназарды, оның ұлдарын, және ханның жақын сұлтаны Жалымды өлтіреді. Ендігі Қазақ хандығының тағы Жәнібек ханның немере інісі Шығайға бұйырды. Шығай хан тағына отырғанда 80 жастағы шал болатын. Ол билікке келе салысымен Хақназар хан мен Жалым сұлтанның кектерін алуға кірісті. Сондықтан Абдаллах ханмен одақ құрып, Баба сұлтанға қарсы жорыққа шықты. 1582 жылы Түркістан қаласының түбіндегі шайқаста Шығай хан және оның ұлы Тәуекел сұлтан Бұқара ханы Абдаллахпен бірлесіп жеңіске жетті. Бұған риза болған Бұқара ханы Абдаллах қазақ хандығына Ходжент қаласын тарту етті. Алайда осы жорықта Шығай ханның өзі де қаза тапты. Енді хандық билікті Шығайдың баласы, мұрагері Тәуекел сұлтан өз қолына алды. Тәуекел ханның билігі, ішкі-сыртқы саясаты турал мәліметті бейне материалдан көрейік. Электронды оқулықта 3 мин уақытта Тәуекел ханың билігі туралы айтылады. Тәуекел хан Бұқара ханы Абдолламен жасасқан шартты бұзып, қазақ және өзбек билеушілері арасындағы жаугершілік қайта қозды. Абдолла ханмен жасасқан одақтан Тәуекел ханның бас тартуының себебі, біріншіден, Абдолла әуелдегі Түркістаннан төрт қала беруі туралы уәдесінен бас тартты, екіншіден, Біздің ойымызша басты себеп, – Абдолла Тәуекел ханның беделінен, батырлығы мен батылдығынан қорқа бастайды, яғни Тәуекел ханнан өзінің бақталасы ретінде қауіп төнгенін сезді. Өйткені кезінде бүкіл Мәуереннахрды Тәуекелдің көмегімен Шайбани мемлекетінің қол астына біріктірген болатын. Тәуекел хан да Жошы ұрпағы болғандықтан, бүкіл Орта Азияны билеуіне толық құқығы болды.

1595 жылы елшіге орыс патшасының жауап грамотасы тапсырылды. Онда орыс патшасы Тәуекел ханға Қазақ хандығының «өзінің патшалық қол астына алатынын» және «оқ ататын қару» жіберетінін уәде етті. Сонымен бірге мынадай талап қойды: «біздің патшалық қоластымызда болғандықтан және біздің патшалық әміріміз бойынша Бұқара патшасымен және бізге опасыздық жасаған сібір ханы Көшіммен соғысып, біздің ұлы мәртебелімізге жол салатын боласыздар».

Орыс мемлекеті Қазақ хандығымен әскери одақ құрудан бас тартқанымен, Тәуекел хан орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасты үзген жоқ. 1595 жылы Мәскеуден орыс елшісі Вельямин Степанов Қазақ хандығына келді. Нәтижесінде екі мемлекет арасында сауда байланыстары жанданды. Бұл кезде ойраттардың бір бөлігі Тәуекел ханға тәуелді болды. Сондықтан ол өзінің Мәскеуге жолдаған грамотасында өзін «қазақтар мен қалмақтардың патшасы» деп атады. Осы кезде болған тарихи оқиғаның бірі Көшім хан билеген Сібір хандығының 1598 жылы жойылуы еді. Осыған дейін Сібір хандығының қол астына қараған қазақ тайпалары Қазақ хандығының құрамына келіп қосылды.

1-тапсырма: «Жылдар сөйлейді».

1580-1582 ж. – Шығай хан билігі.

1582-1598 ж. – Тәуекел хан билігі.

1583 ж. – Тәуекел хан өзбек ханымен жасасқан «ант беріскен шартты» бұзды.

1594 ж. – Тәуекел хан орыс патшасы Федорға елші етіп Құл-Мұхаммедті жіберуі.

1598 ж. – Тәуекел хан Мауараннахрға баса-көктеп кірді. Тәуекел хан Ақши, Искандер, Мүнши, Ташкент, Самарқан қалаларын басып алды.

1595 ж. Мәскеуден тілмәш Вильямин Степанов елшілігі жіберілді.

1582 ж. Тәуекел ханның қайтыс болуы және Сібір хандығының жойылуы.

Сәйкестендіру тапсырмасы.

1580-1582 ж.	А	Тәуекел хан билігі
1582-1598 ж.	Ә	Шығай хан билігі
1583 ж.	Б	Орыс патшасы Федорға елші жіберілуі
1594 ж.	В	Сібір хандығының жойылуы
1595 ж.	Г	«Ант беріскен шарттың» бұзылуы
1598 ж.	Ғ	Тілмәш Вильямин Степанов елшілігінің жіберілуі
Құл-Мұхаммед	Д	Мәскеуден келген елші
Вельямин Степанов	Е	Тәуекел хан жіберген елші
Абдаллах хан	Ж	Сібір ханы
Көшім хан	З	Өзбек ханы

III тапсырма: Венн диаграммасы

2-тапсырма: Балама тест.

IV Сәйкестендіру тапсырмасы.

1	1580-1582 ж.	А	Тәуекел хан билігі
2	1582-1598 ж.	Ә	Шығай хан билігі
3	1583 ж.	Б	Орыс патшасы Федорға елші жіберілуі

4	1594 ж.	В	Сібір хандығының жойылуы
5	1595 ж.	Г	«Ант беріскен шарттын» бұзылуы
6	1598 ж.	Ғ	Тілмәш Вельямин Степанов елшілігінің жіберілуі
7	Құл-Мұхаммед	Д	Мәскеуден келген елші
8	Вельямин Степанов	Е	Тәуекел хан жіберген елші

9	Абдаллах хан	Ж	Сібір ханы
---	--------------	---	------------

Рефлексия.

Бағалау.

Үйге тапсырма: Тәуекелхан. Тәуекел ханның сыртқы саясаты жөнінде шағын әңгіме жазу.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ Е.ПУГАЧЕВ БАСТАҒАН ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

Ақзила ДӘКЕШЕВА,
Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта білім беретін
мектептің жоғары санатты тарих пәні мұғалімі

Мақсаты:	Шаруалар көтерілісіне қазақ жүздерінің қатысу себептерімен танысу.	
Күтілетін нәтиже:	А) Көтеріліс туралы айтып бере алады. В) Көтеріліс кезіндегі негізгі оқиғаларды жүйелеп, салыстыра талдайды. С) қазақ халқының азаттық жолындағы талпынысына көтерілістің қосқан үлесін зерделейді.	
Дерек-көздер:	Қабылдинов З., Қайыпбаева А. Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 2016. – 320 б., тақырыптық карта, портреттер, таратпа материал.	
Сабақтың барысы		
Кезеңі	Тапсырмалар. Мұғалім әрекеті.	Оқушы әрекеті
Кіріспе.	Ұйымдастыру бөлімі, сабақ ұранын айту. «Алтын ережемен» таныстыру.	Амандасады
Тұсау кесер 11 мин	«Дискуссиялық өрнек» келісемін(орнында қалу) келіспеймін (орнынан тұру, себебін түсіндіру, дәлелдеу) 5 минут. 1.Орыс зерттеушісі И.Крафт Абылай туралы «Ресей, Қытай, <u>Башқұртқа</u> берілген боп көрінгенімен, ешкімге бас имеді» деген деректер қалдырған. 2.1771 жылы Әбілмансұр үш жүздің ханы болып сайланды. 3.1741-1743 жылдары Сабалақ жоңғар тұтқынында болды. 4. 1756 ж. Абылай хан <u>Жоңғар</u> үкіметімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға тырысты. 5.15 жасында Абылай сұлтан жоңғар басқыншылығына қарсы соғысқа белсене қатыса бастады. Өзін-өзі бағалау – «!/?» (берілген стикерге жазу). РАФТ тыңдау (үй тапсырмасы: Абылай хан) – 2 минут. «Суреттер сыр шертеді» (коллаж: А.С.Пушкин, Е.Пугачев, казактар, көтеріліс, казактардың киімі) – 2 минут. Бұл суреттер неден хабардар етеді? Күннің жадын, сабақтың тақырыбын жазу. «Стикердегі диалог» – 3 минут. Неліктен? Не себепті? Қалай? Қаншалықты маңызды? Дәлеліңіз қандай? сұрақтарын құрастырып, стикерге жазу, тақтаға ілу. Ендеше бүгінгі сабағымызда осы сұрақтарға жауап іздейміз.	Үй тапсырмасын бекітеді, Абылай рөлін сомдайды. Жаңа тақырып атауын болжайды. Сұрақты ойланып құрастырады.
Негізгі бөлім	Жұптық жұмыс – «ойлан, жұптас, бөліс». Кері байланыс – «Ақпараттағы ақаулық». I Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қазақтардың да қатысуының негізгі себептері: патша, көтеріліске қатысқандар, қазақтардың қатысу себептері (43-44 бб.). Емельян Пугачев, I Петр , жер мәселесі, манифест. II Қазақтардың көтеріліске қатысуы: 1773 ж., 1773 ж. аяғы, Нұралы, екі жақты саясат (44-45 бб.). Күпия, 400 адамдық жасақ, <u>жаяу әскер полкі</u> , 1000 сарбаз. III Орынбор – Гурьев, 1773 қазан – 1774 ж. наурыз, Досалы, Царицын, Астрахан, қолдау көрсеткен сұлтандар (45б.) Орынбор, <u>2000</u> , Царицын, Астрахан, Сейдалы. IV Қазақтар қатысқан шабуылдар , Орынбор, Абылай хаты (45-б. соңы – 46-бб.). Жайық қалашығы, Гурьев, Орс, Саратов, Пенза, <u>Алабұға</u> V Орта жүз , Жаңаөсіл, Троицк, Башқұрстан, 1774 ж. жаз (46-б.). Есіл, Тобыл, Звериноголов, <u>Кіші жүз</u> , Алабұға, Петропавл. VI Қазақ жасақтарының шаруалар көтерілісі жеңілгеннен кейінгі соғыс қимылдары: 1774 ж. тамыз, жазалау, С.Датұлы, Көктемір, тама, табын. Жеңіліс, жазалау шаралары, <u>Қ.Қасымұлы</u> , Көктемір, тама. VII Жеңілу себептері , тарихи маңызы: жеңіліс, Шекаралық экспедиция, жарлық, Орал, оң жақ (47-48 бб.). 1773 жылғы жарлық , Орал қалашығы, Орал казак әскерлері, Орал өзені. Өзін-өзі бағалау – «!/?» (берілген стикерге жазу).	Мәтінмен өз бетімен танысып, топта талдайды, берілген әдіспен сынып алдында түсіндіреді, тапсырманы ұсыну арқылы тақырыпты бекітеді.
Қорытынды	«Детальдарды қосу» – 3 минут. (Сөз тіркестерін біріктіріп, сөйлем құрастырып жеткізу). Е.Пугачев, Орта және Кіші жүз, көтеріліс. Аялдама, 1773-1775, Орал, қазақтар. Шаруалар, казак атаманы, музей, Достық 35. Өзін-өзі бағалау – «!/?» (берілген стикерге жазу). «Стикердегі диалог» айдарымен құрастырылып, стикерге жазылған сұрақтарға жауап беру – 2 минут. Пікірталас – 3 минут. - Осы көтерілістің қазақтар үшін пайдасы болды ма? Қалай ойлайсыздар? Иә-жоқ, дәлеліңіз. Өзін-өзі бағалау – «!/?» (берілген стикерге жазу). Рефлексия: «Жетістік экраны» – 2 минут? – тақырыпқа қатысты шешімін таппаған сұрақтарым бар, түсіндім деп айтуға қиналамын (Не себепті?). – сабақтан маңызды мағлұмат алдым, барынша қатыстым (Қалай?). ! – сабаққа өте белсенді қатыстым, тақырыпты толықтай түсіндім (Неліктен?).	Тапсырманы орындайды. Өзін-өзі бағалайды, сабаққа қатысты пікірін білдіреді.
Үйге.	§8, хрон. кесте – 1 минут.	Жазып алады.

Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы.

КЕНЕСАРЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Ақылқан ХАМИТҚОЖАЕВА,
Дарын мектеп-интернатының тарих пәні мұғалімі

Пәні:	Қазақстан тарихы			
Жалпы мақсат:	Кенесары Қасымұлының тарихи тұлға, саясаткер және дипломат екендігін дерек көздері арқылы сипаттау, ұстанған саясатын өмірмен байланыстыра отырып баяндау.			
Нәтижесі:	Оқушының өзіндік қиялына еркіндік беріледі, өзінше ой түйеді, салыстыра біледі және шығармашылық жұмыстар арқылы таным-түсініктері дамиды.			
Көрнекілігі:	АКТ, оқулық, саяси карта, дескриптор, тың деректер, анықтама сөздер, дескриптор.			
Әдіс-тәсіл:	«Болжау», ой қозғау, фишбоун, Эдвард де Боно «6 ойлау қалпағы», Kahoot. it. Анықтама сөздік, дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау, кері байланыс.			
Сабақ түрі:	Аралас.			
Пәнаралық байланыс:	География, саясаттану, математика, әдебиет.			
Жаңа сабақ	1. Ұйымдастыру. 2. Мақсат қою. 3. Жаңа сабақты түсіндіру. 4. Бекіту кезеңі 5. Оқушылардың білімін бағалау. 6.Үйге тапсырма беру.			
БЛУМ жүйесі	Мақсат	Тапсырма түрлері	Білім алушылардың іс-әрекеті	Уақыты
1. Білім	Жаңа ақпаратты ұғу, есте сақтау, білгенін еске түсіру.	Қызығушылығын ояту (сөздіктер арқылы орыс, ағылшын тіліне аудару). Ой қозғау «Шоқтығы биік көтеріліс» деп ойлайсыздар ма?	1-топ. Батыр – (Hero, герой), (Commander, Leader). 2-топ. Қаһарман – (Hero, герой), Дипломат -(Diplomatist, дипломат). 3-топ. Көтеріліс – (insurrection, вос- тания).	1 мин
2. Кіріспе (түсіну)	Өтіліп отырған жаңа тақырыпты түсіну, болжау. Түсінгенін тәжірибеде пайдалану.	«Болжау» әдісі бойынша сабаққа мақсат қоюды ұсынады, анықтама сөздікпен жұмыс жасау арқылы.	Тәуелсіздік (Independence, незави- симость). Тапсырманы тыңдайды, қабылдайды, еске түсіреді, ойла- нады.	2 мин
3. Қолдану		Фишбоун. 1-топ. Көтерілістің себептері. 2-топ. Фактілермен жауаптары. 3-топ. (Тарихи маңызын ай- тады).	Ой қозғау. («Шоқтығы биік көтеріліс» деп ойлайсыздар ма?). Фишбоун. 1-топ. Көтерілістің себептерін. 2-топ. Фактілермен жауаптарын. 3-топ. Қорытындылайды, тарихи маңызын айтады).	5 мин
4. Анализ (талдау)	Алған білімін салыстыру, нені есте сақтау керек екенін түсіну, ең мәндісін білу. Жеке бөлшектерді қайта жасау, сол арқылы ауызша немесе жазбаша шығармашылық жұмыс жүргізу. Алған білімін пайдалануға болатынын түсіну, оның құндылығын керектігін түсіну.	Мағынаны таныту топтық тапсырма беріледі. Эдвард де Боно «6 ойлау қалпағы» әдісі бойынша тапсырма беріледі, мәтінмен жұмыс жасау. Дескрипторды пайдалану арқылы	Шешім қабылдайды, түсінгенін ай- тады, бір күйден екінші күйге ауы- сады, жазады. Өзін бұрыннан білетін ақпараттар- ды іске қосады, соңғы нәтижеге жету үшін проблеманы шешеді. Ойланады, табылады, құрастырады, байланыс табады. Ойланады, табады, құрастырады, байланыс табады.	3 мин
5. Синтез (жинақтау)		Бекіту сұрақтары тапсырма береді Ой қозғау «Шоқтығы биік кө- теріліс» деп ойлайсыздар ма? Бағалау: (Критерийлер бойынша бағалайды). Дескриптормен.	Дәптермен жұмыс (тыңдайды керек жерлерді жазып алады). Өзара бағалау (парағы арқылы бағалайды). Kahoot. it. бойынша (10 сұрақтан тұратын тақырыптық тест).	12 мин
6. Бағалау				2 мин
Рефлексия	Не сәтті болды? Не сәтсіз болды? Қиындықтар, одан шығатын жолдары?)			2 мин
Үй тапсыр- масын беру.			«Тәуелсіздік тірегім» атты эссе жазу.	2 мин

Жамбыл облысы, Тараз қаласы.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЗАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

(Қысқа мерзімді жоспар, 10-сынып)

Ләззат ЖҰМАБЕКОВА
№163 орта мектептің тарих пәні мұғалімі,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері

Сабаққа негізделген оқу мақсаты	1.Қазақ халқының материалдық мәдени дәстүрі: киіз үй тарихы, отырықшы баспаналары, қазақтың дәстүрлі киімдері мен әсемдік заттары, ұлттық тағамдар, ыдыс-аяқ, әскери өнер, қару-жарақтары туралы өткен сыныптарда алған білімдерін жетілдіру, түсініктерін кеңейту, қазақ халқы мәдениетінің өшпес құндылық екеніне көздерін жеткізу, оны сақтай білуге үйрету. 2.Мәтінмен жұмыс істеу машығын, тарихи кезеңдердегі материалдық мәдени дәстүрлерді салыстыра отырып талдау жасау, мәдениетті жан-жақты қырынан тани білуге көмектесу, берілген тапсырма бойынша өздігінен реттелетін оқу дағдысын жетілдіріп, АКТ құзіреттілігін қалыптастыру. 3.Оқылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту.		
Оқыту нәтижелері	Барлық оқушылар: Қазақ халқының материалдық мәдени дәстүрі: киіз үй тарихы, отырықшы баспаналары, қазақтың дәстүрлі киімдері мен әсемдік заттары, ұлттық тағамдар, ыдыс-аяқ, әскери өнер, қару-жарақтары туралы өткен сыныптарда алған білімдерін жетілдіреді.		
	Оқушылардың басым бөлігі: Мәтінмен жұмыс істеу машығын, тарихи кезеңдердегі материалдық мәдени дәстүрлерді салыстыра отырып талдау жасау, берілген тапсырма бойынша өздігінен реттелетін оқу дағдысын жетілдіреді, қазақ халқы мәдениетінің өшпес құндылық екеніне көздерін жеткізеді, оны сақтай білуге үйренеді.		
	Кейбір оқушылар: Қазақ халқының материалдық мәдени дәстүрі: киіз үй тарихы, отырықшы баспаналары, қазақтың дәстүрлі киімдері мен әсемдік заттары, ұлттық тағамдар, ыдыс-аяқ, әскери өнер, қару-жарақтары тақырыбы бойынша тарихи деректерді пайдалана отырып, шығармашылық тапсырмалар орындайды, АКТ құзіреттілігін қалыптастырады.		
Негізгі сөздер мен тіркестер:	Қазақ халқының материалдық мәдени дәстүрі, киіз үй тарихы, отырықшы баспаналары, қазақтың дәстүрлі киімдері мен әсемдік заттары, ұлттық тағамдар, ыдыс-аяқ, әскери өнер, қару-жарақтары		
Ұлттық құндылықтар	«Мәңгілік ел» идеясы бойынша ұлттық бұйымдар туралы таным-түсініктері кеңейеді. Жұптық жұмыстарды орындау арқылы бірін-бірі тыңдай білуге дағдыланады.		
Әдіс-тәсілдер	СТО стратегиялары: Диалогтық оқыту. Жеке, жұптық, топтық жұмыс. Түрткі, сынамалы, қайта бағыттау сұрақтары. Кеңейтілген, деңгейлік тапсырмалар. Оқытуда АКТ құзіреттілігін дамыту. Жас ерекшеліктеріне сай оқыту. Критерий, дескриптор арқылы бағалау.		
Сабақтың барысы			
Уақыт	Жоспарланған жаттығулар		Ресурстар
Басталуы: (5 минут)	1. Ұйымдастыру, зейінді шоғырландыру кезеңі. Ынтымақтастық атмосферасы мен көтеріңкі көңіл-күй: (Наурызға тілек). Жұпқа бөлу. Тақырыптардағы тапсырмалар бойынша аудиторияда мұражай ұйымдастыруға ықпал ету. Үй тапсырмасы: §46. Қазақтың дәстүрлі үй кәсіпшілігі мен қолөнері. Пысықтауға арналған тапсырмалар: 1. Үй кәсіпшілігіне қандай кәсіптер жатады, олардың мәні қандай? 2.Киіз басу, тоқымашылық өнерлерінің қандай түрін білесіңдер? 3.Теріден жасалатын бұйым түрлерін атаңдар? 4.Ұста жасайтын бұйым түрлерін атаңдар. 5.Қазақтың қазіргі уақыттағы үй кәсіпшілігі.		Оқу құралдары.
Алдыңғы тақырып: (10 минут)			Оқулық, ғаламтор материалдары, бағалау парақшалары.
Ортасы: (20 минут)	Жаңа тақырып. § 47. Қазақтың дәстүрлі заттық мәдениеті. Оқылым бойынша: Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру үшін тақырып бойынша сұрақтар талқылау (мәтінмен танысу): Қазақ халқының материалдық мәдени дәстүрі. Айтылым бойынша: Қазақ халқының материалдық-мәдени дәстүрін қалай топтастыруға болады? Тыңдалым бойынша: Қазақ халқының материалдық мәдени дәстүрі. Киіз үй тарихы. Отырықшы баспаналары. Қазақтың дәстүрлі киімдері мен әсемдік заттары. Ұлттық тағамдар, ыдыс-аяқ. Әскери өнер. Қару-жарақтары. Берілген тапсырмаларды орындау, ақпарат алмасу. Жазылым бойынша: Тақырыптағы анықтамаларды есте сақтау үшін дәптерге жазу.		Оқулық, ғаламтор материалдары, постер, маркер, стикер, А4 парақ, дәптер.
Деңгейлік тапсырма: (5 минут)	Тапсырма №1. Қазіргі тұрмыста қолданылатын ұлттық материалдық мәдениет заттарын атап шығу (баяндау). Тапсырма №2. Мұражайдан алған білімдерің арқылы қазақ халқының материалдық мәдениетін сақтап, Отандық өнім ретінде насихаттауда не істер едіңдер? (ұсыныс даярлау). 1. Бүгінгі «Қазақстан – 2050» стратегиясындағы бағытымыз айқындалған дамыған 30 елдің қатарына ену. Ол үшін біздер яғни жастар, ұлттық бұйымдарымызды жаңғыртып дүние жүзіне жарнамалауымыз керек. Сол арқылы біз келешекте өз бірлік, ынтымақ, ортақ мүдде арқылы мәңгілік ел болып, тарих сахнасынан орын алмақпыз. 2. Ұлттық бұйымдарымыз, дәстүрлерімізді салт-санамызды, ұлттық ойындарымызды төл меншігіміз ретінде заңдастыруымыз керек. 3. Астанада өтетін «ЭКСПО – 2017» көрмесіне ұлттық негізде жасалған құрылыс, мәдени орындар (демалыс орны), киім үлгілері,тағам түрлерін ұсыну. 4. Өз брендымен (ұлттық нақ) ыдыс-аяқ, тұрмысқа қажетті, төсеніш кілем, сырмақ, түскиіз, ағаш төсектер, қазақ бесігі, киімі, қой, ешкі, түйе жүнінен тоқылған бұйымдар шығарып, қолданысқа енгізуді жақсы жолға қойсақ, шағын, орта бизнесті дамытуға, экспортқа шығаруға да жол ашылар еді. Тапсырма №3. Мәдениетім-мақтанышым! (Берілген тапсырма бойынша әлемдік мәдениетпен байланыстырып эссе жазу). Критериялды бағалау:		Ноутбук, ғаламтор материалдары.
	№	Критерийлер	Бағалау
	1	Тақырыптың мазмұны	5 балл
	2	Деректердің келтірілуі	5 балл
	3	Сөйлеу шеберлігі	5 балл

Аяқталуы: (5 минут)	Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі. Мұғалім жалпы сабақ барысына, оқушылардың жұмыстарына талдау жасайды, жұмыс орны жинастырылады.	Стикер, маркер
Үйге: (2 минут)	§47. Қазақтың дәстүрлі заттық мәдениеті.	Оқулық материалдары
Қосымша ақпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек (қолдау) көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Анағұрлым қабілетті оқушыларға жаттығуларды күрделендіруді қалай жасайсыз?	Бағалау-оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс. АКТ байланыстары. Құндылықтардағы байланыс.
Фармативті бағалау, бір-біріне түсіндіру және дұрыс нәтижеге бағыттау әдістері арқылы қосымша көмек көрсетемін. Деңгейлік тапсырмалар беру арқылы қабілетті оқушыларды дамытамын.	«Бармақ» әдісі бойынша, «Плюс-минус-қызықты» әдісі бойынша бағалау және критерий бойынша өзін-өзі бағалау немесе бірін-бірі бағалау.	Дүниежүзі тарихы, Қазақ әдебиеті, География (атлас, картамен жұмыс).
Рефлексия. Сабақ оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары сәтті болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Өз сабағыңыз туралы рефлексияны төмендегі бос орынға жазыңыз. (Сол жақтағы бағанада келтірілген сұрақтардың арасынан Сіздің сабағыңызға сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.)	
Қорытынды бағамдау: Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсарту алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? 1. 2.		

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.

ЕЛДІҢ ЖАҢА ОРТАЛЫҒЫ – АСТАНА

Айымкүл ҚАСЫМБЕКОВА,
Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі

Мақсаты:	Қазіргі елорда Астана қаласы жайында, оның тарихы, Алматыдан астананы Ақмолаға көшірудің алғышарты жайында оқушыларға жалпылама мағлұмат беру, елорда жайында білімдерін кеңейтуге жағдай жасау.		
Жалпы мақсат:	Тапсырмалар бойынша атқарушы ұғымын меңгерте отырып тапсырмаларды орындауда машықтандыру және тақырып ұғымын, түрлерін ажыратуға дағдыландыру.		
Нүтілетін нәтиже:	Оқушылар өз ойларын жүйелеп жеткізеді. Жаңаша тәсілдер арқылы пәнге қызығушылығы мен оқу қабілеттері артады.		
7 модульдің қолданылуы:	«АКТ», «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқытуды басқару және көшбасшылық».		
Әдіс-тәсілдер:	«Ой қозғау», «ДЖИГСО», Суреттер, «Пицца», «ЭКСПО-ға билет», «Бомба», «Тест»		
Ресурстар:	Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер.		
Ұйымдастыру кезеңі:	«Мозайка» әдісі бойынша сурет арқылы сыныпты топқа бөлу топқа бөліп психологиялық ахуал қалыптастырдым.	Оқушылар амандасады, шеңберге тұрып бір-бірімен амандасады. Әрбір оқушы суреттер арқылы өз жартысын тауып, шыққан сурет бойынша тиісті орнына отырады.	
Сабақ кезеңі	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім Қызығушылықтарын ояту.	Ой қозғау арқылы жылдам сұрақтарға жауап беру.	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы әр топты диалогқа түсіру. Өткен тақырып арналған үй тапсырмасын қайталауға 15 сұрақтар арнайы қойылып сұралады.	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырмаларды қатесіз топпен орындау, білімдерін тексеру. Топпен жұмыс жасап, жарыс арқылы сабаққа деген ынталары артады.
Түсіну	«ДЖИГСО» әдісі арқылы сұрақтар мен тапсырмалар беру.	Жаңа сабақты бастамас бұрын мағынаны тану мақсатында оқушыларға тапсырмалар беру.	Топтар оқулық материалдарынан және қосымша мәліметтерден алған мәліметтерін қосып постер құрады. Құрып болғаннан кейін басқа топтардың алдында қорғайды.
Қолдану	«Пицца» әдісін пайдалану бойынша тақырыпты меңгерту, тапсырмалар қолдану.	Бұл әдіс арқылы оқушы мен оқушы арасында пікір алмасу қалыптасты. Себебі: әр жұп түсінбеген немесе қиындық тудырған сұрақтарын бір-біріне қою арқылы жұптасып, жауап іздеп, талқылап, жаңа тақырыпты бірі-біріне түсіндіреді	Оқушылардың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. Әдіс бойынша жаңа тақырыпты меңгереді және сөз пікірлерін ортаға салады

Талдау	«ЭКСПО-ға билет» бойынша тақырыпты ашу үшін тапсырмалар.	Жаңа сабақты түсініп мағанасын ашу, ой қозғау мақсатында тапсырмалар беріледі. Ақ орда тобы: Сөйлемді толықтыр. 1.Қазіргі..... қаласының шетінде, өзенінің солтүстік алқабында ерте орта ғасырларда болған. Бұл тарихи ескерткіш..... жағалауын алып жатыр. Хан шатыр тобы: Ойлы болсаң-озып көр. 1.Қазіргі кезде Астана қаласының тұрғындарының саны қанша адамға жетті? 2.Астана рәмізі «Бәйтеректің» ұзындығы? 3.Ақмола қаласының атауы қай жылдан Астана болып өзгертілді? 4.Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғарышқа самғаған қазақ ғарышкері кім? 5.Қазақстан Республикасының гимні неше рет ауысты? 6.Қазақстан Республикасының Елтаңбасы мен Туының авторлары? Бәйтерек тобы. Кесте толтыру. Жылдар Болған оқиғалар: 1.1986 ж.- 2.1991 ж.- 3.1993 ж.- 4.1995 ж.- 5.1997 ж.- 6.1998 ж.- 7.1999 ж.-	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырмаларға жауап беріп, өз ой-пікірлерін білдіру.
Жинақтау:	Тест тапсырмалары арқылы сабақты жинақтайды.	Әр топтан 3 оқушы ортаға шығып 16 сұрақтарға жауап береді.	Топтар өз ара жарысады, ойларын ортаға салады, тақырыпты жинақтайды.
Бағалау:	Бағалау (2 мин). Үйге тапсырма: Астана туралы шағын эссе жазу.	Бағалау парақшасы мен бағалау шкаласын тарату.	Өзін өзі топпен бағалайды.
Рефлексия:	Стикерлерді толтыру.	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы.

Алматыда тамыз педагогикалық кеңесі секциясы өтеді

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласында «Қосымша білім беру саласын жаңғырту арқылы білім алушылардың қоғамдық санасын қалыптастыру» білім беру ұйымдар қызметкерлерінің Республикалық тамыз педагогикалық кеңесі секциясы өтеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Қазақстанның жаңғыруы 3.0 – білім берудің үлесі» Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлерінің республикалық тамыз педагогикалық кеңесі аясында **«Қосымша білім беру саласын жаңғырту арқылы білім алушылардың қоғамдық санасын қалыптастыру»** тақырыбында қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерінің секциясын өткізеді.

Секцияны өткізу барысында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген мемлекеттік бастамаларды іске асыруға бағытталған қосымша білім беру жүйесінің қызметі және оны әрі қарай дамыту келешегін талқылау жоспарлануда.

Секция жұмысына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, Мәдениет және спорт, Дін істері және азаматтық қоғам, Ақпарат және коммуникациялар министрліктерінің, **қосымша білім беру ұйымдарының** өкілдері қатысады.

Қосымша білім беру жүйесін сақтау және жаңғырту мәселелері бойынша тиімді диалог және мемлекетпен, қоғаммен және кәсіби бірлестіктермен қарым-қатынас үшін ашық алаң құру секцияның мақсаты болып табылады. Қазір республикада балаларға қосымша білім беру бойынша қажетті заңнамалық

және нормативтік құқықтық база құрылған.

Мектептен тыс қызметті 70 мыңға жуық педагог (мектептен тыс ұйымдарда 19 мың және мектептерде 50 мыңнан астам педагог) қамтамасыз етеді. 1285 мектептен тыс ұйым (32,5%), 52 мыңнан астам мектеп үйірмесі (33,3%) қызмет атқарады. Балалардың жалпы қамтылуы 65,8%-ды құрайды.

Өнер, музыка және көркемөнер мектептерінің 80-нен астам білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңартылды, қосымша білім беру ұйымдары үшін жаңа педагогикалық технологиялар қолданылған 35 бейнесабақ дайындалды, техникалық, туристік-өлкетану, көркем-эстетикалық бағыттар бойынша республикалық іс-шаралар ұйымдастырылуда, республиканың мектептен тыс 11 ұйымының үздік тәжірибесі жалпыланып енгізілуде.

Секция барысында патриоттық тәрбие беру, балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану, балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы бойынша қосымша білім беру педагогтері жұмысының тиімді тәжірибесі ұсынылатын болады, қосымша білім беру жағдайда ғылыми-адамгершілік құндылықтарды, бала тұлғасының әлеуметтенуін қалыптастыру және басқа да мәселелер қарастырылады.

Өткізу күні мен уақыты: Алматы қаласы, Достық көшесі, 24, Оқушылар сарайы, 2017 жылғы **7-8 тамыз**.
Телефондар: +7 (7172) 249-312; e-mail: irumcdo@mail.ru

САЯСИ МӘДЕНИЕТ

(Дүниежүзі тарихы. 11-сынып)

Гүлмира БЕКЕНОВА,
Амантоғай жалпы білім беретін орта мектебінің
тарих және құқық пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Оқушыларға саяси мәдениет туралы жүйелі білім беру. **Дамытушылық:** Сабақ барысында оқушылардың тарихи танымдық ойлау, талдау, салыстырып, қорытынды жасау және қабілеттерін дамыту. **Тәрбиелік:** Оқушыларды өздігімен жұмыс істеуге және жауапкерлікке тәрбиелеу

Алтын ереже: тыныштық сақтау, бір-бірінің ойын тыңдау, кедергі келтірмеу.

Сабақ түрі: СТО әдісі.

Қызығушылығын ояту. «Қарлы кесек» әдісі, «Иә» «Жоқ» тесті, сәйкестендіру.

Мағынаны тану. Түсіндірме дерек, ой шақыру, оқулықпен жұмыс, сөздікпен жұмыс.

Бекіту. «Өрмекші торы» әдісі.

Психологиялық дайындық.

Қайырлы күн болсын.

Сәттілікке толсын.

Біздің алар бағамыз,

Кілең бестік болсын!

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды түгендеу.

Үй тапсырмасын сұрау: «Қарлы кесек» әдісі.

1. Саясат дегеніміз не?

2. Саяси жүйе ұғымын қолданысқа енгізгендер кім?

3. Саяси жүйенің құрылымдық элементтерін ата.

4. Саяси жүйе дегеніміз не?

5. Ішкі саяси жүйеге не жатады?

6. Сыртқы саяси жүйеге не жатады?

7. Саяси жүйе қызметтерін ата.

8. Сыртқы ортамен қарым-қатынасына орай нешеге бөлінеді?

Бағалау. Әр жауапқа 1 балл. «Иә» «Жоқ» тесті.

1. «САЯСАТ» ОРЫС СӨЗІ....

2. «САЯСИ ЖҮЙЕ» ҰҒЫМЫ Х ғ. қолданысқа енді?

3. Саяси жүйе екіге жіктеледі?

4. Д.Истон АҚШ тың адамы...

5. Реттеу мен бақылау қызметке жата ма?

Бағалау. Әр дұрыс жауап 1 балл. Сәйкестендіру:

Тоталитарлық – бір адамның шексіз билігі.

Авторитарлық – тұлға құқықтарының басымдылығы.

Демократиялық – тұлға мен қоғамның бағынышты болуы.

Жаңа сабақ. Саяси мәдениет. Саяси мәдениеттің қалыптасуы.

Саяси мәдениет құбылысы саяси зерттеу объектісі ретінде ертеден-ақ танымал. Ең алғаш рет «саяси мәдениет» ұғымын қолданған, ғылыми әдебиетке енгізген СUIII ғасырда өмір сүрген немістің ағартушы-философы Иоганн Гердер (1744-1803 жж.) болып табылады. Иоганн Готфрид Гердер (1744-1803 жж.) неміс философ, ағартушы, жазушы және әдебиеттанушы, мәдениет теоретигі. Ол адамзат тарихындағы ең түбегейлі органикалық негізде өлі және тірі табиғат эволюциясы нәтижесінде адам мен қоғамның қалыптасуы жөніндегі теорияны ұсынды. «Адамзат тарихы философиясының идеялары» (1784-1791) атты төрт томдық еңбегінде

адамзаттың үздіксіз қарыштауы туралы жазды.

Саяси мәдениет құрылымы – ең алдымен қоғамның саяси өмірінің әр түрлі жақтарын бейнелейтін әдеттегі қалыптасқан түсініктер жатады. Ол саяси жүйе мен оның институттары, саяси тәртіп, билік тетіктері мен басқару, т.б. Саяси мәдениеттің келесі құрамдас бөлігіне саяси қазыналар мен құндылықтар жатады. Ол «еркіндік», «теңдік», «әділдік», т.б. сияқты байлықтардың қайсысына басымдық, артықшылық беруден байқалады. Келесі бөлігі – адамдардың мемлекетке, саяси партиялар мен ұйымдарға қатынасы. Саяси мәдениетке саяси бағдар ұстау да кіреді.

Саяси мәдениеттің қызметтері:

Бірегейлендіру. Бағдарлау. Бейімдеу. Интегративтік. Коммунативтік.

Саяси мәдениеттің типтері. Патриархалдық саяси мәдениет. Саяси мәдениеттің патриархалдық типіне жергілікті құндылықтарға – қауымдастыққа, руға, рулық қауымға, тайпаға т.с.с. азаматтардың бағдар алуы тән болып келеді. Сонымен патриархалдық мәдениетті ұстанған адамдар белгілі бір тұлғаға, көсемге, шаманға бағдар ұстанады. Бодандық саяси мәдениет

Саяси мәдениеттің басыбайлылық типі дегеніміз – мәдениеттің тәуелді және бағынышты болуы. Саяси мәдениеттің басыбайлы типі саяси институттары, мекемелері мен ұйымдары және т.с.с. бар қоғамдарға тән. **Қатынасу саяси мәдениеті.** Саяси мәдениеттің белсенділік типі дегеніміз индивидтердің саяси өмірге белсене қатысуымен ерекшеленетін саяси мәдениет болып табылады. Мұнда азаматтар сайлау арқылы өздерінің мүддесін білгірлікпен қорғайды. Мүдделер тобы, партиялар саясатты қалыптастыру процесіне ықпал етеді. Сонымен қатар олар саяси жүйеге өздерінің адалдығын, заңға мойынсұнушылығын және қабылданған шешімдерді құрметтеуін аңғартып отырады.

Сөздікпен жұмыс.

Интегративті – топтардағы құндылықтардың сақталуы.

Коммуникативті – қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан.

Патриархат – қоғамда, шаруашылықта, үйде, ер адамдардың рөлі үстем болуы.

Оқулықпен жұмыс. «Азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы арақатынасы» Венн диаграммасы арқылы тақырыпты қорғау.

Бағалау: Дұрыс жауап – 3 балл. Дұрыс 1-2 қатесі бар – 2 балл.

Толық емес 2-3 қатесі бар – 1 балл. Қате жауап – 0 балл.

Сабақты бекіту. «Өрмекші торы» әдісі.

Оқушылар сабақта түсінгендері бойынша бір-біріне сұрақтар қояды.

Сабақтың рефлексиясы. Мен бұл сабақтан алған тәлімім ... Маған ұнағаны... Маған ұнамағаны ...

Бағалау.

Үйге: 19-оқу. Сұрақтарға жауап жазып келу.

Қостанай облысы,
Амангелді ауданы.

КӨПҰЛТТЫ ҚОҒАМДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Салтанат ТҰРҒАНБЕКОВА,
Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Жалпы мақсаты: Қоғамдағы адамның рөлінің маңыздылығын түсіну, адамдардың көпұлтты қоғамдағы өзара әрекеттестігі әр адамның қолында екенін ұғыну.

Міндеті: Бірлігі берік, ұйымшыл халық болу әр тұлғаның ортадағы қоғаммен қарым-қатынасына байланысты екенін түсіндіру.

Оқыту нәтижесі: Теориялық білімдері кеңейеді,

өзіндік ой-пікір, тұжырым айтуға дағдыланады. Ұлттық санасы оянады. Өзінің қоғамдағы рөлін түсінеді, қоғамдағы татулық, сыйластық әр адамның мінез-құлқына байланысты екенін сезінеді.

Ресурстар: Ақпараттық құрал жабдықтар, қосымша деректер, ой қозғауға арналған слайдтар.

Пәнаралық байланыстар: Дүние жүзі тарихы, қазақ тілі, математика, дінтану, әдебиет.

Сабақтың барысы:

Уақыты	Бөлімдері, қолданатын әдіс-тәсілдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
2 мин 1 мин	I Ұйымдастыру	Амандасу, түгелдеу, бағалау парақтарын тарату Мегитация. (Жан дүниесін тыныштандыру).	Көздерін жұмып, ішкі дүниесін көру.
10 минут	II Үй тапсырмасын сұрау.	Дәйек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мағынасын ашып көр. Кемшіліктерін толықтырыңдар.	Оқушылар берілген дәйек сөздерді қатыстырып отбасы туралы үйге берілген мәтінді айтады. Бір бірінің кемшіліктерін толықтырады.
2 минут	Ой қозғау.	Екі топқа әр түрлі ұлттар бейнеленген суретті слайдтар көрсетіледі.	Оқушылар өз ойларын білдіреді. Жаңа тақырыпқа шығады.
5 минут	Жаңа тақырыпқа мақсат қою.	Оқушыларға мақсат қойғызамын.	Адамның көпұлтты қоғамдағы қарым-қатынасы.
10 минут	Мәтінмен жұмыс.	Екі топқа дәйек сөздер беріледі. Дәйек сөздер арқылы мәтінді түсініп көр. 14-тақырып, 108-бет.	Оқушылар кітаппен жұмыс жасайды, дәйек сөздерді пайдаланып мазмұнын түсіндіреді.
3 минут	Сергіту сәті.	Математикалық тренинг. Карточкадағы есептерді таңдап алып, екі топ кезек-кезек тақтаға шығарады.	Шыққан нәтижені мәтіндегі сандармен байланыстырады.
3 минут	Қосымша деректер.	Ноут бұта жазылған слайдтағы қосымша деректерге назар аудартамын.	Оқиды мағынасын ашып, қорытындылап отырады.
2 минут	Мақал-мәтелдер.	Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер беріледі. Жалғасын тап.....	Жалғасын тауып, мағынасын түсіндіріп отыру.
2 минут	Рефлексия.	Толеранттылық сөзінің өзіне сай мағынасын жазып шық яғни синонимдерін	Оқушылар жазып шығып дінтанумен байланыстырады.
1 минут	Үй тапсырмасы.	Осы тақырыпқа байланысты «Менің көршім орыс», «Менің досым армян», т.б. эссе жазып келу.	Күнделіктеріне белгілеп алады.
3 минут	Бағалау парағын толтыру.	Қорытынды баға шығарамын.	Әр бөлім бойынша өздеріне арнайы берілген бағалау парақтарын толтырады.
1 минут	Қорытындылау.	Қобдишадан әр түрлі зат алу арқылы бір сөзбен толеранттылықты білдіру.	Мысалы конфет алады, осы конфеттей тату-тәтті болайық.

Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Шабар ауылы.